

Нарзулла Жораев, Акбар Заманов

Өзбекстан тарихы

(Тәуелсіздік дәуірі)

Орта білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларына арналған оқулық.

1-басылым

*Өзбекстан Республикасы Халыққа
білім беру министрлігі бекіткен*

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2018

УЎК 94(575.1)(075.3)=222.8
КБК 63.3(50')уа721
J 96

Жауапты редактор:

Рахимов М.А. – Өзбекстанның қазіргі заман тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, тарих ғылымдары докторы, профессор

Пікір білдірушілер:

Маврулов А.А. – Тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Пулатова С.А. – Өзбекстанның қазіргі заман тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі, т.ғ.к., доцент;

Шамсиева И.М. – Өзбекстанның қазіргі заман тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент;

Жураев У.О. – Республика білім беру орталығының бөлім меңгерушісі;

Матлюбов А.А. – Самарқант Экономика және сервис институты құзырындағы Академиялық лицейдің директоры, фил.ғ.к.;

Хайдаров У. Ф. — Бұхара облысы Бұхара ауданыдағы 13-мамандандырылған мектеп-интернаты тарих пәнінің мұғалімі;

Аманова Ф.С. – Ташкент қаласы М.Ұлықбек ауданыдағы 248-мектептің тарих пәнінің мұғалімі;

Жураев, Нарзуллаев

Орта білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларына арналған оқулық / Авторлар: Н. Жураев, А. Заманов. 1-басылым. – Т.:Ғафур Ғулам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2018. – 144 б.

Осы оқулық Республика білім беру орталығы қасындағы Тарих пәні ғылыми-әдістемелік кеңесі және Өзбекстанның қазіргі заман тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістемелік орталығы Ғылыми әдістемелік кеңесі қаулысы негізінде баспаға ұсынылды.

Оқулықтың қолжазбасы ӨЗР ҒА Өзбекстанның қазіргі заман тарихы мәселелері бойынша үйлестіруші-әдістемелік орталығында, “Өзбекстан тәуелсіздікке жетуінің тарихи жағдай-шарттары: әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени шаралар” атты ПЗ–20170929749-жоба шеңберінде даярланды.

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен басылды.

УЎК 94(575.1)(075.3)=222.8
КБК 63.3(50')уа721

ISBN 978-9943-5292-6-7

© Н. Жураев, А. Заманов
© Ғафур Ғулам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2018

КІРІСПЕ

XX ғасырдың соңғы жылдары және XXI ғасырдың басында Өзбекстан тарихы үшін мүлдем жаңа бет ашылды. Ол тарихи дәуір ретінде түбегейлі бұрылыс оқиғасын бастап берді. Өзбекстанның кеңес жүйесі жағдайындағы соңғы жылдардағы және егемендік даму дәуірі халқымыздың бірнеше мың жылдық тарихында өзінің мазмұны, мәні, үдерістердің жылдамдығы, оқиға-жағдайлардың қарқындылығымен айрықша ерекшеленіп тұрады.

Оқулықта Өзбекстанның мемлекет тәуелсіздігіне жетуі, жаңа қоғамға өту дәуірінде саяси бет бұрылыстардың жүзеге асырылуы, Өзбекстанда құқықтық демократиялық мемлекеттің құрылуы, азаматтық қоғамның қалыптастырылуы, экономикалық қайта құруларды тереңдетуге тиісті шаралар, діни-рухани пәктену және ұлттық құндылықтардың қайта қалыптасуы мен Өзбекстанның дүние жүзі қоғамдастығынан лайықты орын алуы сияқты мәселелер айтарлықтай өз сипатын тапқан.

Көп мың жылдық даму жолын басып өткен және өткен кезеңде үлкен тарихи ілгерілеулермен бірге тоқыраулар және дағдарыстарға куә болған өзбек халқы өмірінде XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бастары маңызды мәнге ие болды. Сол дәуірде халқымыз жасаған ұлы жасампаздықтар, саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және рухани саладағы шексіз жетістіктер Өзбекстанның бұдан кейінгі болашақ күндерге жобаланған дамуына негіз болып қызмет етеді. Бұл дәуірдің мәні – бүтіндей жаңа құрылыс, жаңаша тұрмыс салты, заманалық дүние жүзі өркениеті талаптарына жауап бере алатын ақыл-ой қабілеті, ойлау мүмкіндігімен байланыстылығы айтарлықтай маңызға ие. Алайда тәуелсіздік дәуірі тарихи тұрғыдан қысқа болғанына қарамай, үстемдік құрылысты жою, кеңес жүйесі қыспағынан шығып кету, бүкіл бір халықтың тәуелсіздігі мен бостандығын қамтамасыз ету сияқты өте шиеленіскен, қауіпті де қатерлі, сонымен қатар абыройлы үдерісті бастан кешірді.

Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында басып өткен жолының мән-мазмұны және ерекшеліктерін әділетті бағалап, тәуелсіздік дәуірін төмендегі екі сатыға бөліп қарастыру мақсатқа сай болады. **1) 1991–2016**

жылдар. Бұл дәуірде ұлттық мемлекетшілік негіздері және әлеуметтік бағытталған нарықтық экономикасын жүзеге келтіруге қаратылған өтпелі кезеңнің алғашқы реформалар үдерісіне тұңғыш адымдар қойылды. Демократиялық дәстүрлер негізінде жаңа мемлекет басқару жүйесі – заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігі құрылды, сондай-ақ азаматтық қоғам негіздері жасалды, еркін нарықтық экономикасына өту бастады. 2000 жылдан мемлекетте белсенді демократиялық жаңару және жаңғырту үдерістері бақыланды. Атап айтқанда, күшті мемлекеттен – күшті азаматтық қоғамға сатылай өту міндеті қойылды. Нәтижеде мемлекеттің саяси және экономикалық өмірінде демократтандыру және либералдандыру үдерістері тереңдеді, адам ақы-құқықтары және бостандықтарын қорғаушы дербес сот жүйесі нығайтылды, азаматтық қоғам негіздері дамыды. 2010 жылдан бастап демократиялық қайта құрулар және мемлекетті жағдайға сәйкес өзгерту үдерісін тереңдете түсу мәселесі алға қойылды. Оның басталуы Өзбекстанның Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың мемлекетте азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократиялық қайта құруларды тереңдете түсу концепциясын жасауымен байланысты болып табылады. Сондай-ақ бұл дәуір мемлекет әкімшілігі мен басқаруын демократтандыра түсу, сот-құқық жүйесі, ақпараттандыру саласын қайта құру, сөз бостандығын қамтамасыз ету, сайлау заңдылығын жетілдіру, демократиялық базар қайта құруларын тереңдетуге бағытталғанымен сипатталады. 2) **2017 жылдан кейінгі жылдар.** Бұл дәуір тарихы 2016 жыл желтоқсан айында сайланған Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияевтің стратегиялық өркендеуге негізделген кең ауқымды жедел қайта құрулар дәуірі болып есептеледі. Нәтижеде өмірімізге жаңа сөздер, атап айтқанда, “халықпен пікірлесу”, “халық қабылханалары”, “виртуаль қабылхана”, “сыни талдау”, “қатаң тәртіп-тәрбие”, “арзан үйлер”, “технопарктер”, “өз балаңды өзің сақта”, “жол картасы”, “кепілді қауіпсіздік” сияқты ұғымдар кіріп келді және өміріміздің құрамдас бөлігіне айналды.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. 10-сыныпта қайсы дәуір тарихымен танысқан едің?
2. 11-сынып оқулығы қайсы дәуір тарихын қамтиды? Осы дәуірдің өзі қандай сатыларға бөлінеді?
3. Тәуелсіздік дәуірінің негізгі ерекшеліктері нелерден құралған?

І БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

1-тақырып. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің қолға енгізілуі

Тәуелсіздік Декларациясының қабылдануы. 1990 жыл 20 маусым күні Өзбекстан КСР Жоғарғы Кеңесінің II сессиясында Өзбекстан КСР-нің Тәуелсіздік Декларациясы қабылданды.

Тәуелсіздік Декларациясындағы «Өзбекстанның келешегі үшін тарихи жауапкерлікті терең сезінген күйде, халықаралық құқық ережелеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға және демократия принциптеріне негізделіп Өзбекстан КСР-інің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялайды» деген қатарлар тәуелсіздік үшін аттаған алғашқы адымды білдіретін еді. Осы Декларацияның қабылдануы Өзбекстанның тәуелсіздік үшін күресінің жаңа сатысын бастап берді. Бұл жалпымемлекеттік маңызға ие болған Декларацияны қабылдауда республика Жоғарғы Кеңесі депутаттары белсенділік танытты. «Тәуелсіздік Декларациясын» депутаттар баппен-бап, әрбір ұлт өз тағдырын өзі белгілеуі, Декларация ережесімен кепілдік беруін қайта-қайта атап өтті. Онда өзбек халқының ғасырлар бойы қолға енгізген мемлекеттік құрылысы мен мәдени өркендеу саласындағы бай тарихи тәжірибесі және дәстүрлері есепке алынуы ұқтырылды.

Тәуелсіздік үшін әрекеттердің белсенділігі. 1991 жылы 19–21 тамызда Кеңес Одағында мемлекет төңкерісі болды. Мемлекеттегі саяси үкімет аударылып, төтенше жағдай енгізілді және үкімет Төтенше



Ой жүгірту!

«Тәуелсіздік Декларациясы» кіріспе бөліміне төмендегідей жазып қойылды: «Өзбекстан Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі өзбек халқының мемлекет құрылысындағы тарихи тәжірибесі мен қалыптасқан бай дәстүрлері, әрбір ұлттың өз тағдырын өзі белгілеу құқықын қамтамасыз етуден құралған ұлы мақсат үшін, Өзбекстанның болашағы үшін тарихи жауапкерлікті терең сезінген күйде халықаралық құқық ережелеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға және демократия принциптеріне негізделіп, Өзбекстан Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялайды».



Төтенше жағдайлар мемлекет комитеті мүшелері.

жағдай мемлекет комитеті (ГКЧП – Государственный комитет по чрезвычайному положению) қолына өтті. Олардың мақсаттары Одақ аумағында жасайтын барлық халықтардың тәуелсіздікті қолға енгізулеріне жол бермеу еді. Осындай жағдайда Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесінің

Төрағалығы, Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті және Өзбекстан КСР Президенті құзырындағы Уәзірлер Мекемесі 1991 жыл 21 тамызда біріккен жиналыс өткізіп, онда «КСРО ТЖМКнің Өзбекстан КСР Конституциясы және заңдарына қайшы құжаттары Өзбекстан аумағында қолданылмайды», - деген қаулы қабылдады.

Ал 1991 жыл 25 тамыз күні Өзбекстан КСР Президенті мемлекетіміздің толық тәуелсіздігі жолында ірге тасын қойған тағы бір маңызды Жарлықты жариялады. Жарлықта атап өтсек, былай делінеді:

«Мемлекетте жүзеге келген жағдайды ескеріп және республика мүдделерін қорғау мақсатында Республика Ішкі істер министрлігі және Мемлекет қауіпсіздік комитеті Өзбекстан КСР-ның заңды иелігіне алынсын. Республика аумағында орналасқан КСРО Ішкі істер министрлігінің ішкі армиясы тікелей Өзбекстан КСР Президентіне бойсұндырылсын.

Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі Төрағалығына өте қысқа мерзімде Республиканың мемлекет тәуелсіздігі туралы заң жобасын даярлау және оны Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс сессиясы талқылауына тапсыру ұсынылсын».

Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесі 1991 жыл 26 тамыз күні Өзбекстанның мемлекет тәуелсіздігі туралы заң жобасын даярлау және 31 тамызда Жоғары Кеңес сессиясын шақыруға қаулы етті.

Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті және Орталық бақылау комитетінің 28 тамызда болған біріккен Пленумы Республика Компартиясының СОКП ОК-мен кез келген байланысын тоқтатуға, СОКП-ның барлық ұйымдарынан шығуға, оның Орталық мекемелеріндегі өз өкілдерін шақырып алуға қаулы етті.



Өзіңді сынап көр!

ТЖМК – бұл 1991 жыл 25 тамыздағы жарлық – бұл ...
1990 жыл 20 маусым – бұл ... Тәуелсіздік Декларациясы – бұл ...

Осындай жағдайда XII шақыру Өзбекстан Жоғары Кеңесінің кезектен тыс VI сессиясы 1991 жыл 31 тамызда өз жұмысын бастады.

Онда «Өзбекстан Республикасының Мемлекет тәуелсіздігі туралы» мәселе күн тәртібіне қойылып, қызу талқыланды. Сессияда Өзбекстанның Тұңғыш Президенті Ислам Каримов сөз сөйлеп, бұрынғы Одақта соңғы кездерде жүзеге келген әлеуметтік-саяси оқиғалардың салдарларын талдап, олар Өзбекстан тағдырына тікелей тиісті екендігін негіздеп берді. Жағдайдан туындаған күйде, Өзбекстан



И.Каримов тәуелсіздікті жариялап тұр.

Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады және оны «Тәуелсіздік негіздері туралы» Конституциялық заңмен нығайтуды ұсынды. Жоғары Кеңес депутаттары баппен-бап талқылаудан соң, «Өзбекстан Республикасының Мемлекет тәуелсіздігі негіздері туралы» заңды қабылдады. Содан соң «Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Жоғары Кеңес Мәлімдемесі» қабылданды.

«Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі негіздері туралы» заң өте үлкен маңызға ие еді, бұл заң негізінде Өзбекстанның



Есінде сақта!

«Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау туралы» Жоғары Кеңес қаулысында: Республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Жоғары Кеңес мәлімдемесі бекітілсін және республика бұдан былай Өзбекстан Республикасы деп аталсын; 1 қыркүйек Өзбекстан Республикасының Тәуелсіздік күні деп белгіленсін және 1991 жылдан бастап бұл күн мереке және демалыс күні деп жариялансын, деп белгілеп қойылды.

құқықтық жағдайы түпкілікті өзгерді. 17 баптан құралған бұл заң суверен Өзбекстан Республикасының негізгі белгілерін анықтап берді.

Отанымыз тарихы беттеріне алтын әріптермен жазылатын сол күндерге назар аударсақ, ол кезде жас, тәуелсіз Өзбекстан үкіметі мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік, рухани дамуы үшін шешуші маңызға ие болған көптеген маңызды құжаттар қабылдағанының куәсі боламыз. Мысалы үшін, 5 қыркүйекте қол қойылған Ташкент қаласындағы Ленин атындағы алаңды Тәуелсіздік алаңы деп атау туралы, 6 қыркүйек күні қол қойылған «Өзбекстан Республикасы Қорғаныс істері министрлігін түзу туралы» Президент жарлықтары мен тағы басқа маңызды саяси құжаттар солардың қатарынан болып табылады.



Дербес жұмыс.

Төменгі сыныптарда алған білімдеріңе сүйеніп және қосымша әдебиеттерден пайдаланып, Тәуелсіздік алаңының бүгінгі күнге дейінгі жағдайлары мен міндеттерін сипаттап бер.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының қабылдануы. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізген соң, табиғи түрде мемлекет тәуелсіздігі мен суверенитетін Конституция негізінде нығайту қажеттілігі жүзеге келді. Өзбекстанның жаңа Конституциясын даярлау идеясын алғаш Ислам Каримов тарапынан 1990 жылдың наурыз айында алға қойды. 1990 жылы 20 маусым күні болған Өзбекстан Жоғары Кеңесінің II сессиясында жаңа Конституция жасау керек, деген шешімге келінді. Сессия Өзбекстанның Тұңғыш Президенті Ислам Каримов басшылығында 64 адамнан құралған Конституция жобасын даярлау бойынша комиссия түзу туралы қаулы қабылдайды. Комиссия құрамына Жоғары Кеңес депутаттары, Қарақалпақстан Республикасы және облыстардың өкілдері, мемлекет, қоғамдық ұйымдары мен шаруашылықтардың басшылары, ғалымдар, мамандар енгізілді.

Конституциялық комиссия Өзбекстан Республикасының Конституциясын жасаумен 2,5 жыл шұғылданды. Жобаның алғашқы нұсқасы 1991 жылдың қазан-қарашаға дейін дайын болды. Оның алғашқы алғы сөзі, алты бөлім және 158 баптан құралған еді. Бұл жоба әлі толық аяқталмағандықтан, оның үстінде тағы да салмақтырақ және талапшандықпен істеу керек еді.

Ал 1992 жылы көктемде жобаның 149 баптан құралған екінші нұсқасы жасалды. 1992 жылдың күз айларында Өзбекстан Республикасының Конституциясы жобасы жалпыхалық талқылауы үшін 2-рет баспада жарияланды. Жалпыхалық талқылауы кезеңінде 6 мыңнан астам ұсыныс пен ой-пікірлер білдірілді.

1992 жыл 8 желтоқсанда XII шақыру Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің XI сессиясы болды. Онда мемлекеттің Негізгі Заңын қабылдау мәселесі талқыланды. Сессияда депутаттар жобаға 80-ге жуық өзгеріс, қосымша және айқындықтар енгізді. Сол күні Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің XI сессиясы «Өзбекстан Республикасының Конституциясын қабылдау туралы», «Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданған күнді жалпыхалық мерекесі деп жариялау туралы» заңдарды қабылдады.



Есінде сақта!

Өзбекстан Республикасының Конституциясы 6 бөлім, 26 тарау, 128 баптан құралған. Ол «Тәуелсіздік Декларациясы», «Өзбекстан Республикасының Мемлекет тәуелсіздігі негіздері туралы» Заңда нығайтылған қағидалар және идеяларды өз ішіне толық жинақтады.

Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы. 1991 жыл 15 ақпанда Өзбекстан Жоғары Кеңесі «Өзбекстанның Мемлекет рәміздері туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Қаулыда былай дейіледі: «Тәуелсіздік туралы Декларацияға негізделіп Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі қаулы етеді: Өзбекстан КСР Конституциясы (Негізгі Заңы)ның жаңа жобасын даярлаушы комиссияға Өзбекстан КСР-ның Мемлекеттік жалауы, Елтаңбасы және Әнұранына тиісті ұсыныстар және олар туралы Ережелер даярлау тапсырылсын. Комиссия республика жұртшылығы мен депутаттардың пікірлеріне сүйеніп жұмыс жүргізісін».



Жалау.

Өзбекстан дербес мемлекет деп жарияланған күннің өзінде-ақ тәуелсіз мемлекет рәміздерін қолдану бойынша іс жүзіндік шаралар көрілді. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы, республика елтаңбасының нұсқасы және Мемлекеттік әнұранның саздық



Елтаңба.



Абдулла Арипов.



Мутал Бурханов.

мазмۇنى туралы арнаулы қаулы қабылданды. Онда Конституция комиссиясының сарапшы тобына Мемлекеттік жалаудың варианттарымен жұмыс жүргізуді жалғастыру, Жоғары Кеңестің тиісті комитеттеріне Конституция Комиссиясы шығармашылық тобымен ынтымақтастықта Мемлекеттік жалау, әнұран жайында заң жобаларын жасап, кезектегі сессияға ұсыну тапсырылды.

Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1991 жыл 18 қарашада өткен VIII сессиясы «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік жалауы туралы» заң қабылдады.


1992 жыл 2 шілде де Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің X сессиясында «Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» заң қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1992 жыл 10 желтоқсанда болған XI сессиясында «Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны туралы» заң қабылданды. Сессияда ақын Абдулла Арипов (1941–2016) және сазгер Мутал Бурханов (1916–2002) даярлаған әнұран варианты бекітілді.



Ой жүгірту!

Түркия Республикасында Мемлекет әнұранын жазған ақынға қатысты “Ұлттық ақын” мәртебесі берілген. Әнұран мәтіні авторына мұндай атақ берілу немен байланысты? Пікіріңді білдір!



Терминдер түсінігі:

Сессия – (лат. sessio — мәжіліс, жиналыс) жұмыс, айналысуы кезеңдік түрде амалға асырылатын өкілетті мекемелердің, сот немесе қоғамдардың жұмыс, жиналыс өткізетін кезеңі.

Депутат – (лат. deputatus — өкіл етілген, жіберілген) өкілетті мемлекет мекемесіне сайланған адам, өкіл.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздікті жылдамдатқан қозғаушы күштер нелерден көрінеді?
2. Дәптеріңе 1991 жыл тамыз айында болған және Өзбекстан тәуелсіздігіне алып келген 3 маңызды оқиғаны жаз және түсінік бер.
3. Өзбекстан Республикасы Конституциясының жасалу үдерісі қанша уақытқа созылды. Алған білімдеріңе сүйеніп, оның жасалуын басқыштарға бөліп кезендестір.
4. «Тәуелсіздік Декларациясы» және «Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік негіздері туралы» заңды тауып, екі кестеде бірдей мазмұнды өлшемдер мен айырмашылығын жаз.

Құжат аты	Ұқсас өлшемдер	Тек Декларацияда бар баптар	Тек заңда бар баптар
«Тәуелсіздік Декларациясы»			
«Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік негіздері туралы» заң			

5. Ислам Каримовтың Өзбекстан басшысы ретіндегі бастапқы саяси адымдарының тарихи маңызы неде? Пікіріңді дәлелде!

2-тақырып. Өзбекстан Республикасы ұлттық мемлекетшілігінің қалыптасуы және дамуы

Президенттік институтының қалыптасуы. Өзбекстан тәуелсіздік алған соң мемлекетті басқарудың жаңа заманалық және тиімді жүйесі – Президенттік басқару формасын дамытуға кірісті.



Есінде сақта!

Бүгінгі күнде БҰҰ-на мүше болған 193 мемлекеттен 143-інде Президенттік лауазымы енгізілген.

1990 жыл 24 наурызда Өзбекстан Республикасында президенттік институтының жүзеге келуі еліміз ұлттық мемлекетшілігінің дамуында мүлдем жаңа кезенді бастап берді. 1990 жыл 1 қарашада қабылданған Өзбекстан Республикасының «Өзбекстан Республикасында атқару және басқару әкімшілігінің түзілісін жетілдіру, сондай-ақ, Өзбекстан КСР Конституциясы (Негізгі Заңы)на өзгеріс және қосымшалар енгі-

зу туралы» заңмен мемлекетті басқарудың үйлесімді жүйесін жасау, заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшілігін бір-бірінен қатаң айырып қою маңызды екенін есепке алып, президенттік әкімшілік пен Министрлер Кеңесінің атқару-басқару әкімшілігі қосып жіберілді. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кеңесі Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы Министрлер Кабинетіне айналдырылды. Өзбекстан Республикасы Президенті ендігі кезеңде Министрлер Кабинетінің Төрағасы болуы, Өзбекстан Республикасы Президентінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кеңесінің аппараты Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы бір аппаратқа біріктірілуі белгіленді.

Бұл заң елімізде мемлекетті басқару формасы – президенттік республикасына негізделуін нығайтып қойды. Президенттік институты түзілген соң, мемлекетімізде кең ауқымды қайта құрулар басталды. 1991 жыл 18 қарашада елімізде президенттік сайлауларды ретке келтіретін «Өзбекстан Республикасы Президентін сайлау туралы» Заң қабылданды. Соның негізінде, 1991 жылы 29 желтоқсанда Өзбекстан Республикасы Президенттігіне баламалық негізде сайлау болып өтті.

Жоғары лауазымға екі үміткер – Өзбекстан Халық демократиялық партиясы және Өзбекстан кәсіподақтары Федерациясы үміткері Ислам Каримов және «Ерік» Демократиялық партиясы өкілі Салой Мадаминов (Мухаммад Салих) үміткері қойылды. Сайлаулар қорытындысына қарай дауыс беруде қатысқандардың 86 пайызы Ислам Каримов үміткерлігін, ал 12,3%-ы Салой Мадаминов үміткерлігін жақтап дауыс берді. 1995 жыл 26 наурызда Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі қаулысына сәйкес Өзбекстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімін 1997 жылдан 2000 жылға дейін ұзайту мәселесі бойынша жалпыхалық референдумы болып өтті. 2000 жылы 9 қаңтарда Өзбекстан Республикасы Президентіне сайлау өткізілді. Ислам Каримов Өзбекстан Республикасы Президенттігіне баламалық негізде өткізілген сайлауда Өзбекстан



Ой жүгірту!

“Мемлекет және құқық негіздері” пәнінен алған білімдеріне сүйеніп, төмендегі жағдайды түсіндір! 2011 жыл Өзбекстан Республикасы Конституциясына өзгерту және қосымшалар енгізілді. Ол бойынша, Президенттің өкілеті 7 жылдан 5 жылға қайтарылды.

Президенті етіп сайланды. 2002 жыл 27 қаңтарда өткен референдумда президенттік лауазымы өкілеті 5 жылдан 7 жылға ұзайтырылды. 2007 жыл 23 желтоқсанда өткен сайлауда 88,1 пайыз дауыспен Ислам Каримов 7 жылға сайланды. Өзбекстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімі 2015 жыл желтоқсанда аяқталуына байланысты Президенттік лауазымына сайлау өткізілді.

2015 жыл 29 наурыз күнгі президент сайлауында Ислам Каримов 90,39 пайыз дауыспен жеңіске жетті.

2016 жыл 2 қыркүйекте Ислам Каримов ауыр сырқаттан қаза тапты. Соған байланысты кезектен тыс жалпыхалық президенттік сайлау өткізілді. 2016 жыл 4 желтоқсанда Өзбекстан Конституциясы және «Өзбекстан Республикасы Президенті сайлауы туралы» заңға сәйкес баламалы және саналы бәсеке негізінде Президенттік сайлауы өткізілді. Онда 88,61% дауыспен Бас министр Шавкат Мирзияев Президент етіп сайланды.




Өзіңді сына!

Президенттік республикасы – бұл ... Әкімшіліктің бөлінуі – бұл ...
Ислам Каримов – бұл ... Шавкат Мирзияев – бұл ...

Өзбекстан Республикасының Жоғарғы Мәжілісі. Тәуелсіздікті қолға енгізген бастапқы күндерде-ақ Өзбекстанда демократияны дамыту үшін қазіргі заман дүние жүзі стандарттарына жауап бере алатын тиімді және істемпаз парламентті қалыптастыру қажеттілігі жүзеге келді.

Демократиялық принциптер мен Өзбекстан Республикасы Конституциясының үшінші принципі – мемлекет әкімшілігінің үш салаға бөлінуі тұрғысынан Өзбекстан мемлекет әкімшілігі жүйесі заң шығарушы, атқарушы және сот әкімшіліктеріне бөлінуі заңдастырылды.



Үш әкімшіліктен әрқайсысының қызметі дербес болып, сонымен қатар бір-бірімен тығыз байланысты болып табылады. Президент үш әкімшіліктің қызметін үйлестіруші дербес мекеме болып есептеледі.

Парламентаризмнің дамуы сатылай іске асырылып отырылды. Өзбек парламентаризмі тарихына назар аударсақ, 1990–1994 жылдарда мемлекетіміз парламенті Жоғары Кеңес атымен аталып, 150 депутаттан құралған еді. 1995–2004 жылдарда Олий Мәжіліс атымен аталған 250 депутаттан құралған бір палаталы парламент қалыптастырылды. Бір мандатты аумақтық сайлау округтарынан сайланған депутаттар құрамында Халық демократиялық партиясынан, «Адолат» социал-демократиялық партиясынан, «Ватан тараққиёти» партиясынан, «Миллий тикланиш» партиясынан депутаттар болып, алғаш рет парламент фракциялары ұйымдастырылды.



Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің ғимараты.

2005 жылдан бастап еліміз тарихында тұңғыш рет Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі екі палатадан – Заңшылық палатасы (төменгі палата) және Сенаттан (жоғары палата) құралған түрде жұмыс бастады. Бұл 2002 жыл 27 қаңтарда өткізілген референдум және сол негізде

қабылданған «Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты туралы» және «Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Заңшылық палатасы туралы» Конституциялық Заңдар негізінде іске асырылды.



Өзінді сына!

Заң және Конституциялық заңының қандай айырмашылығы бар?



Есінде сақта!

Мемлекет парламентінің басып өткен жолын тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, оны шартты түрде үш негізгі дәуірге бөлу мүмкін. Бірінші дәуір – 1991–1994 жылдар, екінші дәуір – 1995–2004 жылдар, үшінші дәуір – 2005 жылдан қазірге дейін.


Парламентте 250 адам, оның ішінде, Төменгі палата – Заңшылық палатасында 150 депутат, Сенатта 100 сенатор қызмет етеді. Сенатқа Қарақалпақстан Республикасы, облыстар және Ташкент қаласынан 6-ты аудан, жалпы 84 адам сайланады. Президент тағайындайтын 16-сы ел-

жұрт алдында абырой-құрметке ие болған адамдар Сенаттың мүшесі болады.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті, оның жүйесі мен міндеттері. 1990 жыл 15 қарашада Өзбекстан Президентінің «Өзбекстан КСР Президенті құзырындағы Министрлер Кабинетінің құрамын бекіту туралы» жарлығы қабылданды. Оған сәйкес Өзбекстан Президенті құзырында Министрлер Кабинеті түзілді, Президент оның Төрағасы болды. Республикада вице-президент лауазымы құрылып, оның міндетіне Министрлер Кабинетіне жетекшілік ету және оның жұмысын ұйымдастыру жүктелді. 1992 жыл 4 қаңтарда вице-президент лауазымы жойылды да Өзбекстан Республикасының Бас Министр лауазымы берілді. Бас Министр міндетіне вице-президент өкілеттіктері берілді.

Өзбекстан Республикасының Конституциясының XX тарауында Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің конституциялық-құқықтық мәртебесі, оның ұйымдастырылуы, қызметінің негізгі бағыттары және өкілеттіктері белгіленді. Министрлер Кабинеті өз қызметін Өзбекстан Республикасының 1993 жылда қабылданған «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы» (жаңа баспада 2003 жыл) заңы негізінде жүргізеді. Министрлер Кабинеті Өзбекстан Республикасының үкіметі

1992–2003 жылдарда Министрлер Кабинетінің құрылысы



болып есептеліп, Жоғары Мәжілістің заңдары, Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтары, қаулылары және бұйрықтарының орындалуына басшылықты қамтамасыз етуші Өзбекстан Республикасының атқарушы әкімшілік мекемесі болып табылады.

Министрлер Кабинетінің тұрақты мекемесі ретінде Бас министр және оның орынбасарларынан құралған Министрлер Кабинетінің Төрағалығы қызмет етеді. 2003 жыл Өзбекстан Республикасы Конституциясы 89-бабының «Өзбекстан Республикасы Президенті, сондай-ақ Министрлер Кабинетінің Төрағасы болып есептеледі» деген екінші бөлімі алып тасталды. Өзбекстан үкіметі – Министрлер Кабинетіне Бас министр басшылық етеді.

Министрлер Кабинеті құрамында Төраға лауазымы болмайтын болды. Қазіргі кезде Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша, Өзбекстан Республикасының Бас министр, оның бірінші орынбасары және орынбасарларының үміткерлер алдын Заңшылық палатасында, кейін Сенатта қаралады және бекітіледі. Ал Министрлер Кабинетінің басқа мүшелерін Бас министрдің ұсынысы бойынша Өзбекстан Республикасы Президенті бекітеді. Қазіргі күнде Министрлер Кабинетінің құрамына Өзбекстан Республикасының Бас министр, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, Өзбекстан Республикасы министрлері, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы кіреді.

Сот әкімшілігі. Сот әкімшілігі – Өзбекстан Республикасы Конституциясының 106-бабы бойынша, Өзбекстан Республикасында сот әкімшілігі заң шығарушы және атқарушы әкімшіліктен, саяси партиялардан, басқа қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз түрде жұмыс жүргізеді.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында сот әкімшілігі саласында да қайта құрулар іске асырылды. Өзбекстан Республикасының



Есінде сақта!

Өзбекстанда Бас министр мәртебесіне тең Вице-президенттік лауазымында Шукурулла Мирсаидов (1990–1992), Бас министр лауазымында Абдулхашим Муталов (1992–1995), Уткир Султанов (1995–2003), Шавкат Мирзияев (2003–2016) тар қызмет атқарған. 2016 жылы 14 желтоқсаннан Абдулла Арипов Бас министр етіп бекітілген.

Конституциясы және 2000 жылда қабылданған «Соттар туралы» заңы (жаңа баспада) сотты қайта құрудың құқықтық негізі болып табылады.

Сот жүйесіндегі қайта құруларды екі дәуірге бөлу мүмкін. 1) 1991–2016 жылдар; 2) 2017 жылдан кейінгі дәуір. Бастапқы дәуірде Өзбекстан Республикасы сот жүйесіне бес жыл мерзімге сайланатын төмендегі соттар кірген:

- ✓ Өзбекстан Республикасының Конституциялық соты;
- ✓ Өзбекстан Республикасының Жоғары соты;
- ✓ Өзбекстан Республикасының Жоғары шаруашылық соты;
- ✓ Қарақалпақстан Республикасы азаматтық және қылмыстық істер бойынша жоғары соттары;
- ✓ Қарақалпақстан Республикасы шаруашылық соты;
- ✓ азаматтық және қылмыстық істері бойынша облыс және Ташкент қалалық соттары;
- ✓ азаматтық және қылмыстық істер бойынша аудандараралық, аудандық, қалалық соттары;
- ✓ облыстар және Ташкент қаласының шаруашылық соттары;
- ✓ әскери соттар.

Төтенше соттар түзуге жол қойылмайды. Өзбекстан Республикасында сот істерін жүргізу өзбек тілінде, қарақалпақ тілінде немесе белгілі жердегі көпшілік тұрғындар сөйлесетін тілде жүргізіледі.

Соттардың жеке әкімшілік ретінде белгіленуінен мақсат Өзбекстан Республикасында адам құқығы мен бостандығының бейтарап мекеме ретінде тек сот арқылы қамсыздануына ие болу және сотты алдыңғы жазалаушы мекемеден жеке тұлғаның құқығы мен бостандықтарын толық қорғай алатын мекемеге айналдыру болып табылады.

Соттар сот қаулысын орындау сияқты өздеріне тиісті болмаған міндеттерден азат етілді. 2008 жыл 1 қаңтардан бастап мемлекетте өлім жазасы жоққа шығарылды, азаматтарды қамауға алуға заңды күшке ие құжат (санкция) беру құқығы прокуратурадан соттарға өткізілді. Мемлекетімізде қылмыстық жазалаудың адамсүйгіш құқықтық жүйесі құрылды.

Қайта құрулар екінші дәуірдің негізгі ерекшелігі Президент Шавкат Мирзияевтің 2017 жыл 21 ақпандағы «Өзбекстан Республикасы сот жү-

йесі құрылысын түбегейлі жетілдіру және қызметінің тиімділігін арттыру іс-шаралары туралы» жарлықтың негізінде іске асыруда.

Сол жарлық негізінде Өзбекстан Республикасы Жоғары соты мен Жоғары шаруашылық соты біріктіріліп, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және экономикалық сот жұмысын жүргізуші саласындағы сот әкімшілігінің бірегей жоғары мекемесі – Өзбекстан Республикасының Жоғары соты ұйымдастырылды. Өзбекстан Республикасы Жоғары соты Әскери сот құрамы, Өзбекстан Республикасы Әскери соты, округтық және аумақтық әскери соттар штат бірліктері Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері құрамынан Өзбекстан Республикасы Жоғары соты жүйесіне өткізілді.



Есінде сақта!

2017 жыл Өзбекстан Республикасы Президенті 2 мың 700 тұтқынды, оның ішінде, жазаны өтеу колониаларынан 956 әр түрлі жағдайлардың салдарынан қылмыс жасаған, қылмысынан шын көңілден өкінген, түзелу жолына біржола өткен, жасайтын жері мен жазаны өтеу орындарында ұнамды сипатталған тұлғаларды мемлекетіміз тарихында алғаш рет кешіру туралы жарлық қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2016 жыл 21 қазандағы «Сот-құқық жүйесін қайта құру, азаматтардың құқық және бостандықтарын сенімді қорғау кепілдіктерін күшейту іс-шаралары туралы» жарлығына сәйкес, сот лауазымына тағайындау (сайлау) мерзімдеріне нақты айқындықтар енгізілді. Яғни соттық лауазымға бірінші рет тағайындау бес жылға, екінші рет – он жыл, кейінгісінде мерзімсіз тайғайындау (сайлану) мүмкіндігі жасалды. Бұл судьялардың жасы, тәжірибесі, кәсіптік шеберлігін ескерген күйде ұзақ мерзім қызмет етуіне кепілдік береді.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері. Мемлекетіміз егемендікке қол жеткізген күннен-ақ, Өзбекстан ұлттық мемлекетшілігі, оның аумақтық бүтіндігі, халықтың тыныш және бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету мемлекет саясатының басты мәселесінің бірі болып күн тәртібіне қойылды.

1991 жылы 19–21 тамызда бұрынғы Одақ астанасы Мәскеуде жүзеге келген мемлекет төңкерісі салдарынан мемлекет апат тұңғиығына келіп қалды. Сондай жағдайда мемлекет аумақтық бүтіндігін, халықтың тыныш-

тығы мен бейбітшілігін қарулы қорғау жолында жаңа адымдар қойылды. Өзбекстан Президентінің 1991 жыл 25 тамыздағы жарлығы негізінде Өзбекстан Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің республика иелігіне өтуі, КСРО Ішкі істер министрлігінің еліміздегі әскерлері Өзбекстан Президентіне бойсұндырылуы сол сияқты алғашқы адымдар болды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 1991 жыл 6 қыркүйектегі жарлығына негізделіп, Қорғаныс істері министрлігі ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесі 1992 жыл 10 қаңтарда «Өзбекстан Республикасы аумағында орналасқан КСРО Ішкі істер министрлігінің әскери бөлімдері мен оқу орындарын Өзбекстан Республикасы иелігіне алу туралы» және 14 қаңтарда «Өзбекстан Республикасы аумағында орналасқан әскери бөлімдер мен әскери оқу орындары туралы» қау-



Әскери ант

лылар қабылдады. Сол қаулыларға сәйкес, бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің республика аумағында орналасқан бөлімдері, құрамдары, бірлестіктері, әскери оқу орындары, ұйымдары және басқа әскери құрылыстары заң негізде Өзбекстан Республикасы юрисдикциясына алынды. Осы қаулы қабылданған күн – 14 қаңтар Өзбекстан Республикасының 1993 жылдағы заңына сәйкес «Отан қорғаушылары күні» деп жарияланды.

Есінде сақта!



Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің төмендегі әскери округтары ұйымдастырылды:

1. Солтүстік-батыс әскери округ (Қарақалпақстан Республикасы, Хорезм облысы);
2. Оңтүстік-батыс арнаулы әскери округ (Бұхара, Науаи, Қашқадария және Сұрхандария облыстары);
3. Орталық әскери округ (Самарқанд, Жызак, Сырдария облыстары);
4. Ташкент әскери округы (Ташкент қаласы және Ташкент облысы);
5. Шығыс әскери округ (Әндіжан, Наманган, Ферғана облыстары).

1992 жылы Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығымен Ұлттық қауіпсіздік қызметі қарамағында Шекара армиясы басқармасы ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 93-бабына сәйкес Президент мемлекет Қарулы Күштерінің Жоғары Бас Қолбасшысы саналады.

1995 жылдың мамыр айында мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Өзбекстан Республикасының Президенті құзырында Қауіпсіздік кеңесі құрылды.



Есінде сақта!

2018 жыл 10 қаңтарда Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы Қауіпсіздік кеңестің алғаш рет кеңейтірілген, ашық, бейне-конференция жиналысы болды. Онда Өзбекстан Қарулы Күштерінің жауынгерлік жағдайына дайындығы алдыңғы 5 күннен бүгінгі күнде 3 сағатқа жеткізілгені атап өтілді.

Қауіпсіздік Кеңесі Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы кеңесу мекемесі болып саналады. Өзбекстан Республикасы Президенті лауазымы бойынша, осы Кеңестің төрағасы есептеледі. Қауіпсіздік Кеңесі өзінің мәжілістеріне уақытша түрде Өзбекстан Республикасындағы кез келген мансапты тұлғаны шақыруы мүмкін. Кеңес мәжілісі барысында білдірілген ұсыныс пен пікірлер көпшілік дауысымен қабылданады және мемлекет Президенті тиісті қаулыны бекіткен соң күшке енеді.

Мемлекетімізде алғаш рет 1996 жылы 24 апрельде Олий Мажлистің бесінші сессиясында мақұлданған төрт бөлім, жиырма сегіз баптан құралған “Ұлттық қауіпсіздік туралы” Заң жобасы талқыланды. Ұлттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттер мен оларды іске асыру қағидаларын құқықтық нормаларда белгілеп беретін, мүлдем жаңаша құжат ретінде талдау жасалынды. 1997 жылы тамыз айында Олий Мажлистің ІХ сессиясында Өзбекстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік концепциясы қабылданды.

Шет ел тәжірибесінде ұлттық қауіпсіздік дегенде көбінесе мемлекет қауіпсіздігі түсініледі. Бұл тұрғыда Өзбекстан өзіне тән жолына ие. Атап айтқанда, мәселеге бұлайша жанасу ұлттық қауіпсіздік ділгірлігінің маңызын біршама тарылтады. Дұрыс, ұлттық қауіпсіздікте әскери және

мемлекет қауіпсіздігі мәселелері негізгі орында тұрады. Бірақ ұлттық қауіпсіздік дегенде тек солардың өзі ғана түсінілмейді.


Елбасы Шавкат Мирзияев бастамасымен 2018 жылы 9 қаңтарда «Өзбекстан Республикасы Қорғаныс доктринасы туралы» заң қабылданды. Заң жаһандану жағдайында халықаралық және аймақтық қауіпсіздікке қауіп төніп тұрғанда геосаяси қарама-қарсылық, күш жұмсау, сонымен қатар бұқаралық қырғын қаруын қолдану ықтималының артқандығы, халықаралық терроризм және экстремизм белсенділігі, ақпарат мекенінде өзара күрес күшейгеніне қарсы лайықты тұра алу мәселелеріне кепілдік жасайды.



Өзінді сына!

Қорғаныс доктринасы – бұл ...
Әскери округ – бұл

Қауіпсіздік кеңесі – бұл ...
Шекара армиясы – бұл ...



Терминдер түсінігі!

Кешіру – сот үкімімен жаза тағайындалған бір тұлғаның қылмыстық жауапкерліктен азат ету немесе берілген жазаны жеңілдету. Әдетте кешіру мемлекет басшысының қаулысымен іс жүзіне енгізіледі.

Референдум – (латынша – белгілі жасалуы қажет болған нәрсе) мемлекеттік мәнге ие болған маңызды мәселелер бойынша өткізілетін және кейде заң қабылдау үшін негіз болып қызмет ететін жалпыхалық сұрауы, дауыс беруі жолымен халық пікірін анықтау.

Юрисдикция – (латынша – соттау, сот үдерісі) Құқықтық мәселелерді шешу, соттау жұмыстарын жүргізу құқығы. Уақытынша мемлекет мекемесі өкілеттері шеңберіндегі құқық саласы.

Доктрина – (латынша – ілім; оқымыстылық) Ғылыми және философиялық ғылым, теория; негізгі теория немесе саяси көзқарас.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Өзбекстанда бір палаталы парламент қызмет еткен дәуірдегі өзіне тәндік нелерден құралған? Екі палаталы парламент құру қажеттілігі неде?
2. Мемлекет басқаруында әкімшіліктің бөлінуі қандай маңызға ие?
3. Өзбекстанда атқару әкімшілігіне қайсы мемлекет мекемелері кіреді?
4. Өзбекстанда «Отан қорғаушылары күні» алғаш рет қай жылы атап өтілді?
5. Өзбекстанда сот істері қайсы тілдерде жүргізіледі?
6. Министрлер Кабинеті және оның структурасында қандай өзгерістер жасалды?

II БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

3-тақырып. Азаматтық қоғам идеясының даму тарихы

Жергілікті мемлекеттік әкімшілік мекемелері. Өзбекстанда демократиялық құқықтық мемлекет орнату үдерісінде көптеген міндеттер белгіленді. Ең маңызды міндеттерден бірі республикада мемлекет әкімшілігінің өкілеттік және азаматтардың өзін өзі басқару мекемелерінің жаңа жағдайға сәйкес жүйесін жасау еді. Қазіргі іс жүзіндегі жергілікті өкілеттік мекемелер халық депутаттары Кеңестері негізінде ұйымдастырылған. Бірақ, бұлар алдыңғы жүйеден демократиялық мәнімен түпкілікті өзгешеленеді.

1992 жыл 4 қаңтарда «Өзбекстан Республикасының жергілікті әкімшілік кеңселері қайта ұйымдастыру туралы» заң қабылданды. Бұл заң елімізде жергілікті әкімшіліктің екі дербес мекемесі – *өкілеттік және атқару мекемелері жүйесіне* басшылық ететін әкімдік және әкімдер лауазымы енгізілді.



Есінде сақта!

1992 жылы алғаш рет Ташкент қаласында және 12 облыста, 163 қыстақ ауданы және 18 қала ауданында және 120 қалада әкімдер тағайындалды да бекітілді, олардың аппараты — әкімшіліктер түзілді.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының XXI бабы «Жергілікті мемлекет әкімшілік негіздері» деп аталып, онда жергілікті мемлекет әкімшілігі мекемелерінің жүйесі, міндеттері, түзілу тәртібі нығайтылды. Конституция бойынша, алдыңғы жергілікті өкілеттік мекемелердің аты Кеңестер деп өзгерді. Олардың тиімді істеуін қамтамасыз ету үшін облыс, аудан және қала халық депутаттары Кеңестері жүзеге келтірілді.


Өзбекстан Конституциясы қабылданғанға дейін жергілікті өкілдік мекемелердің үш буынды жүйесі болған, олар:

- 1) облыстар және Ташкент қаласы халық депутаттары Кеңестері (Советтері) – жоғары буын;
- 2) аудан, қалалық халық депутаттары Кеңестері – орта буын;
- 3) қыстақ, поселка, ауыл халық депутаттары Кеңестері – төменгі буын.

Конституция жергілікті өкілдік мекемелерінің екі буынды жүйесін нығайтты, яғни төмен буын алып тасталды. Олардың орнына азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері түзілетін болды.

Содан соң, Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті мемлекет әкімшілігі, әкімшілік мекемелері екі дербес мекемелерге – *өкілдік* және *атқару* әкімшілігіне бөлінді.

Жергілікті әкімшілік мекемелеріне – халық депутаттары Кеңестері кіреді. Олар өз қызметін ұжымдық (коллегиал) негізде жүргізеді. Халық депутаттары Кеңестері жұмысының негізгі ұйымдастыру-құқықтық формасы сессия болып есептеледі.



«Халық депутаттары облыс, аудан және қала Кеңестеріне сайлау туралы» заңда өкілдік мекемелеріне 21 жасқа толған азаматтар сайланады. Халық депутаттары облыс және Ташкент қаласы Кеңестеріне 60-тан көп болмаған, ал аудан мен қала Кеңестеріне 30-дан көп болмаған депутаттар 5 жыл мерзімге сайланады.

Атқару әкімшілігіне – әкім және оның атқару аппараты кіреді. Әкім тиісті аумақта жоғары мансапты тұлға есептелінеді. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 101-бабы бойынша әкімдердің өкілетті мерзімі – бес жыл.

Облыстар және Ташкент қаласы әкімін Өзбекстан Республикасы Президенті заңға сәйкес тағайындайды да лауазымынан азат етеді. Аудан және қалалардың әкімдерін тиісті облыс әкімі тағайындайды және лауазымынан азат етеді әрі тиісті халық депутаттары Кеңесі бекітеді. Қалалардағы аудандардың әкімдерін тиісті қала әкімі тағайындайды және лауазымынан азат етеді, сондай-ақ халық депутаттары қала Кеңесі бекітеді.


Аудандарға қарасты қалалардың әкімдерін аудан әкімі тағайындайды әрі лауазымынан азат етеді және халық депутаттарын аудан Кеңесі бекітеді. Өкілдік мекемелері түзілмейтін қала құрамындағы аудандарда және ауданға қарасты қалаларда да әкімшіліктер орнатылды, олардың аппараты – әкімшілік ұйымдастырылды. Облыс әкімдері мен Ташкент қаласы әкімі Өзбекстан Президентінің сол жерлердегі өкілі болып есептеледі.

Жергілікті мемлекет әкімшілік мекемелері сот әкімшілігі мекемелері, прокуратура, ішкі істер мекемелері, заң сияқты құқықты қорғаушы мекемелерімен өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізеді.

Азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері. Өзбекстан Республикасы тәуелсіз даму жолына кірген соң, Өзбекстанға тән және сай азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері жүзеге келді. Атап өтсек, қазіргі күнде дерлік дүние жүзінің барлық мемлекеттерінде бұл институт жергілікті өзін өзі басқару деп аталса, ал Өзбекстанда азаматтардың өзін өзі басқаруы деп аталады.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы қабылданған соң, азаматтардың өзін өзі басқару жүйесінің құқықтық негізі нығайтылды. Конституцияның 105-бабы бойынша, «Қалашық, қыстақ және ауылдарда, сондай-ақ, олардың құрамындағы махаллаларда және қалалардағы махаллаларда азаматтардың жиындары өзін өзі басқару мекемелері болып, олар екі жарым жыл мерзімге төрағаны (ақсақалды) және оның кеңесшілерін сайлайды».

Сонымен азаматтар жиыны белгілі мерзімде жиналып жұмыс жүргізетін өзін өзі басқару құралы болса, төраға, оның кеңесшілері тұрақты қызмет етуші құрылымы болып табылады.



Есіңде сақта!

1999 жылы «Азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері туралы», ал 2004 жылы “Азаматтар жиыны төрағасы (ақсақалы) және оның кеңесшілері сайлауы туралы” Өзбекстан Республикасы заңдары қабылданды. 2017 жылы Өзбекстан Президенті “Махалла институтын одан әрі жетілдіру іс-шаралары туралы” жарлыққа қол қойды.

Президенттің 2017 жылдағы жарлығы негізінде азаматтар жиындарының бірлестігі ретінде азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері қызметін үйлестіру бойынша Республика кеңесі ұйымдастырылды. Өзбекстан Республикасы Бас министрі, Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесі төрағасы, облыстар мен Ташкент қаласы, аудандар мен қалалар әкімдеріне тиісінше Республика кеңесі, аумақтық кеңестерге жұртшылық негізінде төрағалық етуі белгіленді. Республика кеңесінде ұйымдастыру жұмыстары мен тәсілдік мәселелер бойынша төраға орынбасары, сондай-ақ Республика кеңесі мен аумақтық кеңестерде жастар жұмыстары, діни-ағарту мәселелер, қариялар мен ардагерлердің жұмыстары бойынша төраға орынбасарлары лауазымдары енгізілді. Азаматтардың өзін өзі басқару мекемелерінде жұртшылық негізінде қызмет ететін азаматтар жиыны төрағасының орынбасары – жастар мәселелері бойынша кеңесші лауазымы енгізілді.

Дербес жұмыс.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 99–105-баптарының мазмұнын тақырыппен байланыстыр. Мысалдар келтір.

Сайлау жүйесі. Өзбекстанда демократиялық қоғамға тән сайлау жүйесін орнатылуында халықаралық құқық үлгілері мен талаптарына, озық шет ел тәжірибесіне сай сайлау заңшылығын жасау маңызды мәнге ие болды.

Бастапқыда сайлау жүйесін ретке келтіру мақсатында «Өзбекстан Республикасының референдумы туралы» және «Өзбекстан Республикасы Президенті сайлауы туралы» (1991 жылы 18 қараша) заң қабылданды. XX ғасырдың 90 жылдарының басында сайлаулар, сайлау өткізу тәртіптері туралы бірнеше заңдар қабылданды. Атап өтсек, «Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісіне



2016 жыл 14 желтоқсанда сайланған Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Миромонович Мирзияев

сайлау туралы», «Халық депутаттары облыс, аудан және қала Кеңестеріне сайлау туралы» және «Азаматтар сайлау құқықтарының кепілдіктері туралы» заңдар солардың қатарында болып табылады.

Сайлауларды Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастырады, комиссия 1998 жылдан бастап тәуелсіз уақытша мекеме ретінде қызмет бастаған болса, ал 2014 жылдан тұрақты мекеме ретінде құрылды. Орталық сайлау комиссиясы және оның мүшелері өз қызметін кез келген мемлекеттік мекемелер, қоғамдық бірлестіктер мен мансапты тұлғалардан дербес күйде жүзеге асырады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарда 18 жасқа толған азаматтардың сайлау құқығына ие екендігі, Өзбекстан Президенті сайлауы, Олий Мәжіліс сайлауы, халық депутаттары облыс, аудан және қала Кеңестері сайлауы жалпы, тең, тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен өткізілуі нығайтылып қойылған.

Әрбір азамат – сайлаушы бір дауысқа ие. 35 жастан кем болмаған азамат Өзбекстан Республикасы Президенті, 25 жасқа толғандар Олий Мәжіліске, 21 жасқа толғандар облыс, аудан және қала Кеңестеріне депутат етіп сайлану құқығына ие.



Өзінді сына!

Азаматтар жиыны – бұл ... Сайлану жасы – бұл ... 1991 жыл – бұл ...
Төраға кеңесшілері – бұл ... Сайлау жасы – бұл ... 2017 жыл – бұл ...

Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекет Президенті сайлауы, Олий Мәжілістің Заңшылық палатасына және Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесіне, облыстар, аудандар, қалалар мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемелеріне сайлау тиісті күйде олардың конституциялық өкілеттік мерзімі аяқталатын жылда — желтоқсан айы 3-он күндігінің 1-жексенбісінде өткізіледі.

Өзбекстанда көппартиялылық жүйесінің жүзеге келуі. Көппартиялылық – қоғам өмірінде екі немесе одан астам партияның қызмет жүргізуі. Бұл жағдай демократиялық жолға кірген мемлекет және қоғамдарға тән есептеліп, қоғам дамуы пікірлер саналуандығына негізделеді. Қоғамда саяси партиялардың ерікті қызмет атқаруы демократиялық құқықтық мемлекет орнатудың негізгі кепілі болып табылады.

Қазіргі дәуір дүниедегі демократияның негізгі өлшемдерінің бірі сайлаулардың көппартиялылық негізінде өткізілуі болып отыр. Тәуелсіздік дәуірінде түзілген алғашқы саяси партия бұл – *Өзбекстан Халық демократиялық партиясы*. Партияға 1991 жылы қарашада негіз салынды. Оның мақсаты әлеуметтік қорғауға мұқтаж халық тобының мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл партия құрылғаннан қазіргі күнге дейін бес рет Президент сайлауларында және парламент сайлауларында қатысып, парламентте өз фракциясын жасады.



Дербес жұмыс.

Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, бір топ оқушылар ХДП-ның Президент сайлауында қатысқан жылдарын санап шығады және сипаттап береді. Екінші топ партияның Олий Мәжіліске сайлауларда қатысуы бойынша дәл сол міндетті орындайды.

Өзбекстанда көппартиялықтың даму тарихында өз орнына ие партиялардан бірі Өзбекстан «*Ватан тараққиёти*» партиясы болды. Бұл партия 1992 жылы құрылған. 1999 жылы «*Фидокорлар*» ұлттық-демократиялық партиясы құрылды. Ол Өзбекстан ынталылар мақсаттары мен ұмтылыстарын қолдайтын саяси бірлестік ретінде дүниеге келді. 2000 жылы сәуірде «*Ватан тараққиёти*» партиясы мен «*Фидокорлар*» ұлттық-демократиялық партиясының біріккен құрылтайы болып, онда екі партия әрекеті, қызмет бағдарламасының пікірлестігі талқыланды, олардың бірлесіп істегені мақсатқа сай, деген қорытынды негізінде екі партия бірікті.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында құрылған партиялардан тағы бірі – Өзбекстан «*Адолат*» социал-демократиялық партиясы. 1995 жыл ақпанда түзілген. Социал-демократиялық партиялардың негізгі мақсаты қоғамдағы әлеуметтік ділгірліктерді шешуге бағытталған. Партия сондықтан да дамыған мемлекеттердегі социал-демократиялық бағыттағы партиялармен байланыстарды реттеуге және халықаралық социал-демократиялық



эрекеттерде белсенді қатысуға ұмтылуда. Өзбекстан «Адолат» социал-демократиялық партиясы орта сынып және мұқтаж халық тобына сүйенеді, олардың саяси және әлеуметтік жігерлерін көрсетуге тырысады.



Тәуелсіздік жылдарында құрылған партиялардан бірі – Өзбекстан *"Миллий тикланиши"* демократиялық партиясы. Бұл партия 1995 жылы маусымда түзілген. Өзбекстан Миллий тикланиш демократиялық партиясының негізгі мақсат-міндеті ұлттық дәстүрлерді және құндылықтарды сақтаудан құралған. 2008 жыл маусымда Өзбекстан «Фидокорлар» ұлттық демократиялық партиясы және Өзбекстан «Миллий тикланиш» демократиялық партиясының бірігуі құрылтайы болып, онда Өзбекстан «Миллий тикланиш» демократиялық партиясы және «Фидокорлар» ұлттық демократиялық партиясын біріктіру туралы мәселе қаралды. Құрылтайда партиялардың мақсатты бағдарламалық міндеттері мән-мазмұнына қарай бір-біріне жақындығы атап өтілді де олар біріктірілді.



Өзбекстанның саяси жүйесінде өзіне тән орынға ие болуға үлгерген *Өзбекстан Либераль-Демократиялық партиясы (ӨзЛиДеП)* 2003 жылы қарашада құрылған. Өзбекстан Либераль-демократиялық партиясы жалпыұлттық саяси ұйым ретінде жер иелері, шағын бизнес, фермерлік және диқан шаруашылықтары өкілдері, өндірістің жоғары білікті мамандары мен басқару қызметкерлері, іскерлер мүдделерін көрсетеді және қорғайды.

Өзбекстан Республикасында саяси партиялардың өткен жылдар барысындағы қызметіне назар аударатын болсақ, олардың дамуы үшін құқықтық негіз жасалғанын көресіз. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасының Конституциясы, «Саяси партиялар туралы», «Саяси партияларды қаржыландыру туралы» заңдар және «Мемлекет басқаруын жанарту мен одан әрі демократтандыра түсу, сондай-ақ мемлекетті модернизация етуде саяси партиялардың ролін күшейту туралы» Конституциялық заңы солар қатарында. Сөз жоқ, саяси партиялардың қоғамда қаншалықты беделге ие екендігін белгілейтін негізгі өлшем –

бұл олардың мемлекет әкімшілігі өкілдік мекемелеріне болатын сайлауларда қандай нәтижелерге қол жеткені болып есептеледі.

Өзбекстан экологиялық әрекеті. 2008 жыл Өзбекстан Республикасының «Сайлау туралы заң құжаттарының жетілдірілуіне байланысты Өзбекстан Республикасының кейбір заңдарына өзгеріс және қосымшалар енгізу туралы» заңы қабылданды. Онда Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Заңшылық палатасына бес жыл мерзімге 135 депутат сайланып, Заңшылық палатасының 15 депутаты Өзбекстан экологиялық әрекетінен, өз ішкі құрылтайынан сайлану белгіленді. Сол Заң негізінде Олий Мәжілістің Заңшылық палатасындағы депутаттардың саны 150 депутаттан құралған болды.



Өзбекстан экологиялық әрекеті – 2008 жылы тамызда құрылған. Өзбекстан экологиялық әрекеті өз қызметін азаматтардың қазіргі және болашақ ұрпағы ыңғайлы қоршаған-орта жағдайында жасауы, халық салауаттығын жақсарту, барлық табиғи қорларды қорғау және олардан тиімді пайдалану құқықтарын және олардың сөзсіз сақталуын қамтамасыз етілуіне бағытталған жаңару үдерістерін тереңдете түсуде қоғамның бар күші мен қабілетін жұмсауға қаратқан.



Есінде сақта!

2017 жыл 22 желтоқсанда Өзбекстан Республикасы Президентінің Олий Мәжіліске Үндеуі жарияланды. Сол Үндеуде Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Заңшылық палатасындағы 15 депутаттық орны белгілеп қойылмай, Экологиялық әрекет басқа партиялармен тең бәсекеге кіріскен күйде, сайлаулар арқылы депутаттық орынға қол жеткізуі қажеттілігі ұсынылды.



Терминдер түсінігі:

Партия – (*лат. partio* – бөлік, бөлім) идеялық жақтан пікірлес, мүдделері бір болған адамдар тобынан құралған, белгілі әлеуметтік топ немесе таптардың мүдделерін қорғаушы саяси ұйым.

Модернизация – (модерн – заманалық) жаңару, заманалық; мемлекет, қоғам, экономика, технология және басқа салалардың жаңаруы, жаңа тәсілдер, жаңалықтардың қолданылуы негізіндегі өзгерістер.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Жергілікті мемлекет әкімшілігі мекемелерін сана. Олар өз қызметін қайсы заңдар негізінде жүргізеді?
2. Сайлау жүйесіндегі соңғы өзгерістер жайында нелерді білесің?
3. Жергілікті әкімшілік пен жергілікті өкілеттік мекемесі арасында қандай айырмашылық пен байланыстар бар?
4. Саяси партиялар қызметі бойынша төмендегі кестені толтыр.

Партия	Өзбекстан ХДП	«Адолат» СДП	ӨзМТДП	УзЛиДеП
Түзілген жылы				
Идеясы				

4-тақырып. Өзбекстанда азаматтық қоғам дамуының негізгі басқыштары және алдағы қызметі

Күшті мемлекеттен – күшті қоғамға қарай. 2000 жылдан – бүгінгі күнге дейінгі дәуірді қамтыған басқышта мемлекетте белсенді демократиялық жаңару және модернизация ету үдерістері бақыланды. Сол басқыштың негізгі міндеті етіп ұлттық мемлекетшілік негіздерін нығайтуға бағытталған күшті мемлекеттен – күшті азаматтық қоғамға сатылай өту мәселесі қойылды. Мемлекеттің саяси және экономикалық өмірінде демократтандыру және либералдандыру үдерістері тереңдеді, адамзат құқықтары мен бостандықтарын қорғаушы дербес сот жүйесі нығайтылды, азаматтық қоғамы негіздері дамыды, азаматтардың экономикалық және саяси белсенділігі арта түсті. Ислам Каримов мемлекетте азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократиялық реформаларды тереңдете түсу концепциясын жасады. Осы басқыш мемлекеттік әкімшілікке мен басқаруды демократтандыра түсу, сот-құқық жүйесі, ақпараттандыру саласын қайта құру, сөз бостандығын қамтамасыз ету, сайлау заңшылығын жетілдіру, экономиканы либералдандыруға бағытталған демократиялық базар реформаларын тереңдетуге бағытталуымен сипатталады.

2002 жылы болған Олий Мәжілістің ІХ сессиясында мемлекеттің Тұңғыш Президенті Ислам Каримов сол көп қырлы реформаларды жүзеге асырудың жаңа принциптерін ортаға салды. Онда реформаларға тиісті жеті мәселе – үстем бағыт белгілеп берілді.

Үстем бағыттардан бірі қоғам өмірінде бейресми және бейкоммерциялық ұйымдардың орны мен рөлін арттыру арқылы азаматтық қоғамды орнату үдерістерін тереңдету, «Күшті мемлекеттен – күшті қоғамға қарай» қағидасын амалға асыру болып саналады.

Мемлекет саясатының басты жолы құқықтық, демократиялық мемлекетті жүзеге келтіру, заң алдында баршаның теңдігін қамтамасыз ету, «азамат – қоғам – мемлекет» принципін енгізу, сол жолмен азаматтық қоғамды жүзеге келтіру болды.

Мемлекетімізде демократиялық реформаларды тереңдете түсу және азаматтық қоғамды дамыту концепциясы. Ислам Каримовтың 2010 жылы 12 қарашада өткен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заңшылық палатасы мен Сенатының біріккен мәжілісіндегі «Елімізде демократиялық реформаларды одан әрі тереңдете түсу және азаматтық қоғамды дамыту концепциясы» тақырыбында жасаған баяндамасы іске асырылған реформаларды қорытындылау және қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларын дамыта түсу бағыттарын белгілеп алу тұрғысынан маңызды мәнге ие болды. Осы Концепцияда елімізде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнату бойынша жүзеге асырылған жұмыстар толық талқыланып, бұл бағыттағы демократиялық реформаларды одан әрі тереңдете түсу және жүйелі жалғастыру бойынша көкейтесті міндеттер белгілеп берілді.

Мемлекет әкімшілігі мен басқаруды демократтандыруға негізделіп Конституцияның 78, 89, 93, 96, 98-баптарына өзгертулер енгізіліп, оған негізделіп Бас Министр үміткерлігі сайлауларда (Олий Мәжіліс) ең көп депутаттық орындарын алған саяси партия немесе тең мөлшерде көп орын алған саяси партиялар шақырады, Президент ұсынылған үміткерді



Есінде сақта!

Концепция алты бөлімнен құралған, онда мемлекет әкімшілігі мен басқаруды демократтандыру, сот-құқық жүйесі, ақпарат саласын реформалау, ақпарат пен сөз бостандығын, сайлау құқығы бостандығын қамтамасыз ету және сайлау заңшылығын дамыту, азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру және дамыту, нарықтық экономиканы либералдандыруды тереңдете түсу саласындағы маңызды міндеттер белгіленген.

талқылап 10 күн мерзім ішінде Олий Мәжіліс палаталары тарапынан талқылау және бекіту үшін шақыратын болды.

Сот-құқық жүйесін қайта құру саласында адвокатура институты жетілдірілді және оның тәуелсіздігі одан әрі нығайтылды. Қылмыстық жазаларды либералдандыруына қатысты қылмыстар сипаты өзгерді. Санкция беру құқықы соттарға өткізілді.

«Мемлекет әкімшілігі және басқару мекемелері қызметінің ашықтығы туралы», «Телерадио хабарлары туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің экономикалық негіздері туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекет демеу кепілдіктері туралы» заңдарды қабылдау белгіленді. Нәтижеде ақпарат саласын қайта құру, ақпарат пен сөз бостандығын қамтамасыз ету саласында, жалпы, елде сол салаға тиісті 10-ға жуық заң құжаттары қабылданды.

Өзбекстанда сайлау құқықы еріктілігін қамсыздандыру және сайлау заңшылығын дамыту саласында сайлау заңшылығы жетілдіріліп, сайлау жүйесі жүйелі және сатылай либералдандыра түсті. Мерзімінен алдын дауыс беру ділгірлігін шешу, учаске сайлау комиссиялары қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету тұрғыда іс жүзіндегі заң құжаттарына өзгертулер енгізу белгіленді.

Қазіргі кезде елімізде 9 мыңдан астам бейресми бейкоммерциялық ұйым бар. 29 халықаралық және шетелдік бейүкімет ұйымдарының филиал мен өкілеттіктері қызмет атқарып жатыр. 2017 жылы «Нуроний» қоры, Жастар одағы, Өзбекстан фермер, диқан шаруашылықтары және үй іргесіндегі телім иелері кеңесі, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Өзін өзі басқару мекемелерінің қызметін сәйкестендіру бойынша республика кеңесі сияқты бейүкімет бейкоммерциялық ұйымдар қызметін жетілдіру мен оларды қолдап-қуаттауға бағытталған арнайы жарлық және қаулылар қабылданды.

Халықпен пікірлесудің ретке келтірілуі. 2016 жылда алғаш рет мемлекет халқы мен үкіметтің тікелей пікірлесуі жолға қойылды. Сол жылдың қыркүйек айында Бас министрдің (pm.gov.uz электрон мекен-жайында) виртуаль қабылханасы ашылды. 2017 жылдың «Халықпен байланыс және адам мүдделері жылы» деп жариялануы бұл саладағы жұмыстарды жеделдетті.

Президент Шавкат Мирзияевтің 2016 жыл 28 желтоқсандағы «Жеке және заңды тұлғалардың пікірлерін талқылау жүйесін түбегейлі жетілдіруге тиісті іс-шаралар туралы» жарлығы бойынша Халық қабылханалары ұйымдастырылды. Ал оның қызметкерлері Өзбекстан Республикасы Президенті кеңсесінің қызметкерлері болып есептелетіні белгіленді. 2017 жылы желтоқсанда Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданғанының 25 жылдығына арналған салтанатты жиынындағы баяндамасында Халық қабылханалары негізінде, Президент құзырында арнайы құрылым – Шұғыл мемлекет қызметтері агенттігін ұйымдастыру идеясын алға қойды.

Бір жыл барысында сынақтан өтіп, барған сайын жетілдіріліп отырған осы механизм дүние қоғамдастығына шынайы демократия жолындағы жетістіктерімізден бірі ретінде көрсетілді. Президент Шавкат Мирзияев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 72-сессия-



Ой жүгірту!

Виртуаль қабылхана ашылуының қажеттілігі неде деп ойлайсың?
Қосымша мәліметтерден пайдаланып, интернеттің pm.gov.uz мекен-жайындағы “PM” қысқаруының мазмұнын түсіндір.

сында, халық әкімшілігін атүсті, шын мәнінде іс жүзіне енгізу механизмдерін нығайтуды жаһандық мақсат ретінде белгілеп, еліміздің барлық аумағында Президенттің виртуаль және Халық қабылханалары ұйымдастырылғанын және қазіргі күнге дейін бір миллионнан астам азаматтарымыз сол қабылханалар арқылы өздерінің көкейтесті ділгірліктерін шешкенін атап өтті.

2017–2021 жылдарда мемлекетті дамытудың бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясы. Елімізде тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылған кең ауқымды реформалар ұлттық мемлекетшілік және суверенитетті нығайту, қауіпсіздік пен құқық-тәртіпті, мемлекетіміз шекараларының мызғымастығын, қоғамда заң үстемділігін, адам құқықы мен бостандықтарын, ұлтаралық ынтамақтастық пен діни бауырмалдық ортасын қамтамасыз ету үшін маңызды іргетас болды.





Есіңде сақта!

– Ис-қимылдар стратегиясында мемлекет пен қоғам құрылысы жүйесін жетілдірудің 5 үстем бағыты келтірілген:


- I. Мемлекет пен қоғам құрылыс жүйесін жетілдіру (Көгілдір көк рең – аспан мен таза су рәмізі, Әмір Темір мемлекеті жалауының түсі);
- II. Заң тұрақтылығын қамтамасыз ететін және сот-құқық жүйесін одан әрі реформалау (Күлгін рең – заң тұрақтылығы мен ар-намыстылық рәмізі);
- III. Экономиканы дамыту және ымыраға келтіру (Алтын реңді – экономиканы дамыту элементтері есептелген күш-құдірет пен байлық рәмізі);
- IV. Әлеуметтік саланы дамыту (Қызыл рең – тіршілік пен халықтың сәйкес тұрмыс салтын қамтамасыз ету рәмізі);
- V. Қауіпсіздік, діни бауырмалдық және ұлтаралық ынтымақ, өзара мүдделі және іс жүзіндік сыртқы саясат (Ақ рең – бейбітсүйгіштік саясаты элементтері болып есептелетін тыныштық және пәктік рәмізі).

Сонымен қатар еліміз басып өткен даму жолының талқылануы, қазіргі таңдағы әлемнің базар талабы қатаң өзгеріп бара жатқаны мемлекетімізді бұрынғыдан да жедел қарқынмен дамыту үшін мүлдем жаңа жанасуды талап етеді. Мемлекеттің 2016 жылы сайланған Президенті Шавкат Мирзияевтің бастамасымен жүргізілген реформалар тиімділігін арттыра түсу, мемлекет және қоғамның жан-жақты және жедел дамуы үшін мүмкіндіктер туғызу, мемлекетімізді жағдайға сәйкес өзгерту және өмірдің барлық салаларын либералдандыру бойынша негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 7 ақпандағы жарлығымен 2017–2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Ис-қимылдар стратегиясы бекітілді.

Стратегия көкейтесті және тұрғындар мен іскерлерді қинап жатқан мәселелерді кешенді тексеру, заңшылық, құқықты қорғау дағдысы және шет елдік тәжірибені талдау қорытындылары бойынша жасалған.

Ис-қимылдар стратегиясы 5 басқышта іске асырылып, олардың әрқайсысы бойынша жыл аталуынан туындаған күйде арнайы бір жылдық мемлекет бағдарламасын бекітуді қарастырады.

Ис-қимылдар стратегиясын іске асыруда Президент басшылық ететін 14 адамдық Ұлттық Комиссия түзіліп, ол осы құжатта белгіленген міндеттердің дер кезінде, сапалы орындалуын бақылайтын болды.



Терминдер түсінігі!

Концепция – бір саланы дамытуға бағытталған кең қамтылған жоба немесе көзқарастар жинағы.

Санкция – құқықтануда құқықбұзушыға қатысты қолданатын және ол үшін белгілі нәтижелер келтіретін шара.

Стратегия – ұзаққа баратын ықпал құралдары және тәсілдері; мақсатты болашақты динамикалық анықтап алу.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. «Күшті мемлекеттен – күшті азаматтық қоғамға қарай» ұранын түсіндір.
2. Президенттің 2016 жылы 28 желтоқсандағы «Жеке және заңды тұлғалардың пікірлерін талқылау жүйесін түбегейлі жетілдіруге тиісті іс-шаралар туралы» жарлығында нелерді көздеген?
3. Халық қабылханаларының міндеттері нелерден құралған?
4. «Елімізде демократиялық реформаларды тереңдете түсу және азаматтық қоғамды дамыту концепциясы» неше бөлімнен құралған? Оларды санап бер.
5. Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, Іс-қимылдар стратегиясын іске асыру бойынша Ұлттық Комиссия құрамын анықта.

III БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

5-тақырып. Өзбек моделінің жасалуы. Экономикалық реформалардың басталуы

Өзбекстанда базар қатынастарына өтудің өзіне тән жолы, дамуың «Өзбек моделі». Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезде әлеуметтік-экономикалық жағдай өте күрделі еді. Тәуелсіздігін қолға енгізген Өзбекстан кеңес құрылысы дәуіріндегі экономика негізін жоспарлаушы саясаттан бас тартты және нарықтық экономика жолын таңдады. Әлем тәжірибесінен белгілі, дүниедегі барлық мемлекеттер үшін жарамды болған бірдей өркениет жолы, бірдей үлгі болуы мүмкін емес. Әрбір мемлекет өзінің тарихи-өркениет дәстүрлері, ұлттық өзіне тән ерекшеліктерін есепке алған түрде өз жолы, өз моделін жасау тиіс. Өзбекстан да сондай бағдарлама мен жалпы заңдық өлшемдері негізінде нарықтық экономика қатынастарына өтуге мүмкіндік беретін өз жолын таңдап алды.



Есінде сақта!

Өзбекстанның базар қатынастарына өту жолына қатысты Ислам Каримовтың жасаған бес қағидасы: 1. Экономиканың саясаттан басымдығы, оны идеологиядан бөлу. 2. Мемлекеттің бас реформасы мен экономикалық өзгерістердің бастаушысы. 3. Заң тұрақтылығы, заң алдында баршаның тең екендігі. 4. Күшті әлеуметтік саясат жүргізу, халықтың мұқтаж буындарын әлеуметтік қорғаудың басымдылығы. 5. Нарық экономикасына сатылай, жүйелі түрде өту сияқтылар негіз етіп алынды.

Базар қатынастарына өтудің бастапқы дәуірінен республика үкіметі және Президенті бірнеше құқықтық құжаттар қабылдады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған мүгедектердің, мемлекеттік зейнет камсыздығы, тұтынушылардың, азаматтардың салауаттылығын сақтау мен басқа сол сияқты республика заңдары, үкімет қаулылары және Президент жарлықтары қабылданды.

Экономикалық реформаларды басқару жүйесінің орнатылуы. Базар инфрақұрылымының қалыптасуы. Экономиканы реформалардың негізгі стратегиялық мақсаты алдымен, адамдар тұрмысы мен қызметі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ететін, берік және үздіксіз дамып отыратын экономикалық жүйені орнату болып табылады. Базар қатынастарына өту дәуірінің бірінші кезеңі тәуелсіздік күнінен ұлттық валютаны айналымға енгізгенше болған уақытты өз ішіне қамтиды. Бірінші кезеңде екі негізгі міндет шешілді. Біріншіден, әкімшілдік-әміршілік жүйесінің ауыр салдарлары жеңіп өтілді, дағдарысқа тойтарыс берілді және экономика тұрақтандырылды. Екіншіден, базар қатынастарының құқықтық негіздері қалыптастырылды.

Өзбекстанда базар экономикасына негізделген қоғамның құқықтық-экономикалық негіздері Өзбекстан Республикасының Конституциясында өз көрінісін тапты. Реформалардың бірінші кезеңінде Жоғары Кеңес экономикаға тиісті 100-ден астам заңдар қабылдады. Сонымен қатар жекешелендіру кезінде жеңілдіктер жүйесі жасалды. Жекешелендірілген кәсіпорын еңбек ұжымының қызметкерлеріне акцияларды жеңілдетілген шарттармен сатып алу мүмкіндігі берілді. Ескірген негізгі қорлар, әлеуметтік инфрақұрылым объектері иелеріне тапсырылды. Ауыл шаруашылығы мемлекет шаруашылықтарының мал-мүлкі, фермалар, бау-бақша және жүзімдіктер жеңілдетілген шарттар негізінде жекешеленді.

Мемлекет меншігін жекешелендіру қажеттілігі – базар экономикасы қатынастарына негізделген қоғамды орнатудың басты шарты. Өзбекстан чек құралымен жекешелендіру идеясынан бас тартты, мемлекет мал-мүлкі жаңа меншік иесіне тек сату жолымен ғана меншіктіліктің басқа формасына айналдырыла бастады. Өзбекстан Жоғары Кеңесі 1991 жылы 18 қарашада «Меншікті мемлекет иелігінен шығару және жекешелендіру туралы» заң қабылдады. Алғашқы кезең жекешелендіру үдерісі жалпы үй-жай қорын, сауда, жергілікті өнеркәсіп, қызмет көрсету кәсіпорындарын және ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау жүйесін қамтыды. Өзбекстан Республикасында жекешелендіру үдерісін ұйымдастыру және оған басшылық жасау мақсатында 1992 жылы ақпанда Мемлекет меншігін басқару және жекешелендіру Мемлекет комитеті түзілді. 1994 жылда ол Мемлекет меншігін басқару және іскерлікті қолдап-қуаттау Мемлекет комитетіне айналдырды. Шағын жекешелендіру 1994 жылдың өзінде аяқталды. Меншікті мемлекет иелігінен шығару және жекешелендіруге тиісті 20-дан астам нормативтік құжат қабылданды. 1995 жылы халық шаруашылығында бұқаралық жекешелендірулер дәуірі болды. 1998 жылда жекешелендірілген кәсіпорындар тармағы шұғыл артқандығымен сипатталады. Мемлекет меншігін жекешелендіру бойынша елімізде жүргізілген үлкен көлемдегі іс жүзіндік жұмыстар нәтижесінде мемлекетте көп қарым-қатынасты экономика мен меншік иелерінің сыныбы пайда болды.

Өзбекстан Республикасы бұл дәуірде өз валютасына ие еместігі, ал айналымда 1961–1992 жылдарда шығарылған рубльдің болғаны, кейбір азық-түлік өнеркәсіп өнімдеріне өзінің бастапқы бағасына қарағанда төмен нарық белгіленгендігі үшін оларды республикадан сыртқа алып шығу үдей бастады және елімізде тұрғындарды негізгі тұтыну өнімдерімен қамтамасыз етуде қиыншылықтар жүзеге келді.



Өзіңді сына!

Экономикалық-әкімшілік ұйымдар – бұл ... Бес қағида – бұл ...
Жекешелендіру үдерісі – бұл ... Қайта құру басқыштары – бұл ...

Ұлттық валютаның қабылдануы. Өзбекстан мемлекет тәуелсіздігін қолға енгізіп, өзінің ұлттық валютасын айналымға енгізуге кірісті. Бірақ бұл үдеріс үшін белгілі уақыт, тәжірибе керек еді. Сондықтан, Өзбекстан

1991–1993 жылдарда бұрынғы Одақтан қалған рубль аймағында болып тұрды. Бірақ кеңестерден кейінгі мекенде жалпы ішкі өнім өндірудің бірден төмендеуі нәтижесінде рубльдің құны да соған сай түрде түсе бастады. Өзбекстан айналымға жаңа ұлттық валюта енгізуге белсене кірісті. 1992 жылда айналымға шығаруға болжамданған сум-купон нұсқалары даярланады да 1993 жыл 1 қарашадан Өзбекстанда сум-купон айналымға енгізілді. Оның курсы алдын айналымда болып келген рубльге теңестірілген еді. Өзбекстан басшылығы сум-купондар негізінде қажетті тәжірибе арттырды, шынайы ұлттық валютаны енгізу шараларын көрді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасының ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы» жарлығына сәйкес, 1994 жыл 1 шілдеден бастап республика аумағында бірегей, шектелмеген және заңды төлем құралы ретінде ұлттық валюта – сум айналымға шығарылған.



Есінде сақта!

Айналымға 1994 жылы 1, 3, 5, 10, 25, 50, 100 сумдық, 1997 жылдан 200 сумдық, 2000 жылдан 500 сумдық, 2001 жылдан 1000 сумдық, 2013 жылдан 5000 сумдық, 2017 жылдан 10000 және 50000 сумдық банкноттар шығарылды.

Заманалық көлік-қатынас жүйесінің қалыптасуы. Республика тәуелсіздік алған соң көліктің экономикаға және халыққа қызмет көрсету сапасын түбегейлі жақсарту және сала басқару жүйесін жетілдіру мақсатында «Өзбекстан әуе жолдары» ұлттық әуекомпаниясы (1992 жыл), «Өзбекстан автомобиль көлігі» («Узавтотранс») мемлекет-акционерлік корпорациясы (1993 жыл, 1998 жылдан Өзбекстан автомобиль және өзен көлігі агенттігі), «Өзбекстан темір жолдары» акционерлік компаниясы (1994 жыл) және басқа кеңселер ұйымдастырылды. Елде көлік кәсіпорны мемлекет қатысуындағы акционерлік компаниялары, корпорациялары, ашық түрдегі акционерлік және жауапкершілігі шектелген қоғамдарға, ұжымдық кәсіпорындарына айналдырылды.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында халықаралық талаптарға жауап беретін автомобиль жолдарын салу, барларын халықаралық үлгілерге үйлестіру жоспарланды. Өзбекстан Республикасының Орталық Азияда алған орны, өнеркәсіп және басқа салалардың дамуы, көрші мемлекеттермен экономикалық байланыстарды қарқынды дамыту мақсатында 1996 жылдан Ташкент–Әндіжан–Ош магистралының 100 км-ден астам таулы учаскелерінде құрылыс жұмыстары басталды. Қамшық


және Резак тоннельдері пайдалануға тапсырылды. Алматы–Бишкек–Ташкент–Терміз және Самарқанд–Бұхара–Ашхабад Туркманбоши автомобиль жолы, Еуропаны Кавказ арқылы Азиямен байланыстыратын автомобиль жолды (Еуропа-Кавказ-Азия көлік жолы бір бөлігі)нің республика аумағынан өтетін бөлігін жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды. Өзбекстанды Қазақстан арқылы Ресей Федерациясымен байланыстыратын 340 километрлі Қоңырат–Бейнеу автомобиль жолы құрылысының бірінші басқышы аяқталды.

Өзбекстанның бірегей темір жол тармағын жүзеге келтіру бойынша 1994–2001 жылдарда қашықтығы 700 километрге жуық Науаи–Үшкұдық–Нөкіс темір жолы құрылды.

Республика аумағында барлық көлік түрлерінің жүк және жолаушылар тасу жұмыстарын ұйғарынды халге келтіру, қатынас жолдарды жедел дамыту, көлікте жүк және жолаушыларды тасу саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және трансұлттық көлік жолдарын дамыту саласындағы қызметті үйлестіру мақсатында 2004 жылы «Өзбекстан көлік және көлік қатынас жолдары бірлестігі» ұйымдастырылды. Бірлестік құрамына «Өзбекстан темір жолдары» мемлекет-акционерлік компаниясы, «Өзбекстан әуе жолдары» ұлттық әуекомпаниясы, Өзбекстан автомобиль және өзен көлігі агенттігі, «Узавтожол» компаниясы, көлік қатынас жолдарының құрылысымен айналысушы республика жоба және құрылыс ұйымдары енгізілді.

Бұл дәуірде «Өзбекстан әуе жолдары» белгісімен ұшатын ұшақтар түрлі мемлекеттерде орналасқан 40-тан астам әуежайға үздіксіз қатынай бастады. Авиация саласында іске асырылған терең өзгерістер еліміз экономикасын нығайтуда, оның дүние жүзіндегі атақ-даңқының арта түсуінде өзіне тән фактор болды.

Темір жолдар құрылысында да бірталай жұмыстар жүзеге асырылды. 2001 жылда 341 км болған Науаи–Үшкұдық–Сұлтанзада бағыты, 2007 жылда қашықтығы 220 км Гузар–Байсын–Құмқорған бағыты құрылысы аяқталған. Өзбекстан және Ауғанстан арасындағы сауда, транзит байланыстарының дамуы және Өзбекстанды теңіз көлігіне алып шығатын ең жақын жол Ауғанстан арқылы өтуін есепке алып бірнеше жаңа темір жол құру жобалары жасалды. 2010 жыл Өзбекстан Ауғанстан үшін стратегиялық маңызға ие болған жобаны жүзеге асырды, яғни Хайратон–Мозори



Өзбекстан темір жолдары картасы.

Шариф темір жолының 75 километрін құрды. Бұл сияқты транзит жобалардың іске асырылуы Өзбекстан сыртқы сауда географиясының көлемі артуына негіз болады.



Қамшық туннелі.



Афрасияб пойызы.

2016 жыл маусымда Ангрен–Поп темір жолы және Қамшық туннелі ашылды. Қамшық асуы арқылы өтетін Ангрен–Поп тармағының құрылысы Ферғана өңірін Өзбекстанның басқа аумақтарымен байланыстыруға мүмкіндік туғызады. Бұдан тыс, темір жолдың қашықтығы 123,1 километрді құрап, сол жоба шеңберінде қашықтығы 19,2 километрден құралған темір жол туннелі құрылды.

Өзбекстан Республикасы үкіметі жолаушы тасу саласында жаңа технологияларды енгізу үшін Ташкент–Самарқант бағыты бойымен жүрдек жолаушы тасуды ұйымдастырды. Жаңа жүрдек пойыздың аты Афрасияб бұл – Самарқант облысында орналасқан көне қала атына қойыл-

ды. 2011 жылы қазаннан бастап одан сауда жасау мақсатында пайдалана бастады. Сол жылы екінші пойыз да алып келініп, 2012 жылы мамыр айынан бастап өз қатынауын бастады.



Есінде сақта!

Осы қазіргі заманлық жүрдек бағыт 2015 жылы Қаршы қаласына дейін, ал 2016 жылы “Ташкент–Бұхара” бағыты, 2018 жылы Ташкент–Хиуа бағыты іске қосылды. Пойыз максимал жылдамдықты сағатына 250 километрге дейін арттыруы мүмкін.

Тәуелсіздік жылдарында Ташкент метро құрылысы да жедел қарқынмен өсті. 2001 жылы тамызда Юнусабад бағытының 6 бекеттен құралған бірінші бөлімі қызметке тапсырылып, жолаушы таси бастады.

2016 жылы Ш. Мирзияевтің бастамасымен 7,1 километр болған Ташкент метрополитенінің Сіргелі тармағы құрылысы жүргізіліп жатыр. Сол қаулы бойынша жаңа тармақты 2020 жылға дейін құрып тапсыру көзделген. Сіргелі метро тармағы бүгінгі күнге дейін Орталық Азияда қолданылмаған мүлдем жаңаша эстакада тәсілінде құрылып жатыр. Яғни бұл жол көпір тәріздендіріп құрылады, пойыздар жер үстінде әрекеттенеді.

Өзбекстан теңізге тікелей шығу мүмкіндігі шектелген 34 мемлекеттен бірі болып саналады. Сондықтан әуе жолдары көлігі республика экономикасында елеулі орынға ие. 2012 жылда әуекомпания заманалық әуе кемелерімен қамтамасыз етілді. «Өзбекстан әуе жолдары» әуекомпаниясы дүниенің 25-тен астам мемлекетіне ұшуды іске асырып, жылына дерлік 75 мың транзит бағыттың әуе әрекетін басқарып жатыр. Сондай-ақ, әуекомпания құрамында қызмет көрсететін, соңғы ұрпақ авиация техникаларына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша Орталық Азия аймағында тек жалғыз орталықтың қызметтерінен 320 шет елдік әуекомпания ұшақтарына аэронавигация қызметі көрсетіле бастады. Өзбекстан Ұлттық Әуекомпаниясы Боинг – 757/767, А-320 ұшақтары, отанымызда жасап шығарылған И-114–100 заманалық лайнерлері, Боинг – 767–300 ER жүк тасушы ұшақтарға ие болды. 2016 жылы жаңа ұрпақ ұшақтары Боинг – 787 Дреамлинер алып келінді. Халықаралық ұшулар картасына мән берсек, Өзбекстан ТМД-ның барлық ірі қалалары мен дүние жүзінің АҚШ, Германия, Ұлы Британия, Швейцария, Үндістан, Түркия, Саудия Арабстаны, Оңтүстік



Өзбекстан әуе лайнері.

модернизация жасалды. 2017 жылы Ислам Каримов атындағы Ташкент халықаралық аэропорты Орталық Азиядағы ірі халықаралық әуежайлардан бірі болып есептеледі. Бұхара, Самарқант және Үргеніш әуежайлары халықаралық әуежай мәртебесін алды.



Өзінді сына!

Халықаралық әуежай – бұл ... 2018 жыл – бұл ... 2016 жыл – бұл ...
Афрасияб пойызы – бұл ... 2012 жыл – бұл ... 2007 жыл – бұл ...



«УзДАЕWOOavto» біріккен кәсіпорнында жасап шығарылған алғашқы автокөліктер

Ұлттық автомобиль жасау өнеркәсібіне негіз салынуы. 1992 жылы тамызда Ташкентте Оңтүстік Кореяның «DAEWOOmotors» корпорациясы және Өзбекстанның «Автоқишхужмаш» мемлекет концерні арасында Әндіжан облысының Асака қаласында автомобиль жасап шығаратын «УзДАЕWOO-avto» біріккен кәсіпорнын құру туралы келісімшарт жасалды. Оның құрушылары етіп «DAEWOOmotors» корпорациясы және «Узавтосаноат» бірлестігі, екі жақтың біріккен кәсіпорындағы үлесі тең мөлшерде 50%-дан құралған болып белгіленді. Кәсіпорын құрылысына озық технологиялар, білікті инженерлер, өзбекстандық жастар жұмылдырылды. 1000-нан астам өзбекстандық жастар Оңтүстік Кореяға барып «DAEWOO» компаниясында жұмыс істеп, автомобиль жасап шығару тәжірибелерін үйреніп қайтты. 1996 жылы шілдеде «УзДАЕWOOavto» біріккен кәсіпорны ашылды.

Бүгінгі күнде «Узавтосаноат» АҚ жүйесіне енуші «GM Uzbekistan» АҚ (2007 жыл), «SamAuto» (Самарқанд автомобиль зауыты 1999 жыл), «MAN Auto Uzbekistan» (2009), «GM Powertrain Uzbekistan» ҚК негізгі жасап шығару компаниялары қызмет етіп жатыр. Сонымен қатар, Өзбекстан автомобиль өнеркәсібінде жергіліктендіру бағдарламасын іске асыру тиімді жолға қойылуы нәтижесінде «Узавтосаноат» АҚ құрамында 75-тен астам кәсіпорындар жұмыс істеп тұр.



«MAN» жүк автомобильдері.



Ой жүгірту!

Бүгінгі күнде дерлік әрбір екі отбасынан бірінде жеке автомобиль бар. Осы сөзді бүгінгі күнде мемлекеттегі кең аумақты реформалармен түсіндіруге әрекет жаса!

Елбасының 2017 жылдағы «Шет ел инвестициялары қатысуындағы «Uzbekistan Pejo Citroen Automotive» кәсіпорнын құру туралы» қаулысына сәйкес, «Жызак» ерікті экономикалық аймағында «Узавтосаноат» акционерлік компаниясы Францияның «Pejo Citroen» тобымен ынтымақтастықта «Pejo» және «Citroen» брендтері астында жолаушы және жүк тасуға арналған жеңіл сауда автомобильдерін жасап шығару қолға алынды. Ол жерде 2019 жылдан бастап әр жылы ішкі және сыртқы



Есінде сақта!

1996 жыл Әндіжан облысы Асака қаласында Орталық Азия аумағында алғашқы автомобиль зауыты іске қосылды. Сол жылдан бастап бірнеше маркадағы автомобильдер жасап шығару жолға қойылды: 1996 жыл – Дамас, Тико, Нексия; 2001 жыл – Матиз; 2002 жылы – Нексия ДОНС; 2003 жылы – Шевролет Ласетти; 2004 жыл – Матиз Бест; 2006 жыл – жаңаланған Дамас; 2007 жыл – Шевролет Каптивa, Эпика, Такума; 2008 жыл – Нексия-2; 2010 жыл – Шевролет Спарк; 2012 жыл – Шевролет Малибу, Шевролет Кобальт; 2013 жыл – Ласетти II (Gentra); 2014 жыл – Шевролет Орландо; ал 2015 жылда Малибу-2, «Узавтосаноат» АҚ «Ravon» ұлттық маркасымен Нексия – 3 моделінің тұсаукесерін өткізді.

базар үшін жеңіл сауда автомобильдерін жасап шығарушы кәсіпорын құрылады.

Аграрлық реформалар. Ұлттық егемендік жылдарында мемлекет үкіметі қабылдаған мөлшерлі-құқықтық құжаттар негізінде мемлекет ауыл шаруашылығында аграрлық реформалар іске асырылды. Ауылда іске асырылған аграрлық реформалар нәтижесінде мемлекетте көп укладты шаруашылықтар қалыптастырылды. 1990 жылда тұрғындар тұтынуына қажет болған астықтың 82%, картоп, ет және ет өнімдерінің 50%, сүт пен сүт өнімдерінің 60% шеттен алып келінетін еді.



Фермер шаруашылығы
даласында

1991–2000 жылдарда ауылда іске асырылған түпкілікті аграрлық реформалар Өзбекстан ауыл тұрмысын жаңа көрініс пен жүйеге өзгертіп жіберді. Мемлекетте су жетіспеушілігі есепке алынып, 1998 жылдан бастап мақташылықта Израиль технологиялары негізінде тамшылатып суару тәсілі, Әндіжандық мақташылар бастамасымен шитті үлдірік астына егу технологиясы енгізілді. Сондай-ақ, Өзбекстан кенеп, темекі өсіру саласында да дүниеде жетекші орындарда тұрады. Шаруашылық саласын дамыту мақсатында Өзбекстан Республика Министрлер Кабинетінің 1995 жылдағы «Шаруашылықта жекешелендіруді жалғастыру және жеке іскерлікті қолдау іс-шаралары туралы» қаулысы қабылданды. Нәтижеде республикада өндірілетін ет пен сүттің 75%-ын жеке сектор бере бастады. Өзбекстанда базар қатынастарына өту жағдайында фермер шаруашылықтарының құрылуы аграрлық реформалардың негізгі мазмұнын құрады. 1992 жыл Өзбекстан Республикасы «Диқан (фермер) шаруашылығы туралы» заңының қабылдануы оның алғашқы кезеңін белгілеп берді. 1998 жылда Өзбекстан Республикасы «Фермер шаруашылықтары туралы» заңының қабылдануы сол саланың толық дамуы үшін құқықтық негіз болды.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарынан мемлекет басшылығы азық-түлік ділгірлігін өз мүмкіндіктеріміз есебінен шешу, әсіресе, астық тә-


уелсіздігін қамтамасыз ету мәселесін күн тәртібіне қатаң міндет етіп қойды. Мемлекетте мақта жеке үстемдігіне тойтарыс берілді. Нәтижеде азық-түлік қауіпсіздігі, астық тәуелсіздігі қамтамасыз етілді.

Өзбекстан ауыл шаруашылығында жерлердің су қорын және мелиоративтік жағдайын жақсарту бойынша 2003–2009 жылдарда 801,5 мың АҚШ доллары құнындағы 21 жоба іске асырылды. Іске асырылған мұндай шаралар нәтижесінде ауыл шаруашылығы егіндерінің өнімділігі біршама артты, фермер шаруашылықтарының табыстарын көбейту мүмкіндіктері кеңейді.

Ауыл шаруашылығында іске асырылып жатқан істердің көлемін кеңейте түсу үшін бұл салада заманалық суару жүйелері және энергияны үнемдейтін технологиялардан пайдалануға, топырақ құнарлылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жасалды.

2008–2012 жылдарда елімізде суарылатын жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту Мемлекет бағдарламасы шеңберінде жалпы қашықтығы 10 мың 500 километрден астам шаруашылықаралық және шаруашылық ішіндегі коллектор-дренаж тармақтарында жалпы 60 миллиард сумға жуық жөндеу-тіктеу жұмыстары жүзеге асырылды. 2008 жылдан бастап мемлекетімізде дерлік 1 миллион 500 мың гектар суарылатын жердің мелиоративтік жағдайы жақсартылды, жер асты сулары жоғары болған алаңдар 415 мың гектарға немесе дерлік 10 пайызға қысқарды, күшті және орташа сорланған алаңдар 113 мың гектарға азайды.

Ауыл шаруашылығында өндіруді модернизациялау, техникалық және технологиялық тұрғыдан жаңарту сол сала тармақтарының тиімділігін арттыруға септігін тигізуде. 2010 жылы республика басшысының бастамасымен Украина мен Польша мемлекеттерінен алып келінген интенсивтік технологиялар негізінде күтім жасалатын аласа және жартылай аласа жеміс-жидек көшеттері, негізінен Ташкент және Самарқанд облыстарының фермер шаруашылықтары алаңдарына егілді. Мұндай бақтарды жылдан-жылға кеңейту, оларды диқан фермер шаруашылықтарында өсіру мақсатында іс-шаралар бағдарламасы жасалды. 2017 жыл жағдайына қарай Республикамыз аумағында жалпы 5,5 мың гектардан астам алаңда осындай интенсивтік бақтар өсірілген. Қазір өндірілетін жемістер, тек көрші елдерге ғана емес, сондай-ақ, Еуропа елдеріне де экспорт жасалынып отыр.



Терминдер түсінігі!

Дотация (лат. — сый) – белгілі қаражаттарды қамту үшін экономиканың бір субъекті екіншісіне қайтарып бермеу шартымен ақша қаражатының берілуі.

Аэронавигация – (лат. — кемеде жүзу) ұшу аппараттарын тиісті аспап пен құралдар арқылы белгіленген жолдан алып бару жайындағы ғылым; әуе навигациясы.

Магистрал – (лат. — басты, негізгі) негізгі жол. Қатынау жолы, жалпы, тармақталған жүйелердің негізгі бөлігі.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында Өзбекстанда экономикалық жағдай қандай еді?
2. Өзбекстанда әлеуметтікке бағытталған экономика жүйесінің мәні нелерден құралған?
3. Дамудың өзбек моделі және оның негізгі принциптері нелерден құралған?
4. 2010 жылдан кейінгі дәуірде автомобиль және темір жолдарды құруда қандай өзгерістер жүзеге келді?
5. Төмендегі кестені толтыр.

Қ/с.	Үдеріс аты	Жылы	Маңызы
1	Афрасияб жүрдек пойызы іске түсті		
2	“УзDAEWOO авто”ның іске қосылуы		

6-тақырып. Мемлекет өндіру қабілетінің арттырылуы және дүние жүзі экономикалық жүйесіне интеграциялануы

Экономиканы модернизациялау. 2000 жылда басталған экономикалық реформалардың кейінгі кезеңінде экономикаға мемлекет араласуы дәрежесінің төмендеуі және шаруашылық жүргізуші субъекттер қызметі кепілдіктерін күшейту мен оларға бақылаушы мекемелердің заңсыз араласуынан қорғау мәселелеріне басты назар аударылды. 2002 жылдан бастап импорттың орнын басушы өнімдер өндіруді және өндіруді жергіліктендіру бағдарламасы іске асырыла бастады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2008 жылдағы «Экономикалық реал секторы кәсіпорындарының қаржылық тұрақтылығын одан әрі арттыру іс-шаралары туралы» жарлығында экономикалық нашар

кәсіпорындарды қаржылық қолдау, қазіргі жағдайға сәйкес өзгерту (модернизация), техникалық және технологиялық жағынан жаңарту үдерісіне сауда банктарының қаржыларын кеңірек жұмылдыруды жолға қою шаралары мен банкрот кәсіпорындарды сауда банктеріне сату немесе тікелей балансына беру механизмі ұсынылды. Сол кәсіпорындарды жағдайға сәйкес өзгерту және тұрақты даму үшін тікелей инвестицияларды жұмылдыру мақсатында жекешелендірілген объектерге нарық белгілеудің тиімді механизмі енгізілді.

Кәсіпкерлердің мемлекет тарапынан қолдап-қауатталуы, оларды ынталандыратын механизмнің жасалуы. 2001 жылдан бастап жеке меншік кәсіпкерлікті, әсіресе, шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту арқылы эко номиканы құрамдық қайта құру іске асырылды. 2000 жылы қабылданған Өзбекстан Республикасының «Кәсіпкерлік қызметі еріктілігінің кепілдіктері туралы» заң шағын және жеке меншік кәсіпкерліктің дамуы үшін аса кең мүмкіндіктерді ашып берді. Бұл жекешелендіретін кәсіпорын еңбек ұжымына акцияларды жеңілдетілген шарттармен сату, жаңа меншік иесіне ескірген негізгі қорлар мен әлеуметтік инфрақұрылым объектерін тегін тапсыру, мемлекет кәсіпорындарының мал-мүлкі, фермалар, бау-бақшалар және сол сияқтыларды жеңілдетілген шарттар негізінде жекешелендіру мен салық төлеуде кейбір жеңілдіктер беру сияқты жағдайларда өз көрінісін тапты. Республикада меншікті мемлекет иелігінен шығару кезінде халық үшін күшті әлеуметтік кепілдіктер жаратылды және қамсыздандырылды.

2002 жыл «Сақтандыру қызметі туралы» заңның қабылдануы және Президент жарлығы негізінде 2002 жылы ақпаннан бастап сақтандыру ұйымының 3 жыл мерзімге табыс салығынан азат етілуі мемлекетімізде сақтандыру базарын еркіндете түсу және дамытуға қызмет етеді.

Шағын бизнес пен жеке меншік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы. Тәуелсіздіктің қолға енгізілуі Өзбекстанды біртіндеп даму жолына қайтуына мүмкіндік жасады. «Өзбек моделі» концепциясы негізінде басталған экономикалық және әлеуметтік реформалар республикада кәсіпкерліктің дамуына кең мүмкіндіктер ашып берді.

Шағын бизнес пен жеке меншік кәсіпкерлікті дамыту бірнеше басқыштарда жүргізілді.

Бірінші басқыш – 1991–1996 жылдар. Бұл басқыш меншікті мемлекет иелігінен шығару мен жекешелендіру және нарықтық экономиканы орнатудың негізі болған кіші меншік иелері сыныптарының қалыптастырылуынан басталды. Сонымен қатар, бұл басқышта жеке меншік іскерлікті дамыту үшін ыңғайлы жағдай, жеке меншік мүлкті қорғаудың Конституциялық құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуші заңдар қабылданды.

Екінші басқыш – 1996–2000 жылдар. Бұл басқышта кең қамтылған жекешелендіру іске асырылды, экономика салаларына жеке меншік капиталды жұмылдыру мүмкіндіктері кеңейді, бастапқы жеке меншік сауда банктері мен банктен тыс қаржы институттары (кредит бірлестіктері) өз қызметтерін бастады. 1996 жылы халықаралық экономика орталығында болған мақта дағдарысы оның бағасының төмендеп кетуіне, сондай-ақ республика экономикасына валюта түсімін қамтамасыз етіп тұрған сол шикізаттың экспортынан түсетін табыс сол жылдың өзінде 15% қысқаруына себеп болды. Оның үстіне, 1998–1999 жылдардағы қолайсыз ауа райы жағдайы мақта өнімділігіне айтарлықтай зиянын тигізді, нәтижеде оның экспорты 25%-ға қысқарды. Бұған жауап ретінде мемлекет үкіметі назары импорт орнын басушы өндірісті қолдау және бұл дәуірде үлкен қиыншылықпен табылып жатқан валюта қорын сақтап тұруға, одан өнімдірек пайдалануға бағытталды.

Үшінші басқыш – 2000–2016 жылдар. Бұл басқышта жеке меншік кәсіпкерлікті кең көлемде дамыту үшін жағдайлар жасау және оның кепілдігіне қаратылған бірнеше құқықтық-мөлшерлік құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, 2000 жылда қабылданған «Кәсіпкерлік қызметі бостандығының кепілдіктері туралы» заңмен кәсіпкерлік қызметі субъекттерін мемлекет тіркеуінен өткізу механизмі жеңілдетілді, азаматтардың кәсіпкерлік қызметінде еркін қатысуы және мүдделілігі үшін кепілдіктер мен жағдайлар ұсынылды, кәсіпкерлердің жеңілдетілген кредит алу үшін құқықтары нығайтылды.

2008 жылда дүние жүзі қаржы-экономикалық дағдарыстың кері салдарларын жою бойынша шағын бизнес субъектілерінің сауда банктері кредит қорларынан пайдалану мүмкіндіктері кеңейтілді, өндірумен айна-

лысатын шағын кәсіпорындар үшін бірегей салық ставкасы көбірек төмендетілді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің «2011–2015 жылдарда Өзбекстанда экономикалық реформаларды одан әрі тереңдету шаралары туралы» және «Шағын бизнес пен меншікті кәсіпкерлік жылы» мемлекет бағдарламасы туралы» қаулыларына сәйкес, экономиканы еркіндете түсу мен модернизациялау және елімізде ыңғайлы кәсіпкерлік ортасын қалыптастырудың үстем бағыттары белгілеп берілді.

Төртінші басқыш – 2016 жылдан басталды. Президент Шавкат Мирзияевтің 2016 жыл 5 қазандағы «Кәсіпкерлік қызметінің жедел дамуын қамтамасыз етуге, жеке меншік мүлікті жан-жақты қорғауға және кәсіпкерлік ортасын сапа жағынан жақсартуға тиісті қосымша іс-шаралар туралы» жарлығына сәйкес, кәсіпкерлікті одан әрі қарқынды дамытуға баса назар аударылды. 2018 жыл бекітілген «Белсенді кәсіпкерлікті, инновациялық идеялар мен технологияларды қолдап-қуаттау жылы Мемлекет бағдарламасында кәсіпкерлік субъекттерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруге екі жыл мерзімге мораторий (кейінге қалдыру) жарияланды.

Еркін әрі арнаулы экономикалық аймақтар жасалуы және олардың маңызы. 1996 жылда Өзбекстан Республикасының «Еркін экономикалық аймақтар туралы» заңы қабылданды. Заң бойынша еркін экономикалық аймақ дегенде белгілі аймақты қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін мемлекет пен шет ел капиталын, болашақ технология мен басқару тәжірибесін жұмылдыру мақсатында түзілетін, анық белгіленген әкімдік шекаралары және арнайы құқықтық тәртібі болған арнаулы бөлінген аумақ түсініледі. Елбасының 2008 жыл «Науаи облысында еркін индустриал-экономикалық аймақ құру туралы» жарлығы негізінде «Науаи» халықаралық интермодал логистика орталығы құрылды. 2013 жылда Өзбекстан Республикасы Президентінің «Жызак» арнаулы индустриал аймағын орнату туралы» және «Ангрен» арнаулы индустриал

Есінде сақта!



Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жылдың 2 қыркүйегіндегі қаулысы бойынша, Өзбекстанда 5 қыркүйектен бастап заңды және жеке тұлғалар шет ел валютасын ешқандай шектеусіз алмастыруды бастады. Бұл сумды конвертациялау бойынша өте маңызды адым болды



Ой жүгірту!

Кәсіпкерлік жолындағы кез келген кедергілерді алып тастау мемлекет басшысы ретінде менің ең үлкен міндетім болып табылады. Кәсіпкер жолына кедергі болу мемлекетке қиянат ретінде қаралады.

Шавкат Мирзияев. 2017 жыл 7 желтоқсан.

аймағын құру туралы» жарлықтары қабылданды. Аталмыш жарлықтар бәсекеге төзімді өнім өндіруді қамтамасыз ететін заманалық, жоғары технологиялы өндірулерді ұйымдастыру үшін шет ел және жергілікті инвестицияларды жұмылдыру, бұл тұрғыда ыңғайлы жағдайларды қалыптастыруға, өндіру және қор әлеуетінен тиімді пайдалану, жаңа жұмыс орындарын ашу және халық табыстарын арттыруға қызмет етуі көзделген.


Экономикалық аймақтар енгізілетін инвестиция мөлшерінен туындаған күйде 3 жылдан 7 жылға дейін мерзімге кеден және салық төлемдерінен азат етіледі. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2016 жыл қазандағы «Үргіт», «Ғыждуан», «Қоқан» және «Хазорасп» еркін экономикалық аймақтарын құру туралы» 2017 жыл «Еркін экономикалық аймақтар қызметін тездету және кеңейтуге тиісті қосымша іс-шаралар туралы» жарлықтары негізінде, бүгінгі күнде (2018) еліміздің 10 аумағында 14 еркін экономикалық аймақ қызмет көрсетуде. «Науаи», «Ангрен», «Жызақ», «Үргіт», «Ғыждуан», «Қоқан» және «Хазорасп» еркін экономикалық аймақтарында 62 жоба іске асырылған, 4 мың 600-ден астам жұмыс орны жасалған. Фармацевтика саласына маманданған «Нөкіс-фарм», «Замин-фарм», «Касансай-фарм», «Сырдария-фарм», «Байсын-фарм», «Бостандық-фарм», «Паркент-фарм» сияқты 7 кәсіпорын құрып пайдалануға тапсыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатыр. Президенттің 2016 жылдағы жарлығы бойынша «Науаи» еркін индустриал-экономикалық аймағы, «Ангрен» және «Жызақ» арнаулы индустриал аймақтары атын біркелкілендіру мақсатында олар «Науаи», «Ангрен» және «Жызақ» еркін экономикалық аймақтар деп аталатын болды.

Салық жүйесі. 1991 жыл тамызда Өзбекстанда қазіргі заман түрінде, жаңа типтегі салық жүйесі жүзеге келді. Өзбекстан салық мекемелері 1991 жылда қабылданған «Кәсіпорындар, бірлестіктер және ұйымдардан алынатын салықтар туралы» заң, 2008 жылда жаңа баспада қабылданған «Өзбекстан Республикасының Салық кодексі» негізінде жұмыс жүргізеді.

Дәрігерлік, білім беру мен спорт объекттерін сақтау қаражаттары кәсіпорындардың салыққа тартылатын базасынан шығарылады, ал саудада ілгері төлеп келінген үш төлем орнына бір салық төлем кіргізілді. Дамыған мемлекеттер тәжірибесі негізінде азаматтардың жылдық табыстарына Декларация жасау тәртібі енгізілді.

2008 жылдан кейінгі дәуірде де мемлекетімізде шағын бизнес және жеке меншік кәсіпкерлік саласы да тиянақты дамыды. Шаруашылық жүргізетін субъекттердің салық жүгін тағы да кеміте түсу, микрофирма мен шағын кәсіпорындар үшін бір салық төлемінің 10 пайыздан 8 пайызға, 2009 жылы 7 пайызға, кейінірек бұл көрсеткіштің 5 пайызға түсірілуі, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы ставкаларының кемітілуі және қазіргі кезде оны есептеу тәртіптерінің жетілдірілуі кәсіпкерлік, шағын және жеке меншік бизнесті жүйелі дамыту үшін ынталандырушы шаралар жасады.

2017–2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясында белгіленген, салық



Терминдер түсінігі!

Ерікті экономикалық аймақ – бұл аймақтарда нарықтық экономиканың ашық жүйесі ұйымдастырылады. Шет елдік және ұлттық кәсіпкерлер үшін қолайлы, жеңілдік жағдай туғызылады.

Арнаулы экономикалық аймақ – бұл аймақтар ерекше мәртебеге ие болады. Арнаулы жеңілдік пен шегерулер негізінде сауданың кеден мүмкіндіктері беріледі.

Ерікті индустриялық-экономикалық аймақ – бұл аймақтарда кәсіпорындар қызметін жеделдету, өнеркәсіпті сәйкестендіру, ішкі базарды тауарлармен толтыру, экспорт-импортты кеңейту іске асырылады.

Арнаулы индустриялық аймақ – бұл аймақтарда жаңа технологияларды меңгеру, жеке саладағы өнеркәсіпті дамыту, аумақтың өзіне тән әлеуметтік мүмкіндіктері есепке алынып жеке өнеркәсіп өнімдерін өндіру ұйымдастырылады.

Логистика – (грек. logistike – есептеу, талқылау өнері) Адам қызметінің бір саласын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді басқару жүйесі.

Конвертация – (лат. convertatio – өзгерту, айналдыру) Ұлттық валютаның іс жүзіндегі курс бойынша басқа шет ел валюталарға еркін және шектелмеген мөлшерде алмастырылуы.

салу жүйесін жүйелілікпен жеңілдету, салық салынатын базаны кеңейту арқылы салық жүгін төмендету сияқты міндеттер белгіленген. Сол міндеттердің орындалуы бойынша, сондай-ақ, салық әкімшілігінің заманалық тәсілдерін енгізу, салықтар мен басқа мәжбүри төлемдер жинақталуын арттыру мақсатында 2017 жыл 18 шілдеде Президенттің «Салық әкімшілігін түбегейлі жетілдіру, салықтар мен басқа мәжбүри төлемдердің жинақталуын арттыру іс-шаралары туралы» жарлығы қабылданды. 2018 жыл 1 қаңтардан бастап, салық мекемелері мен адал салық төлеушілер арасында оларға қазіргі салық салу мәселелерін шешуде жан-жақты көмектескен күйде кеңейтілген ақпарат алмасуды қамсыздандыратын салық бақылауының заманалық формасы – салық мониторингісін енгізу белгіленді.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. 2017 жылы елімізде валюта саласында қандай өзгерістер болды?
2. Өзбекстанда жекешелендіру үдерістері мен меншік иелері сыныбын қалыптастыру саласында мемлекет жүзеге асырған саясатқа баға бер.
3. Өзбекстанда ауыл шаруашылығына тиісті реформалардағы жетістіктер мен ділгірліктер нелерден құралған?
4. Мемлекеттің экономикалық дамуында көлік жүйесі, темір жолдар мен әуе жолдарының маңызы жайында пікірінді білдір.
5. Экономикалық өркениетте шет ел инвестициясын жұмылдыру саясатының маңызын түсіндір.
6. Еркін экономикалық аймақ дегенде нені түсінесің?

7-тақырып. Әлеуметтік саясат және оның іске асырылу басқыштары

Тәуелсіздік қарсаңында әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдай. XX ғасырда 70 жылдан астам уақыт үстемдік еткен, дүние жүзі картасында «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» деген атпен үлкен аумақты алып жатқан, әкімшілдік-әміршілдік жүйесіне негіздеген ірі мемлекеттегі дұрыс емес, тиімсіз әлеуметтік-экономикалық саясат 1980 жылдардың соңында барлық Одақтас республикалар қатарында Өзбекстан халқының да тіршілік жағдайларын қиындатып, оны көптеген ділгірліктер қоршауына салып қойды. Бұл ділгірліктердің барлығы 1980 жылдардың аяғы, 1990 жылдардың бастарында Өзбекстанда



Есінде сақта!

Бұл дәуірде халықтың орташа жылдық өсу қарқыны 2,8 пайызды құраған. 1991 жылы мемлекетте халық саны 20,7 миллион адамнан артып, 1990 жылға қарағанда 386,0 мың адамға артқан. Ал бұл Өзбекстанда халықтың өсу қарқындылығы Одақ қарқындылығына қарағанда үш есе жоғары болғанын көрсетеді.

әлуеметтік шиеленістің күшеюіне себеп болды. Атап өтсек, республикада демографиялық жағдай күрделенді.

Бірақ, халықтың мұндай өсуі ұзақ жылдар бойы өнеркәсіп пен экономиканың басқа салаларында жұмыс орындарын көбейту және халықтың тіршілік қамы үшін қажет жағдайлар туғызумен нығайтылмады. Ал бұл адамдардың тұрмыс дегейінің төмендеуі, жұмыссыздар санының артуы, әлеуметтік еңбек өнімділігі мен халық табыстарының әлсіреуі, нәтижеде халық әл-ауқатының төмендеуіне себеп болды. Республикадағы әлеуметтік жағдай, адамдардың әлеуметтік қамсыздығы және оларды әлеуметтік қорғау қанағаттандырарсыз дәрежеде еді. Әсіресе, ауыл тұрғындарының таза ішімдік су және табиғи газбен қамтамасыз етілуі тек 5 пайызды, ауыз сумен қамтамасыз етілуі дерлік 50 пайызды, табиғи газбен қамтамасыз етілуі 17 пайызды құрайтын. Халықты үй-жай, денсаулық сақтау, мәдениет, тұрмыстық қызмет объектері, мектептер, балалар бақшасы және сол сияқты қамсыздандыру жұмыстарында жылжулар сезілмеді. Шындығында, халықтың көпшілігі ауылды жерлерде жасайтын еді.



Есінде сақта!

2018 жыл 1 қаңтар жағдайы бойынша Өзбекстан халқы 32,65 миллион адамды құрайды және, оның ішінде, қала халқы саны жалпы халықтың 50,6 %-ын, ауыл тұрғындары 49,4 %-ын құрайды. Халқы саны 3 миллион адамнан артық аумақтар саны 4-еу, олар Самарқанд, Ферғана, Қашқадария және Әндіжан облыстары болып есептеледі. Өзбекстанда Орта Азиядағы жалпы халықтың 1/3 бөлігінен көбі жасайды.

Жоғарыда атап өтілген жағдайлар Өзбекстан халқы табыстары мен тұрмыс дәрежесінің кескін төмендеуіне соқтырды.

Әлеуметтік инфрақұрылым салалары – денсаулық сақтау, халыққа білім беру, мектепке дейінгі балалар мекемелері өте ауыр жағдайда еді, мектеп пен ауруханалардың 60 пайызы талапқа жауап бермейтін ғимарат-



Есінде сақта!

Халықты әлеуметтік қорғау іс-шаралары жүйесіндегі ең негізгі бағыт – бұл бағалар еркінделуі және ақшаның құнсыздану дәрежесі артып баруына қатысты табыстардың ең кем және орташа дәрежесін үздіксіз арттырып отыру болып есептеледі.

тарда орналастырылған. Ал бұл сол дәуірде адамның жан-жақты толық кемелденуі, оның тұлға ретінде рухани дамуын ескермей, көбінесе, жасау үшін керек болған ең қарапайым нәрселер де тапшылығын көрсетеді.

Әлеуметтік саясат концепциясының қалыптасуы. Тұрғындардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мемлекет саясатының басты бағыты саналады. Ислам Каримов жасаған бес қағиданың маңызды бөлімі халықты әлеуметтік қорғау да сонымен байланысты болып табылады. Өзбекстан үкіметі сол бес қағида негізінде өту дәуірінде халықты әлеуметтік қорғау бойынша қажетті шаралар көрді. Бұл шаралар адамдардың тұрмыс дәрежесін кескін төмендеп кетуінің алдын алуда маңызды рөл ойнады.

Елде әлеуметтікке бағытталған нарық экономикасын орнатуда мемлекет күшті әлеуметтік қорғау саясатын жүргізді. Әлеуметтік саясат Өзбекстанның өз тәуелсіздігі мен даму жолының жетекші қағидаларынан бірі болып есептеледі. Республикада әлеуметтік қорғаудың құқықтық ортасы жасалды, оған заңды негіз салынды. Әлеуметтік қорғау қағидалары Өзбекстан Республикасы Конституциясында кепілдікке алынып, қабылданған заңдарда өз көрінісін тапты. Мемлекетте табыс алудың кепілдікке алынуы жүзеге асырылды.

Ең кем жұмыс жалақы және басқа төлемдер, әдетте, алдынан көбейтіріліп келінді, баға өзгерісімен байланысты жүргізілді, ал бұл халықтың төлем қабілеті сақталып қалуын қамтамасыз етті әрі тұрмыс деңгейінің кескін төмендеп кетуіне жол бермеді.

Халықтың әлеуметтік қорғаудың екінші бағыты – ішкі тұтыну базарын қорғау және азық-түлік өнімдері мен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың негізгі түрлері тұтынуын белгілі деңгейде сақтап тұру. Бұған қол жеткізуде негізінен өнімдер экспортын кеден жүйесі арқылы бақылау және оларға жоғары кеден төлемдерін енгізу, күнделікті қажет тауарларды мөлшерленген түрде сатуды ұйымдастыру сияқты шаралар үлкен маңызға ие болды.

Экономикалық реформалардың алғашқы басқышында әлеуметтік саясатты іске асырудың үшінші бағыты – халықтың аз қамсыздандырылған топтарын әлеуметтік қорғау және қолдау бойынша іс-шаралар өткізгені болды. Бұл бағытта халықтың әлеуметтік жағынан нашар буындары – зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы және аз табысты отбасылар, жұмысыздар, оқушы жастар және аталған мөлшерде табыс алушы адамдар түрлі жолдармен қорғалып отырды.

1992–2017 жылдар ішінде еңбекақы мен зейнетақылардың, жоғары оқу орындары шәкірттерінің, аспиранттарының, докторанттардың стипендиялары мөлшері бірнеше рет көтерілді. Зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын ескеріп, ең аз зейнетақының толық мөлшері еңбекақының ең аз мөлшерінен артығырақ болуы қамсыздандырылып келді. Бұл жол әлеуметтік әділет қағидаларына сай келетін еді.

1994 жылы Өзбекстанда халықтың әлеуметтік қорғау жүйесі түбегейлі өзгертілді. Әлеуметтік көмек берудің мүлдем жаңа озық жүйесі қалыптасты. Бұл жүйенің мәні сонда, балалар мен аз табысты отбасылар бұл көмектен пайдаланатын негізгі адамдар болып қалды.

1994 жылы қыркүйектен бастап, барлық балалы отбасылар үшін бірыңғай жәрдемақы енгізілді. Мұндай көмек адамдарға жақын тұратын махалла жиындарында жүзеге асырылатын болды.

1996 жыл желтоқсанда балалы отбасыларға әлеуметтік көмек берілуін күшейту, халықты әлеуметтік қорғау тұрғыдағы іс-шараларды жүзеге асыруда азаматтардың өзін өзі басқару мекемелерінің рөлі және жауапкерлікті арттыру мақсатында «Балалы жанұяларды мемлекеттік қолдауын күшейте түсу туралы» тағы бір маңызды жарлық қабылдады.

Дербес жұмыс!

Төмендегі мәлімет негізінде, қосымша әдебиеттерден пайдаланып шағын эссе жаз!

1996 жылдан бастап 16 жасқа дейінгі балалары бар барлық отбасыларға берілетін әр айлық жәрдемақылар көбейтіліп, бұл жәрдемақылар балалардың санына қарап төмендегі мөлшерде белгіленді: бір балалы отбасыларға – ең кем еңбекақының 30%; екі балалы отбасыларға – ең кем еңбекақының 60%; үш балалы отбасыларға – ең кем еңбекақының 80%; төрт балалы отбасыларға – ең кем еңбекақының 100%; бес және одан көбірек балалы отбасыларға – ең кем еңбекақының 120%.

Онда 1997 жылдан бастап көмекке мұқтаж, балалы жанұяларға балалардың санына, ең аз еңбекақының 50 пайызынан бастап 175 пайызына дейін жәрдемақылар берілетін болды. Мүгедек балаларды салауаттандыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі, «Салауатты ұрпақ үшін» қоры бастамасымен, шет ел ынтымақтастарды жұмылдырған күйде, тума ақаулықтары бар балаларды күрделі хирургиялық жолмен емдеу жұмыстары жүзеге асырылды.



Есінде сақта!

1997 жылдан бастап, әр жылы 1-сынып оқушыларына тегін оқу құралдарын, оқулықтарды беру енгізілді, аз қамсызданған отбасылардың бастауыш сыныптарда оқитын балаларына тегінге қысқы жылы киімдер беру жолға қойылды.

Қарияларды қорғау. Мемлекетімізде халықтың мұқтаж бөлігін, солардың ішінде, жалғыз қариялар, зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік-қорғауды күшейте түсуге ерекше мән беріліп отыр. Атап айтқанда, 2005 жылы – «Денсаулық жылын»да 2 мыңға жуық жалғыз қарияның үй-жайы жөндеп берілді, аз қамсызданған отбасылар мен қартайған азаматтарға материалдық көмек көрсетті.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2006 жылдағы «2007–2010 жылдарда жалғыз қариялар, зейнеткер мен мүгедектерді айқын әлеуметтік қорғау және оларға әлеуметтік қызмет көрсетуді күшейте түсу іс-шаралары бағдарламасы туралы» қаулысы бойынша, «Нуроний» қоры есебінен, халықтың әлеуметтік қорғауға мұқтаж топтарына, ардагерлердің емделу орындарына, «Саховат» және «Мурувват» үйлеріне дәрі-дәрмек құралдары жеткізілді. Өзбекстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық бөлімдерімен ынтымақтастықта қариялар толық диспансер байқауынан өткізілді.

Ташкент қаласында ардагерлерімізге барлық қолайлықтарға ие 150 орынды «Нуроний» емханасы қызмет етіп келеді. Облыс емханалары қасындағы ауруханаларда қордың облыс бөлімдері және жергілікті әкімдіктердің іс жүзіндік көмегі арқылы ұйымдастырылған жалғыз қариялар мен мүгедектерді тегін емдеуші «Нуронийлар» бөлімшелері қызмет көрсетуде. Республикамыздағы барлық «Саховат» және «Мурувват», «Мехрибонлик» үйлері мен арнаулы мектеп-интернаттарға демеушілер әр жылы материал-

дық көмек беріп тұрады. 2015 жылда қарттардың тіршілік деңгейі мен сапасын жақсартуға түсу, оларды материалдық және рухани қолдау көлемін кеңейту, жасы үлкен адамдар, әсіресе, 1941–1945 жылдардағы соғыс және еңбек фронты ардагерлеріне әлеуметтік, зейнетақы қамсыздығы мен дәрігерлік қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында, 2015 жыл «Қарияларды қадірлеу жылы» деп жарияланды. Әр жылы соғыс қатысушы-



Есінде сақта!

Әр жылы 9 мамыр «Еске алу және қастерлеу күні» өткізілгенде соғыс қатысушылары марапатталады. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 4 сәуірдегі жарлығы бойынша, Екінші дүние жүзілік соғыс қатысушылары 2 млн сумнан сыйлық алды. Соғыс қатынасшыларының кейбіреулеріне толық жабдықталған үйлер, Қаж зияратына тегін бару және кезексіз автомобиль сатып алу жеңілдігі берілді.

лары мен тыл артында еңбек еткендерге тегін дәрігерлік қызмет көрсетіледі, олар шипажай және демалыс үйлерінде емделеді, басқа қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі.

Елімізде 2007 жылды «Әлеуметтік қорғау жылы» деп жариялануы халықты әлеуметтік қорғауды қамсыздандыру, оның тұрмыс пен әл-ауқат дәрежесін жүйелі арттыруға арналған кең көлемді мемлекет саясатының іс жүзіндік көрінісі болды. Сол мағынада, 2007 жылы мұқтаж отбасыларға мемлекет әлеуметтік көмек беру механизмдерін жүзеге асыруда азаматтардың өзін өзі басқару мекемелері сақтауы керек болған негізгі қағидалар жетілдірілді.

Аналар мен балалар салауаттылығын қорғау. Республикада аналар мен балалар денсаулығын қорғауға үлкен мән берілді. «Балалықтан мүгедек туылуының алдын алу үшін жаңа туылған нәрестелерде және жүкті әйелдерде тума және басқа паталогияны ерте анықтау бойынша «Ана мен бала скринингі» Мемлекет жүйесін ашу туралы» Министрлер Кабинетінің арнаулы қаулысы қабылданғандығы бұл саланың дамуына салмақты үлес қосты.



Балалардың дәрігерлік бақылауы.



2015 жылы Дүние жүзі салауаттылықты сақтау ұйымы мәліметіне қарай Өзбекстанда туылған балалардың 92 пайызы мүлдем салауатты. «Балаларды қорғайық» халықаралық ұйымы түзген дүние жүзі рейтингіде Өзбекстан балалар салауаттығын нығайту тұрғыда үлкен қамқорлық жасаған ең озық жетекші он мемлекет қатарына кірді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2009 жылы «2009–2013 жылдарда халықтың репродуктивтік салауаттылығын нығайту, салауатты бала туылуы, жеке және рухани кемелденген ұрпақты кәмелетке жеткізу тұрғысындағы жұмыстарды күшейте түсу және тиімділігін арттыру іс-шаралары бағдарламасы туралы» қаулысы қабылданды. Сол қаулы бойынша салауаттылықты сақтау саласын қайта құру және сол салада сапа өзгерістерін жүзеге асыруды қамсыздандыру тұрғысындағы жұмыстар жалғастырылды. Балаларды жұқпалы ауруларға қарсы емдеу деңгейі дерлік 100 пайызды құрады.

Барлық облыстар орталықтарында ересектер мен балалар үшін көп салалы дәрігерлік орталықтары, әрбір ауданда ең заманалық медицина құрал-жабдықтарымен жиһаздалған ауыл дәрігерлік пункттері қызметі ретке келтірілген. Бүгінгі күнде республикамызда 3000-ға жуық Ауыл дәрігерлік пункті (ҚДП) қызмет көрсетеді.

2016 жылы Өзбекстанда «Дені сау ана мен бала жылы» деп жарияланды. 2016 жылы алыс ауыл аудандарында жасайтын халық, бірінші кезекте, әйел-қыздар үшін қажетті әлеуметтік, тұрмыстық және дәрігерлік жағдайлар жасау, ауыл тұрғындарын таза ауыз суы, табиғи газбен қамсыздандыру, қызмет көрсету сапасын арттыра түсу тұрғыдағы жұмыстар жүйелі жалғастырылды.

Өткен жылдар ішінде елімізде халықтың орташа өмір сүру деңгейі де біршама артты. Бұл тұрғыдағы жалпы көрсеткіш 1990 жылы 67 жасты құраған болса, 2015 жылда 74 жасты құрады. Оның қатарында, еркектер арасындағы орташа өмір сүру 66 жастан 70 жасқа, ал әйелдер арасында 72 жастан 76 жасқа ұзайғаны адамдар салауаттығын қорғау және тұрмыс



Өзіңді сына!

Орташа өмір жасы – бұл Қарияларды қадірлеу жылы – бұл ...
Әлеуметтік қорғау жылы – бұл ... Дені сау ана мен бала жылы – бұл ...

жағдайын жақсартуға арналған іс-шаралардың белгілі әрі айқын нәтижесі ретінде бағалау орынды болады.

Үй-жайлар құрылысы. Тәуелсіздік қарсаңында, әлі әміршілдік құрылыс үстемдік етіп тұрған кезде, Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов ұлы ерлігімен халықты үй-жайлы ету мәселесінің шешімі табылды. Нәтижеде 1989–1990 жылдарда бір жарым миллионнан астам отбасына қосымша жер бөлінді, 700 мың отбасына үй жанына жерлер берілді. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2009 жыл 3 тамыздағы «Ауылды жерлерде үй-жай құрылыс көлемін кеңейтуге тиісті қосымша іс-шаралар туралы» қаулысымен басталған ауыл инфрақұрылымын жаңалауға арналған жасампаздық жұмыстары бүгін ауылдарымыз көрінісін заманалық архитектура негізінде түбегейлі өзгертуге қызмет етіп жатыр. Атап айтқанда, 2009–2016 жылдарда ауылды жерлерде 70 мыңға жуық ыңғайлы үлгілі үйлер құрылды. Нәтижеде 83,5 мынан артық отбасының тұрмыс жағдайы жақсарды. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің 2016 жыл 21 қазандағы «2017–2021 жылдарда ауылды жерлерде жаңарған үлгілі жобалар бойынша жеңілдетілген үйлер құру бағдарламасы туралы» қаулысы сол бағыттағы кең аумақты реформалардың қисынды жалғасы болып, ауыл құрылысында жаңа кезенді бастап берді.



Үлгілі жобадағы үйлер.




Жеңілдетілген үй-жайлар.



Көп қабатты үй-жайлар.

Қазіргі кезде ауыл тұрғындарының заманалық және жеңілдетілген үйлерге артқан талаптарынан туындап, жеңілдетілген кредит берудің жоғары дәрежедегі шарттары енгізілді. Сондай-ақ, энергияны үнемдейтін материалдар мен құрал-жабдықтардың жаңа түрлерінен пайдаланудың арта түсуі құрылып жатқан үйлердің бағасы төмендеуі және халықтың барлық топтары үшін қолжетімді бағалар белгіленуіне қызмет етті. Қаулы бойынша, ауыл жерлерде болған үлгілі жобаларға қосымша түрде екі, үш қабатты (2, 3 бөлмелі) сондай-ақ халық тығыз орналасқан аудандарда ауладағы ғимараттармен бірге алаңы 0,02 гектар болған жер учаскелерінде орналастыратын бір қабатты 2 және 3 бөлмелі, алаңы 0,04 гектар болған жер учаскелерінде орналастырылған екі қабатты 4 бөлмелі арзан үйлердің жаңа үлгілері енгізілді.

Бұдан тыс, 2017 жылдан бастап мемлекет астанасы және облыстарда үй-жайға ие болмағандар, әскери қызметкерлер, жас ғалымдар және ішкі істер қызметкерлері үшін жеңілдетілген үйлер құрылып, иелеріне тапсырылып жатыр.



Терминдер түсінігі!

Скрининг – (ағыл. – іріктеу) арнаулы тәсілдермен ауруды ерте және тез анықтау үшін халықты бұқаралық тексеруден өткізу.

Инфрақұрылым – өндіріске қызмет ететін және қоғам өмірі үшін қажет болған мөлшерлі жағдайды қамсыздандыруға қызмет ететін алуан түрлі көмекші қызмет көрсетуші салалар кешені.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. «Балаларды қорқайық» ұйымы рейтингіде Өзбекстан қандай орын алды?
2. Интернет мәліметтерінен пайдаланып, бүгінгі күнде жасайтын жерлердің қандай түрлері бар екендігін айт.
3. Қарияларлы қадірлеу тұрғысында 2017 жылдың өзінде іске асырылған 3 негізгі шараны ата.
4. Төмендегі кестені толтыр.

Қ/с.	Балаларды қорғау	Қарияларды қорғау	Аналарды қорғау

IV БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯЛАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

8-тақырып. Өзбекстанда ұлтаралық қатынастар және кеңпейілділік

Ұлтаралық татулық идеясы. Ұлтаралық татулық идеясы Жер жүзінде жасайтын барлық этникалық топтардың тең құқықтық, өзара құрмет және ынтымақтастық негізінде тыныш-тату жасау идеясы болып табылады. Ұлтаралық татулық идеясы — тыныштық пен тұрақтылық идеясы. Ол барлық ұлт пен ұлыстардың тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрлері, мерекелерінің дамуын талап етеді. Ұлтшылдық, фашизм, ұлттық және этникалық көріністе соғыстарға қарсы тұратын жалғыз ағарту идеясы болып табылады. Әсіресе, бүгін неофашизм бас көтерген өркениеттераралық қақтығысулар болып жатқан жағдайда ұлтаралық татулық идеясы көкейтесті маңызға ие болады.



Есінде сақта!

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 8-бабында «Өзбекстан халқын, ұлтына қарамай Өзбекстан Республикасының азаматтары құрайды», деген маңызды ереже белгіленіп қойылған.

Бүгін Өзбекстанда 138 ұлттық-мәдени орталықтар ұлтаралық татулық идеясын өмірге енгізіп отыр.

Орыстардың «Масленница», татарлардың «Сабантой», ұйғырлардың «Сайл» мерекелері, қытайлардың «Чунузе» жаңа жылы, кәрістердің «Соллер» және «Овол – тано» мерекелері өткізіліп жатыр. Әр жылы республикамыз деңгейінде «Біз бір жанұя перзенттеріміз», «Отан – жалғыз, Отан – біреу», «Өзбекстан – ортақ үйіміз» ұранымен фестивальдар өткізіліп келеді.

Өзбекстанда ұлтаралық қатынастар. Өзбекстан аумағында өз мәдениеті және өз дәстүрлеріне ие болған 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері жасайды. Олар да мемлекеттің барлық азаматтары қатары бірдей құқық пен міндеттерге ие.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 4-бабында атап өтілгеніне



Мемлекетіміздегі түрлі ұлт өкілдері.

ніндей Өзбекстан Республикасы өз аумағында жасайтын барлық ұлт пен ұлыстардың тілдері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері құрметтелуін қамсыздандырады, олардың дамуы үшін жағдай жасайды.



Есінде сақта!

Өзбекстан халқының 80 %-ын өзбек, 4,9 %-тәжік, 3,8 %-ын орыс, 3,6 %-ын қазақ және 7,7 %-ын басқа түрлі ұлттарға тиісті адамдар құрайды.

Көпұлтты мемлекет саясатының негізгі мақсаты ұлтаралық татулық пен діни кеңпейілділікті қалыптастыру болуы тиіс. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ ұлттық саясаттың өзіне тән жолы жасалды, сол саясат ұлттық бауырмалдықтың тиянақты дамуына негіз салды.

Өзбекстанда жасайтын түрлі ұлт өкілдерінің мәдени талаптарын қанағаттыру үшін ұлттық-мәдени орталықтар (ҰМО) қызмет етеді. Бастапқы ұлттық-мәдени орталықтар кәрістер, қазақтар, еврейлер, армяндар республика облыстарында 1989 жылда ұйымдастырылған. Бұл орталықтардың шындап дамуы және өркендей түсуі Өзбекстан тәуелсіздікке ие болған соң басталды. Бұл дәуірде олардың тиімді қызмет етуі үшін кең мүмкіндіктер жасалды. Нәтижеде олардың саны жыл сайын артып отырды.



Есінде сақта!

Егер 1992 жылда 10 ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс жүргізген болса, ал қазіргі күнде, мемлекетте 138 ұлттық-мәдени орталықтары қызмет атқарып жатыр.

Өзбекстан Республикасында жасайтын түрлі ұлт өкілдерінің республика әлеуметтік, рухани-ағарту өмірінде белсенді қатысуын қамсыздандыру ұлттық-мәдени орталықтар қызметінің маңызды бағыттарынан бірі болып табылады. Сондай-ақ, шет ел мемлекеттеріндегі бірыңғай ұйымдармен достық, ынтымақтастық, мәдени-ағарту байланыстар орнату және достастық байланыстарын дамыту, түрлі мемлекет пен қоғам ұйымдары және шығармашылық бірлестіктерімен ынтымақтастықта мемлекетте азаматтар ынтымақтастығы мен ұлтаралық татулықты нығайтуға көмектесу ұлттық мәдениет орталықтар, атап айтқанда, Республика Ұлттар ұйымы мәдениет орталығының негізгі міндеттері болып табылады. Ал 1992 жылы құрылған Республика Ұлтаралық мәдениет орталығы сол ұлттық мәдениет

орталықтар қызметін үйлестіріп, оларға ұйымдастырушылық және тәсілдік көмек көрсетіп келді.

Ұлтаралық орталығы әр жылы екі рет тіл мерекесін өткізіп келеді. Бұлар – ЮНЕСКО Бас конференция 30-сессиясында (1999 жыл) 21 ақпан – Халықаралық ана тілі күні деп жарияланған және 2000 жылдан 195 мүше мемлекеттерде атап өтіліп келе жатқан «Халықаралық ана тілі күні» және Өзбек тіліне Мемлекеттік тіл мәртебесі берілген күн болып есептеледі. Осыған байланысты әр жылы дәстүрлі түрде өзбек тілі бойынша шешендік өнері байқауы ұйымдастырылып тұрады.



Өзіңді сына!

Халықаралық ана тілі күні – ... Өзбекстан халқы – бұл ...
Ұлттар ұйымы орталығы – бұл ... Ұлтаралық татулық – бұл ...

Өзбекстан – кеңпейілдік өлкесі. Тарихтан белгілі, өзбек халқы бастан кешірген репрессия жылдары және екінші дүние жүзілік соғысы жылдары көп қысымға бетпе-бет келген кәрістер, немістер түріктер, поляктар, гректер, қырым-татар және басқа ұлт өкілдері Өзбекстанды Отан деп білді. Ал олардың қазіргі ұрпақтары үшін Өзбекстан Отан-Анаға айналды. Өйткені, олар осы жерде туып кәметке жетті, өмірден өз орындарын тапты.

Өзбекстанда жалпыхалық мереке ретінде кең атап өтілетін «Тәуелсіздік» және «Наурыз» мерекелері, 8 желтоқсан – Конституция қабылданған күн, 8 наурыз – Әйел-қыздар күні, 9 мамыр – Еске алу және қастерлеу күні сияқты мерекелік шараларда түрлі ұлт және ұлыс өкілдері де белсенді қатысады.



Есінде сақта!

Бүгінгі күнде де ұлттаралық татулық пен діндераралық кеңпейілділік идеясы – дүниеде ең көкейтесті ділгірліктерден бірі. Соған қатысты, ЮНЕСКО 1995 жылы Парижде «Кеңпейілдік қағидалары декларациясын қабылдады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы әр жылы 16 карашаны «Халықаралық кеңпейілдік күні» деп жариялады.

Қазіргі Өзбекстан аумағында ежелден шығыс руханиятына сүйеніп жасау, татулыққа ұмтылу, жан-жақты жетілген жоғары құндылық деңгейіне көтерілген, ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік шығу тегіне және діни нанымына қарамай, бірегей өлшем – адамды адамдығы үшін ардақтау басты өлшем етіп алынған.

Бүгінгі күнде республикадағы барлық жоғары оқу орындарында түрлі ұлтқа тиісті студенттер оқиды. Әлемнің көп мемлекеттерінде сирек байқалатын тағы бір жағдай сол, Өзбекстанда білім беру 7 тілде жүргізіледі. Бұлардың құрамына өзбек және қарақалпақ тілдерінен басқа орыс, қазақ, түрікмен, тәжік және қырғыз тілдерін енгізу мүмкін. Телерадио көрсету және бағдарламалар 12 тілде эфирге беріледі, газет



Ұлтаралық қатынастар және шет ел мемлекеттермен достық байланыстары комитеті.



«Халықтар достығы» алаңындағы Шомахмудовтар отбасы ескерткіші

және журналдар 10-нан астам тілдерде басылады. Бұл Өзбекстанда ұлтаралық ынтымақтықты нығайта түсуге қызмет етеді.

Ұлтаралық қатынастарда жана дәуір. Бүгін республика аумағында жасайтын 130-дан астам ұлт және ұлыс өкілдеріне Өзбекстан Конституциясы ұлтаралық татулықты нығайту, тұрақтылық пен дамуды қамсыздандыру кепілі болып қызмет етеді.


Президентіміз Шавкат Мирзияев бастамасымен қабылданған 2017–2021 жылдары Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясында мемлекетімізде ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударған. Елімізде тыныштықты нығайта түсу, ұлтаралық тұрақтылықты жетілдіру мақсатында 2017 жылы 19 мамырда Өзбекстан Республикасы Президентінің «Ұлтаралық қатынастар және шет ел мемлекеттермен достық байланыстарын жетілдіре түсу іс-шаралары туралы» жарлығы қабылданды. Жарлыққа сәйкес, Ұлттар мәдени орталығы негізінде ұлтаралық қатынастар және шет ел мемлекеттермен достық байланыстары комитеті құрылды. Ал бұл, сондай-ақ, мемлекетімізде қызмет атқаратын ұлттық мәдени орталықтар және достық қоғамдарын қолдау, олардың тиімді қызмет атқаруында

мемлекет кеңселері мен қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейтуде мықты сүйеніш болады.



Ой жүгірту!

2017 жылы Ташкенттегі «Бабыр» бағына «Достық» бағы деген ат беріліп, бақтың орталығына Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында түрлі ұлтқа тиісті жетім балаларды асырап алған әйгілі Шомахмудовтар жанұясы ескерткіші көшіріп әкелінгені және 2018 жылы осы ескерткіш «Халықтар достығы алаңына» қайтарылғанын түсіндір.



Терминдер түсінігі!

Байналмилал – (арабша – ұлттар арасындағы, ұлтаралық) халықаралық, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық мағыналарда қолданылады

Менталитет – (нем. – ақыл, ес) қоғам, ұлт, ұжым немесе жеке тұлғаның тарихи қалыптасқан ойлау дәрежесі. Қоғам, ұлт немесе тұлғаның менталитеті олардың өзіне тән дәстүрлері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, діни наным және ырымдарын қамтиды.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Ұлтаралық татулық идеясын түсіндір.
2. Мемлекетімізде 130-дан астам ұлт және ұлыстардың тыныш-тату жасауы үшін қандай жағдайлар жасалған?
3. «Халықаралық кеңпейілдік күні» қай күні атап өтіледі? Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, ол күн неге сол күнде атап өтілетінін анықта.
4. Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясының нешінші бағыты ұлтаралық татулыққа арналған?
5. Республика Ұлтаралық мәдениет орталығы қандай ұйымға айналтырды? Оның мәртебесі қандай?

9-тақырып. Өзбекстанда конфессиялараралық қатынастар

Діндераралық кеңпейілділіктің қалыптасуы. КСРО дәуірінде Өзбекстанда 89 мешіт, 2 медресе болған, ал 2017 жылға дейін 2033 мешіт, Ислам университеті, Ислам институты, 16 діни конфессиялар қызмет атқарған. Өзбекстан халқының 88 пайызы Ислам дініне, 10 пайызынан көбі басқа діндерге сыйынады, 1,8 пайызы ешқандай дінге нанымдық етпейді. Рамазан айты, Құрбан айты республика деңгейінде

атап өтіледі, діни журнал және газеттер басылып, теледидар мен радиода діни тақырыптарда арнаулы көрсетулер мен бағдарламалар жүргізіледі. Өзбекстанда дін мемлекеттен, саясаттан бөлінген, бірақ халықтан бөлінген емес. Халқы көп ұлтты болған Өзбекстанда Исламнан тыс христиандық, яхудилик, буддалық және басқа конфессияларға сыйынушы адамдар да бар. Көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекетте ұлтаралық ынмақтастық пен діни бауырмалдық саласында жүргізілетін жүйелі мемлекет саясаты түрлі ұлт және барлық діни конфессия өкілдерінің еркін өмір сүрулері үшін тиянақты негіз жасады.

1991 жылы мемлекеттің ұждан еркіндігі және дінге тиісті саясатын белгілеп беретін «Ұждан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» заңы қабылданды. Оның қабылдануы ислам дініне және басқа діндерге сыйынушы азаматтардың өмірінде маңызды орын алады.



Есінде сақта!

«Барша үшін ұждан еркіндігі кепілденеді. Әрбір адам қалаған дінге нанымдылық білдіру немесе ешқандай дінге нанбаушылық құқығына ие. Діни көзқарасты мәжбүри сіндіруге жол берілмейді».

Өзбекстан Республикасының Конституциясы. 31-бап.

1992 жылы Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша Министрлер Кабинеті құзырында Дін жұмыстары бойынша комитет ұйымдастырылды. Комитет құрамында діни конфессиялармен істеу үшін арнаулы құрылған бөлім жұмыс бастаған соң, республика аумағында орналасқан және діни қызмет атқаратын барлық ұйымдар жайында мәліметтер жинала бастады.

1998 жылы Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі «Ұждан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» заңның жаңа басылымы қабылданды. Сол заңда азаматтардың ұждан мен наным еркіндігімен байланысты құқық пен борыштары ашық-жарқын белгілеп қойылды.

«Ұждан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» заңға сәйкес, «Мемлекет діни конфессиялар арасындағы тыныштық пен татулықты қолдайды. Бір діни конфессиядағы діншілдерді басқасына кіргізуге арналған іс-әрекеттер (прозелитизм), сондай-ақ, басқа кез келген миссионерлік қызметіне тыйым салынады. Сол ереженің бұзылуына айыпты болған тұлғалар заң құжаттарында белгіленген жауапкерлікке тартылады».

Өзбекстан сияқты көп конфессиялы мемлекетте ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдық әлеуметтік-саяси тұрақтылық пен дамуды қамсыздандырудың басты шарттары саналады. Діни бауырмалдық – мемлекетте дамыған демократиялық қоғамның негізгі қағидалары. Осы тұста 16 діни конфессия өзара татулықта қызмет етуде.

Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін жұмыстары бойынша комитет дін иелері қажеттіліктерін қандыруға көмектесіп келеді. 2007 жылы Ислам Ынтымақтастығы ұйымының білім беру, ғылым мен мәдениет мәселелер бойынша құрылысы – АУСЕСКО «Ташкент – Ислам мәдениеті астанасы» деп жариялады. Бұл Өзбекстан мемлекетінің дінге болған қатынасының нәтижесі болып табылады.

Діни бауырмалдық қағидалары. Өзбекстанда орнаған діни бауырмалдылық төмендегі факторлармен белгіленеді:

Біріншіден, республикада өмір сүретін барлық ұлт және ұлыс өкілдері мен түрлі діни конфессиялар қызметінде өзара құрмет, сабыр-төзім, кеңпейілділік қағидаларын орнатуда іс жүзіндік жұмыстар жүргізіледі.

Екіншіден, ұлттық және діни бауырмалдылық өзбек мәдениеті мен менталитетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Өзбекстанда діни бауырмалдылық тұрғыда жүргізіліп жатқан саясат демократиялық өзгерістерді және әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге, басқа ұлттар, діндер мен мәдениеттерге құрметсіздік жағдайларын, экстремизм түрлерінен бөлек шынайы демократиялық қоғамды құру факторына айналуына, қоғамда ұлтаралық және діндераралық татулықтың сақталуына мүмкіндік жасап жатыр.

Үшіншіден, ұлтаралық және конфессиялараралық қатынастардағы үйлесімділік халықтардың рухани байлығының көзі саналады және мемлекеттердің саяси әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ұнамды ықпал жасайды. Түрлі мәдениет пен дін өкілдері арасындағы пікірлесулер келісім және өзара сенімге қол жеткізу жолдарынан бірі болып саналады.

Төртіншіден, мамандардың пікірінше, бір-бірінен өзгешеленетін 2 түрлі бауырмалдылық ұғымы бар: *формал* – сыртқы көріністегі кеңпейілділік және *ішкі* – позитивтік бауырмалдық. Формал түріндегі басқаның діни нанымына төзімділікті, оған қарсы күреспеуді білдірсе, ал ішкі ұнамдысы басқа діндерді жақсы білуді қажет етеді. Бүгінгі Өзбекстанда екі көріністе де бауырмалдық іс жүзінде өзінің толық көрінісін тапқан.

Түрлі дін өкілдеріне қатынас. Ғылыми деректер өлкемізде ежелгі замандардан-ақ зардуштилік, буддалық, яхудилік, христиандық сияқты күрделі идеологиялық жүйеге ие діндер тыныш-тату қызмет жүргізгендігін дәлелдейді. Мұндай жағдайды қазіргі Өзбекстандағы ислам, христиан, яхуди діндері мен басқа конфессиялардың өзара қатынастары мысалында да көру мүмкін.

Жалпы, Өзбекстанда қызмет жүргізіп жатқан бейисламдық конфессиялары түрлі нанымда болған азаматтардың татулық және достық байланыстарын нығайтуда белгілі беделге ие.



Ташкенттегі Рим-католиктер шіркеуі.

негізделген, бұлар өзара құрмет және кеңпейілділік болып табылады. Бұл қатынас әр түрлі діндер өкілдерінің күрделі тарихи үдерістер сынақтарын ерлікпен жеңіп өткендерінің нәтижесінде қалыптасқан. Мемлекетте тыныштық, даму және тұрақтылық болуынан барлық дін өкілдері мүдделі болып, кейбір конфессиялар өкілдері Өзбекстанда және шет елде ұйымдастырылып жатқан рухани және ағарту шаралардағы баяндамаларында республикада діни кеңпейілділік және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту тұрғысында іске асырылып жатқан реформаларды қолдайтындықтарын білдіріп жатыр. Мұндай қатынасты мемлекет те марапаттап келеді. Митрополит Владимирдің «Достық» орденімен марапатталғаны мұның жарқын дәлелі болып отыр.

Республикада діни бауырмалдылық және әлеуметтік тұрақтылықты қамсыздандыруда конфессиялардың да белгілі орны бар. Біріншіден,

олар өз қызметтері барысында халықта діни бауырмалдылық мәдениетін кемелдендіру жолында рухани-ағарту шаралар ұйымдастырылады. Екіншіден, мемлекетте діндераралық татулықты қолдау және түрлі келіспеушілік пен шиеленістерді тудырушы миссионерлік сияқты іс-әрекеттерге қарсы іске асырылып жатқан шараларда белсенді қатысады.

Ислам діні және діни білім беруге көңіл бөлу. Бүгін республикада 16 діни конфессияға тиісті 2238 діни ұйым – Имам Бұхари атындағы Ташкент ислам институты, 9 орта арнаулы ислам оқу орны, православ және протестант семинариялары қызмет атқарып жатыр. Оларда шәкірттер діни ілім алумен бірге қауымдық ілімдерді алу мүмкіндігіне де ие.



Есінде сақта!

Ташкентте 2013 жыл құрылысы басталған Минор мешіті 2014 жылы 1 қазанда, үлкен Құрбан айт күнінде ашылды. Мешіт ғимараты дәстүрлі шығыс сәулетшілігі тәсілінде құрылды. Оның екі мұнарасы және аспан түстес күмбезі бар. Мешіт 2 400-ден астам намаз оқушылар үшін шамаланған.

1999 жылда Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен Орталық Азияда бірегей Ташкент Ислам университетіне негіз салынды.

Президент Шавкат Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясындағы сөзі тек мемлекетімізде ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия және бүкіл дүниеде ынтымақтастыққа қол жеткізу, діндераралық татулық, тыныштықты сақтау жолында маңызды нұсқаушы болып жатқанын, бұл жағдайлар Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Іс-қимылдар стратегиясында да өз көрінісін тапқанын атап өтті.

Президенттің 2017 жылы 27 наурыздағы «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырында Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу орталығын ұйымдастыру іс-шаралары туралы» қаулысына сәйкес Самарқантта ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырылды. Оның құрамында хадистану жоғары мектебі, хадис, калом және қироат



Ташкенттегі Минор мешіті.




Мұны оқы!

«Бүгінгі сессия қатынасушыларына БҰҰ Бас Ассамблеясының «Ағарту және діни бауырмалдылық» деп аталған арнаулы резолюциясын қабылдау ұсынысымен үндеу жасамақшымын. Бұл құжаттың негізгі мақсаты – баршаның білім алу құқықын қамсыздандыруға, сауатсыздық пен надандыққа шек қоюға көмектесуден құралған. Бұл резолюция кеңпейілдік және өзара құрметті орнату, діни еркіндікті қамсыздандыру, нанымдық жасаушылардың құқықын қорғау, олардың кемсітілуіне жол бермеуге көмектесуге арналған».

Шавкат Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясындағы сөзінен.

ілімін зерттеуге арналған бөлмелер, қолжазбалар кітапханасы, мұражай ұйымдастырылды. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 23 маусымдағы «Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырында Өзбекстандағы Ислам мәдениеті орталығын ұйымдастыру іс-шаралары туралы» қаулысы негізінде Ташкентте Ислам мәдениеті орталығы және Президенттің 2017 жылы 15 желтоқсандағы жарлығы негізінде Өзбекстан Ислам академиясы ұйымдастырылды.



Терминдер түсінігі:

Конфессия – (лат. – тән алу, мойындау) діни сенім, наным; сонымен бірге мазхаб мағынасына ие түсінік.

Толеранттық – (лат. – сабыр-шыдамдылық, шыдам, төзім) өзгердің пікір-идеялары, нанымы, сезім ойлары, тұрмыс салты және мінез-құлқына қатысты сабырлы-төзімді болу, немқұрайды көзқарас; кеңпейілдік.

Семинария – христиан шіркеулері үшін дінбасылар даярлайтын оқу орны.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Бүгінгі күнде Өзбекстанда қанша діни ұйымдар бар?
2. Конфессиялараралық қатынастар дегенде нені түсіндің?
3. Діни кеңпейілдікке кепілдік беретін құқықтық-мөлшерлік құжаттарды санап бер.
4. Діни кеңпейілдік қағидаларын айтып бер.

V БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ

10-тақырып. Жалпы орта арнаулы білім беру жүйесі

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында білім беру жүйесі. Мәдени-рухани дамудың ең маңызды іргетасы – білім беру жүйесі болып табылады. Өйткені заман талаптарына жауап беретін, озық ғылым-техника, технология жетістіктерін игеріп алған кадрларды жетілдірмей қоғамды жетілдіріп болмайды. Өзбекстанда 1992 жыл 2 шілдеде «Білім беру туралы» заң қабылданды. Бұл нұсқаулық құжатта білім беру саласындағы мемлекет саясатының негізгі қағидалары, білім беру жүйесі, оның басқару құрамы, педагог қызметкерлердің борышы мен жауапкерліктері анық белгілеп берілді. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында 10 мыңнан астам халық білім беру қызметкеріне мемлекет үйлері, ал 22 мыңнана астам қызметкерге ұйым мен мекемелер қарамағындағы үйлер тегін жекешелендіріп берілді. 50 мыңнан астам педагог қызметкерге жеке құрылыс үшін жер алаңдары бөлінді. Қыстақтарда жасайтын педагог қызметкердің барлығы коммунал қызмет үшін төлемдерден азат етілген болса, қалалықтар оның 50 пайызы мөлшерінде төлеп отырды. Кейін келе коммунал қызмет бойынша бұл жеңілдіктер айлық жалақыларына қосып берілетін теңелтумен (компенсациямен) алмастырылды.

1992 жылдағы заң негізінде жалпы білім беру төмендегі басқыштар бойынша іске асырыла бастады.

- I басқыш – бастауыш білім беру (1–4 сынып);
- II басқыш – негізгі (тірек) мектеп (4–9 сынып);
- III басқыш – жоғары орта мектеп (10–11 сынып);

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің 1996 жыл желтоқсандағы қарулысымен 1 қазан – «Мұғалімдер мен тәрбиешілер күні» деп белгіленді және бұл күн мереке ретінде демалыс күні деп жарияланды.



Мектеп ғимараты. 1991–2000 жылдар.



Есінде сақта!

1997 жылдан бастап әр жылы 1 қазан «Мұғалімдер мен тәрбиешілер күні» ретінде аталып келеді.

Өзбекстанда жынысы, тілі, жасы, нәсілдік, ұлттық тиістілігі, нанымы, дінге қатынасы, әлеуметтік шығу тегі, қызмет түрі, әлеуметтік беделі, жасайтын жеріне қарамай, әркімге білім алуға тең құқықтар кепілдік етілді.

Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы. Өзбекстанда білім беру саласындағы саясат 1997 жыл 29 тамызда қабылданған «Білім беру туралы» жаңа баспадағы заңда және Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасында өз көрінісін тапты.

1996–1997 оқу жылынан бастап мектептердің бірінші сыныптарында оқу латын әліппесінде жүргізілді. Латын емле әліппесінде оқыту үшін қажет бағдарлама, оқу қолданба мен оқулықтар жасалды.

Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы 3 басқышты реформалар негізінде іске асты. I басқыш – 1997–2001 жылдардағы бағдарламаны іске асыруға қажет құқықтық-мөлшерлік, ғылыми-методикалық, қаржылық-материалдық жағдайлар жасалды. Бұл үшін мемлекет қосымша түрде 65 миллиард сум қаржы жұмсады. II басқыш – 2001–2005 жылдарды қамтып, ұлттық бағдарлама кең шеңберде енгізілді. III басқыш – 2005 жылдан бүгінгі күнге дейін. Бұл басқышта Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы нәтижесінде қол жеткен нәтижелер, жиналған тәжірибелер жалпыландырып, сол негізде елімізде оқу жүйесі жетілдіріліп келді. 2009 жылдан бастап, елімізде 12 жылдық мәжбүрі білім беру енгізілді.

9 жылдық жалпы орта білім беру сауаттылық негіздерін, жалпы орта білім алу үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған. Балалар бірінші сыныпқа 6–7 жастан қабылданады. Жалпы орта білім



Есінде сақта!

Білім беру жүйесі Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы негізінде мектепке дейін білім беру, жалпы орта, орта арнаулы білім беру, жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру, білім женілдіру және кадрларды қайта даярлау, мектептен тыс білім беру түрлерінен құралған.

беру керекті білімдер көлеміне негіз салады, өз бетінше пікірлеу, ұйымшылдық қабілеттері және іс жүзіндік тәжірибе дағдыларын дамытады, бастапқы кәсіптік бағыт пен кезектегі білім беру басқышын таңдауға негіз жасайды.

Президенттің 2004 жылдағы жарлығы негізінде 2004–2009 жылдарда Мектепте білім беруді дамыту мемлекет жалпыұлттық бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама шеңберінде жаңа мектептер құрылды, басқалары капиталдық тұрғыдан жөнделді; анық және табиғи пәндерден оқу зертханалар қажетті құралдармен жабдықталды.

Жалпы орта, жалпы, білім берудің барлық басқыштарында жаңа оқу бағдарламалары, мемлекет білім беру стандарттары жасалды. Мектеп оқулықтары бүтіндей жаңаланды және ғылым мен іс жүзіндегі жетістіктермен байытылып отырды. Мультимедиа оқу әдебиеттері де жасалуы қолға алынды. Республикада 10 мыңға жуық мектептердің материалдық-техникалық қамсыздығы да мемлекет есебінен іске асырылады.

Орта-арнаулы, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің ұйымдастырылуы. Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына сәйкес жалпы орта білім беру тоғыз жылдық етіп белгіленуіне байланысты тоғыз жылдық мектепті аяқтаған барлық оқушылар білім алуды орта арнаулы немесе кәсіптік-техникалық колледждерінде жалғастырды. Бұл жаңа білім беру жүйесіне сатылай өтілді, яғни Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы 1-басқышы (1997–2001) шеңберінде іске асырылды. Сол дәуір арасында 300-ге жуық жаңа түрдегі білім беру мекемелері ашылды. Орта арнаулы білім беру саласында облыстарда бизнес мектептері, жалпы білім беретін мектептерде кәсіптік-техникалық курстардың ашылуы, базар экономикасы талаптарынан туындаған күйде, жаңа мамандықтар (фермер, салық және кеден қызметкері, аудит және басқа) енгізілді. Ол бойынша, 1997 жылдан бастап қазірге дейін 1400-ден астам кәсіптік-техникалық колледжі, 200-ге жуық академиялық лицей құрылды. Олар салалар бойынша тағайындалған ұйымдар және жоғары білім беру мекемелеріне де біріктірілуі арқылы бұл басқышта оқу үдерісі тиімді ұйымдастырылып, колледж бітірушілерін жұмыспен қамтамасыз етуге мән берілуі керектігіне қарамай, бұл тұрғыда қанағаттандырылғы нәтижеге қол жеткізілмеді.



Ой жүгірту!

Неліктен 11 жылдық білім беруге өту бойынша сұрақнама нәтижесі ата-аналардың 70 пайызынан астам бөлігі 11 жылдық білім беру қайта ұйымдастырылудың жақтаушысы екендігін көрсетті.

2017 жылғы реформалар. Білім беру жүйесінде іске асырылған реформалар, 12 жылдық білім беруді жетілдіру бойынша шаралар күтілген нәтижені бермеді. Жиналып қалған ділгірліктер саланы түпкілікті қайта құруды, дүниенің дамыған мемлекеттері тәжірибесінен пайдалану қажеттілігін талап етеді.

2017 жыл жалпыбілім беру және орта арнаулы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар жылы болды. Халық қабылханалары және Президенттің виртуаль қабылханасына түскен ұсыныспен пікірлер және республика мектептеріндегі бітірушілердің ата-аналары арасында өткізілген сұрақнама нәтижелерінен туындаған күйде, Президент Шавкат Мирзияев бастамасымен 9+3, яғни 12 жылдық мәжбүрі білім беруден 11 жылдық білім беруге өтілді.

2017 жылдың өзінде 10-сынып оқушылары үшін 9 млн. дана оқулықтар басылды және 10 мыңға жуық жалпыбілім беретін мектепте 11 жылдық білім беруге өтілген жағдайда білім беру жүйесі іске асырылды. Бұл академиялық лицей мен кәсіптік-техникалық колледждеріне қабылдау үдерісімен қатар жүргізілді. Мұнда ата-аналар және оқушылардың талап-тілектері ескерілді. 2016/2017 оқу жылында жалпыбілім беру мектептерін аяқтаған 466 мыңнан астам оқушының 288 мыңы 10 сыныпта оқуды жалғастырды.



Көрнекті МБМ бөлмесі.

Мектепке дейін білім беру жүйесі үздіксіз білім берудің бірінші, ең негізгі буыны болып табылады. Мектепке дейін білім беру, 6–7 жасқа дейін жанұяда, балалар бақшасында және басқа оқыту мекемелерінде жүргізіледі. Мамандардың ғылыми қорытындылары бойынша, адам өз өмірі барысында алатын барлық ақпарат пен мәліметтің 70 пайызын 5 жасқа дейінгі дәуірде алады. Сондықтан,

балалардың салауатты және білімді, жетік кадрлар болып кәмелетке жетуінде бақша тәрбиесі өте маңызды орын алады. Мектепке дейін білім беру жүйесін жетілдіру, материалдық-техникалық базасын нығайту, мектепке дейін білім беру мекемелері тармағын кеңейту, тәжірибелі педагог кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жыл 30 қыркүйекте «Мектепке дейін білім беру министрлігі басқаруды жетілдіру туралы» жарлық шығарды. Жарлыққа сәйкес, Мектепке дейін білім беру министрлігі ұйымдастырылды. Жаңа министрлік жүйесіне Қарақалпақстан мектепке дейін білім беру министрлігі, Ташкент қаласы мектепке дейін білім беру бас басқармасы, облыстардың мектепке дейін білім беру басқармалары және олардың қала мен аудандардағы бөлімдері кіреді.



Есінде сақта!

2017 жылы Өзбекстанда 4916 мектепке дейін білім беру мекемелері қызмет атқарған. Соңғы 20 жыл ішінде бақшалар саны 45%-ға азайған. Қазіргі таңда мемлекетімізде бақшаларға баратын жалпы балалар санының 30%-ы құрайды.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. 1992–1997 жылдардағы білім беру жүйесінің кейінгі жылдағылардан өзгеше жақтарын санап бер.
2. Үздіксіз білім беруді дамыту факторлары нелерден құралған?
3. Бүгінгі күнде елімізде мектепке дейінгі білім беру орындары санының арттырылу қажеттілігі неде?
4. Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы және оның мән-мазмұны нелерден құралған? Пікіріңді дәлелде.
5. Не себептен 12 жылдық білім беруден 11 жылдық жүйеге өтілді?

11-тақырып. Жоғары білім беру және одан кейінгі білімнің жетілдірілуі

Жоғары білім беру жүйесі. Елбасы 1992 жыл ақпандағы жарлығымен тағы сегіз облыстық педагогика институттарына университет мәртебесі берілді. 1992 жылы наурызда облыстардағы педагогика институттары негізінде Әндіжан Мемлекеттік университеті, Бұхара Мемлекеттік университеті, Терміз Мемлекеттік университеті, Үргеніш Мемлекеттік университеті, Қаршы Мемлекеттік университеті ұйымдастырылды.

Ең заманалық мамандықтар бойынша арнайы университет және институттар, атап айтқанда, Дүние жүзі экономикасы және дипломатия универ-

ситеті, Науаи кен-металлургия институты, Қорғаныс министрлігі қасында Әскери академия, Ішкі істер министрлігі қасында Ішкі істер академиясы, Банк-қаржы академиясы сияқты ондаған жаңа жоғары оқу орындары ұйымдастырылды. Ташкент мемлекеттік электротехника және байланыс техникумы институтқа айналдырылды. 1993 жылы студент және аспиранттар үшін арнаулы стипендиялар белгіленді. Мемлекет ауыл шаруашылығы үшін қажет болған заманалық білімдер иесі болған жоғары тәжірибелі маман кадрларды даярлау мақсатында Ташкент Мемлекеттік Аграр университеті, Әндіжан, Самарқант Ауыл шаруашылығы, Қаршы Инженерлік экономика, Ташкент Ирригация және ауыл шаруашылығын механизациялау институттары жұмыс бастады. Мемлекет облыстарында жоғары әмбебап білім беруді енгізуде дамыған мемлекеттер тәжірибесіне сүйенді.

1992 жылы алғаш республикамыздың 6 жоғары оқу орнында тест сынағы негізінде қабылдау тәжірибеден өткізілді. Ал 1993 жылы 46 жоғары оқу орындарының 19-да тәжірибе ретінде тест сынақтары өткізілді. 1994 жылы Мемлекеттік тест орталығы ұйымдастырылып, сол жылдан бастап жоғары оқу орындарына тест арқылы қабылдау басталды. 1996 жылдан оқуда келісімшарт төлемі енгізілді. 1997 жылғы «Білім беру туралы» заңға сәйкес 5 жылдық жоғары білім беруден 4 жылдық бакалавриат және 2 жылдық магистратура басқышынан құралған екі басқышты жүйеге өтілді.

Сондай-ақ, Президенттің 2013 жылдағы «Заң кадрларын даярлау жүйесін жетілдіре түсу туралы» қаулысына сәйкес заң институты университет мәртебесінде қайта құрылды, 2014 жылғы қаулы негізінде Ташкент Мемлекеттік стоматология институты түзілді.




Есінде сақта!

2017 жылы мемлекетімізде 80-нен астам жоғары оқу орны, атап айтқанда, 19 университет, 37 институт, 6 академия, 1 консерватория, 1 би және хореография жоғары мектебі, 13 ЖОО-ның филиалдары, 6 шет мемлекеттер ЖОО-ның филиалдары қызмет етіп жатыр.

Президенттің 2015 жылғы «Жоғары оқу орындарының басшы және педагог кадрларын қайта даярлау және білім жетілтіру жүйесін жетілдіре түсу іс-шаралары туралы» жарлығына негізделіп 15 жетекші жоғары оқу орындары – тірек жоғары оқу орындары ретінде белгіленді.

Жоғары білім беруде халықаралық ынтымақтастық. Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасының жүзеге асырылуы нәтижесінде Өзбекстанда біршама қысқа мерзімде дүниенің жетекші мемлекеттерінде оқыту саласында қол жеткізілген озық табыстарды, ұлттық дәстүрлерді өз ішіне қамтыған жаңа моделі ұйымдастырылды.



Ташкент халықаралық Вестминстер университеті.

Тәуелсіздік жылдарында жоғары білім беру жүйесінде жүргізілген бірізді реформалар нәтижесінде мемлекетімізде көптеген шет ел университеттерінің филиалдары ашылды. Атап айтқанда, Ұлы Британияның Халықаралық Вестминстер университеті, Ташкент қаласында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ Мемлекеттік университеті, Сингапур менежментті дамыту институты, Италияның Турин политехника университеті филиалдары жұмыс бастады. Сондай-ақ, Ташкентте Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономика академиясы мен Оңтүстік Кореяның Инха университеті филиалдары да өзбек жастарына өз білім сырларын үйретіп жатыр.

Шет ел университеттердің Ташкенттегі филиалдары

Вестминстер университеті	М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің филиалы	И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ Мемлекеттік университеті филиалы	Сингапур менежментті дамыту институты филиалы	Турин политех университеті филиалы	Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономика академиясы филиалы	Оңтүстік Кореяның ИНХА университеті филиалы
2002	2006	2007	2008	2009	2009	2014
Экономикалық және бизнес	Математика және психология	Мұнай және газ	Менежмент	Техника және технологиялар	Экономика	Ақпарат технологиялары



Турин Политехника
университеті филиалы.

Еліміз және шет елдегі оқу орындарында жүздеген дарынды жастар оқып жүр және өз мамандығын арттырып жатыр. Мұнда шет ел оқу орындарымен екі жақты тәжірибе алмасу іске асырылғаны маңызға ие.

Өзбекстан Республикасы білім беру деңгейі бойынша дүниенің дамыған мемлекеттері қатарына шықты. Жастарды Дүние жүзі ғылымы мен білімдері қазынасынан нәр алдыруға үлкен мән берілді. Республика оқу орындарының шет елдегі оқу орталықтарымен байланыстары анағұрлым нығайтылды. Шет елдік мұғалімдер мен мамандарды шет тілде оқыту үшін шақыру, шет елдік оқу және ғылыми орталықтарында қызметкерлердің біліктілігін арттыруы және студенттердің оқуы кеңейіп барады. Қазіргі таңда дүние жүзінің көптеген мемлекетінен келген шет ел азаматтары Өзбекстанда оқып жатыр.

2017 жылғы түбегейлі реформалар. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 7 ақпандағы “Өзбекстан Республикасын өркендете түсу бойынша Іс-қимылдар стратегиясы туралы” жарлығына сәйкес, 2017–2021 жылдарда жоғары білім беру жүйесін түпкілікті жетілдіру бағдарламасын жасау, оқу бағдарламаларын заманға сәйкестендіре түсу, ақшалы қызметтер көрсету мен қаржыландырудың қосымша көздерін іздеуде жоғары оқу орындарының өкілеттіктерін кеңейту жолымен олардың дербестігі сатылай дамып отырылады. 2017–2018 жылдар барысында Өзбекстан Республикасы Президенті және Министрлер Кабинетінің жетпіске жуық жарлық, қаулы және жарғысы қабылданды. Бұл толық мағынада білім беру жүйесіндегі өзгеріспен жаңарулар үдерісін бастап берді. Стратегиясында білім беру мен

Есінде сақта!



Тест сынақтары адал және әділ өтуін камсыздандыру мақсатында сол жүйені жетілдіру және абитуриенттер, ата-аналарға жеңілдіктер туғызу мақсатында сол жүйені қайта түзу талап етілді. 2018/2019 оқу жылынан бастап, тест үдерісін бір күнде емес, 15 күн барысында өткізу, ал нәтижесін емтиханның ертеңіне жариялау міндеттері қойылған.

оқыту сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарына өтуде жоғары білім беру мекемелерінің қызметі мен тиімділігін арттырудағы негізгі міндеттер белгілеп алынды. Соны ескеріп, Президент Ш.М.Мирзияев “Жастарды еркін пікірлейтін, жоғары интеллектуалдық және рухани қабілетке ие болып дүние жүзі деңгейінде өз теңдестеріне ешбір салада қалыспайтын адамдар болып жетілуі, бақытты болуы үшін мемлекетіміз бен қоғамымыздың барлық күш пен мүмкіндіктерін жұмылдырамыз”, – деген еді.

2017 жылы 10 жылдан артық уақыт үзілістен соң, мемлекет пен қоғамдағы білікті кадрларға қажеттілік ескеріліп, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев бастауымен сырттан оқу жүйесі қайта қалыптастырылды, арнаулы сыртқы оқу жетілдірілді.


2017 жылы 16 қарашада Өзбекстан Президентінің «Республика жоғары оқу орындары бакалавриатына кіру тест сынақтарын өткізу тәртібін жетілдіру туралы» қаулысы қабылданды. Оған сәйкес, 2018/2019 оқу жылынан бастап арнайы қабілет талап етілетін мәдениет, өнер, дизайн, бейнелеу және қолданбалы өнер, музыкалық білім беру, өнертану, спорт және дене тәрбиесі саласындағы білім беру бағыттарында тест сынақтары болмайды. Мысалы, Өзбекстан Мемлекеттік консерваториясы, Өзбекстан Мемлекеттік өнер және мәдениет институты, Камолиддин Бехзад атындағы Ұлттық суретшілік және дизайн институты, Өзбекстан Мемлекеттік дене тәрбиесі институты және арнайы қабілет талап ететін оқыту бағыттарына тек шығармашылық емтихандар арқылы қабылданады. Дәрігерлікке тиісті жоғары оқу жүйесінде де бірнеше реформалар іске асырылды. Атап айтқанда, дәрігерлік саласында бакалавриат оқу бағыттарында оқу мерзімі 7 жылдан 6 жыл және дәрігерлік профилактика бағытында 6 жылдан 5 жыл етіп белгіленді.

Жоғары оқудан кейінгі оқу. 2012 жылға дейін аспирантура (3 жыл) және докторантура (3 жыл)дан құралып, 2012–2017 жылдарда бір басқышты докторантура қызмет жүргізді. 2013–2017 жылдарда тек



Павильонда өткізілген тест сынағы.

360-қа жуық зерттеуші докторлық диссертациясын қорғаған. Ал бұл республикадағы жоғары білім беру және ғылыми зерттеу мекемелері үшін жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларға болған талапты қандыра алмады. Жоғары оқу орнынан кейінгі оқу саласын жетілдіре түсу, ғылыми-зерттеу қызметінде жастардың ойлау қабілетін көрсету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында және көптеген озық шет мемлекеттердің халықаралық тәжірибесін зерттеп 2017 жылдың 1 шілдесінен жоғары оқу орнынан соң оқудың екі басқышты жүйесі енгізілді. Біріншісі – диссертация қорғау және тиісті ғылым тармағы бойынша фалсафа докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді көздейтін тірек докторантура және екіншісі – диссертация қорғау және тиісті ғылым тармағы бойынша ғылым докторы (Doctor of Science) ғылыми дәрежесін беруді көздейтін докторантура жүйесі.



Терминдер түсінігі!

Бакалавр – (лат. Baccalaureus) Жоғары оқу бағдарламасының бірінші басқышын аяқтаған студенттердің ғылыми дәрежесі.

Магистр – (лат. – бастық, ұстаз) кейбір мемлекеттерде бакалавр және ғылым докторы арасындағы ғылыми дәреже. Тірек жоғары оқу курсынан соң қосымша бағдарлама орындаған, арнаулы емтихандарды тапсырған және белгілі ғылыми жұмысты қорғаған тұлғаларға беріледі.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздік жылдарында қандай жаңа жоғары оқу орындары ұйымдастырылды?
2. Бүгінгі күнде жоғары оқу орындарының саны қанша? Олардың жылдан жылға артып бару факторлары неде?
3. Жоғары оқудан кейінгі оқу жүйесінің тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістері қандай болды?
4. 2017 жыл жоғары оқу жүйесінде қандай өзгерістер болды?
5. Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, төмендегі кестені толтыр.

Институт	Университет	Академия	Шет ел университеті

VI БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҒЫЛЫМ-ПӘН ЖӘНЕ СПОРТТЫҢ ДАМУЫ

12-тақырып. Өзбекстанда ғылым-пән

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында ғылым-пән. Орнаған жаңа тарихи жағдай ғылым-пән саласын түбегейлі реформаларды талап етті. Себебі, көкейтесті ғылыми-техникалық ділгірліктер шешілуі республиканың дамуын қамтамасыз ететін еді.

Алдымен, Президенттің 1992 жылы наурыздағы жарлығымен ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастырушы өкілеттік мекеме – Жоғары аттестация Комиссиясы (ЖАК) ұйымдастырылды.

Президенттің 1992 жылы шілдедегі «Ғылым-пәнді мемлекет жолымен қолдау және инновация қызметін дамыту туралы» жарлығы негізінде республика ғалымдарын шет ел мемлекеттерге тәжірибе арттыруға жіберілуі жүзеге асырылды. Ғылыми нәтижелерді ішкі және сыртқы базарға алып шығумен айналысушы Республика ғылыми өндеулерді инновация сауда орталығы Ғылымдар академиясы құрамында ұйымдастырылды.

1997 жылы Хорезм Маъмун академиясы қайта қалыптастырылып, Ғылымдар академиясының аумақтық бөлімі ретінде ұйымдастырылды.

2000 жылы Ғылымдар академиясы Шығыстану институтының қолжазбалар қоры дүниенің ең бай қолжазбалар қазынасынан бірі ретінде ЮНЕСКО мәдени мұрасы тізіміне енгізілді.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2006 жыл тамыздағы «Ғылым және технологиялар дамуын үйлестіру және басқаруды жетілдіру іс шаралары туралы» қаулысына сәйкес Министрлер Кабинеті құзырында Ғылым мен технологияларды дамытуды үйлестіру комитеті ұйымдастырылды (бүгінгі күнде министрлік). Комитетке ғылым мен технологияларды дамы-



Инновациялық идеялар, технологиялар және жобалар Республика жәрмеңкесі

тудың үстем бағыттарын жасау, академиялық және жоғары оқу орындары ғылымы интеграцияласуына, ғылыми саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға көмектесу сияқты міндеттер белгілеп қойылды.

2008 жылдан бері Ташкентте инновациялық идеялар, технологиялар және жобалар жәрмеңкесі өткізіліп келеді. 2008–2015 жылдар барысында өткізілген I – VIII жәрмеңкелер шеңберінде жалпы 4000-нан артық өңдеулер тапсырылды. 2008 жылдан бері жалпы құны 113 млрд сумнан артық 3000-нан астам шарттар түзілді.

Өзбекстан ғалымдары демократиялық және құқықтық қоғамның рухани-ағарту және мәдени дамуын зерттеу, инновациялық экономиканы қалыптастыру, энергия мен шикізатты үнемдеу, ақпараттандыру, ақпарат-қатынас жолдары, химия, био және нанотехнологияларды дамыту, ауыл шаруашылығы, экология және қоршаған-ортаны қорғау, дәрігерлік, фармакология, геология, геофизика, сейсмология бойынша белгілі жетістіктерге қол жеткізуде.

Археология ғылымы саласында да белгілі жылжулар болды. Атап айтқанда, 2002 жылдан «Өзбекстанда археологиялық зерттеулер» жылдық жинақтары баспадан шығып, оларда республикамыз аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулердің жалпыланған ғылыми қорытындылары беріліп тұрады. Ал 2010 жылдан «Өзбекстан Археологиясы» ғылыми журналы шыға бастады.

Бүгінгі күнде ғылымның басқа бағыттарындағы ғалымдар да үлкен нәтижелерді қолға енгізіп жатыр. Ғылымдар академиясы Өсімдік заттары химиясы институты даярлаған 10 томдық «Табиғи қосылыстар (Өсімдік қорлары, түзілісі және қасиеттері)» атты құнды мәліметтеме ағылшын тілінде Лондонда басылды. Бұл ғылым-пән саласында халықаралық ынтымақтастық дамығандығын да білдіреді.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары тек Ғылымдар академиясының ғылыми өнім экспорты 8,2 есеге көбейді.

Ғылым-пән және білім беру интеграциясы. Өзбекстан ғылымы және білім беру интеграциясын қамтамасыз ету тұрғысында да көптеген жұмыстар жүзеге асты. Бұл үдеріс 2012 жылға дейін Ғылымдар академиясы жүйесінде ғылыми-оқу орталықтарын ұйымдастыру арқылы

орындалды. Атап айтқанда, 2011 жылы Ғылымдар академиясының Физика-техника институтында «Қайта қалыптасатын қуат көздері» ғылыми-оқу орталығы, 2012 жылы Иммунология институтында «Биодәрігерлік» ғылыми-білім беру инновациялық орталығы жұмыс бастады.

Ал 2012 жылдан, жоғары оқу жүйесінде ғылыми сектор дамуын қамтамасыз ету мақсатында Ғылымдар академиясының 5 ғылыми зерттеу институты, 4 аймақтық ғылыми орталықтар ғылыми бөлім ретінде қайта ұйымдастырылып, бағыты және мамандықтарына қарай олар тиісті жоғары оқу орындарына өткізілді.

Ғылымдар академиясы құрылыстарын қысқарту және академиялық ғылым мен білім беру интеграциясын күшейту мақсатында 2014 жылы 2 институт және 1 бөлім жоғары оқу орындары қасындағы ғылыми-зерттеу орталықтары ретінде ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2012 жылдағы «Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау мен аттестациядан өткізу жүйесін жетілдіре түсу туралы» жарлығына сәйкес 2013 жылы 1 қаңтардан бастап диссертация қорғау және ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі оқудың бір басқышты жүйесі енгізілді. Бірақ бұл жүйе бұрын бар халықаралық ғылым-пән стандарттарына толық сай келмегені, республикадағы бар ғылыми қабілеттің түсіп кеткендігінен, 2017 жыл ақпаннан Шавкат Мирзияев бастамасымен халықаралық стандарттарға сай келетін, фалсафа докторы және ғылым докторы дәрежелеріне сәйкес екі басқышты жүйеге өтілді.

Ғылым-пәндегі түбегейлі реформалар. 2016–2017 жылдар Өзбекстан ғылым-пәнінде толық түбегейлі реформалар дәуірі болды. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев 2016 жылы 30 желтоқсан күні алғаш рет мемлекетіміздің жетекші ғылым-пән қайраткерлерімен кездесті. Кездесу нәтижелері бойынша, Өзбекстанда ғылым-пәнге баса назар аударыла түсуі белгіленді. Іс-қимылдар стратегиясында белгіленгені сияқты, ғылым, ғылыми зерттеу, инновация жетістіктерін ынталандыру мен оларды іс жүзіне енгізудің тиімді механизмдерін жасау және маманданған зертхана, жоғары технология орталықтары мен технологияларын енгізу мәселелері ерекше аталған. Мемлекетіміз басшысы Ш.М.Мирзияевтің 2017 жылы 17 февральда қабылдаған

“Ўзбекистон Республикасы Ғылымдар Академиясы қызметін жетілдіру және ынталандыру туралы” жарлығы Ўзбекистанда ғылымның өркендеуін қазіргі заман өркениеті талаптары негізінде ұйымдастыру, атап айтқанда, мемлекетте енгізіліп отырған жедел өркендеулер стратегиясының ғылыми негіздерін жасау мен өндірісті ғылым негізінде дамыту қажеттілігін көрсетіп берді. Сонымен бірге, Ғылымдар Академиясы қызметін жетілдіру, ғылым қайраткерлерін жан-жақты қолдау, жоғары тәжірибелі, қабілетті мамандар даярлау сапасын арттыру және оны ынталандыру қажеттігін ұқтырды. Президент Ш.М.Мирзияев ғылымымыз жетекшілері, мектеп жасаған үлкен ғұламалармен болған кездесуде көптеген көкейтесті мәселелерді санап өтті.

Президенттің 2017 жылы 17 ақпандағы «Ғылымдар академиясы қызметі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, басқару және қаржыландыруды жетілдіре түсу іс-шаралары туралы» қаулысы негізінде 9 ғылыми-зерттеу мекемесі Ғылымдар академиясы құрамына қайтарылды, көптеген ғылыми ұйымдар қайта ұйымдастырылды, Ғылымдар академиясының ғылым бағыттары бойынша 3 бөлімі және Науаи бөлімі ұйымдастырылды, Ўзбекстанның қазіргі заман тарихы бойынша Қоғамдық кеңесі ретке келтірілді.


Ўзбекистон Республикасы Президентінің 2017 жылы қабылданған «Инновациялық даму министрлігін құру туралы» қаулысымен Ўзбекистон Республикасы инновациялық даму министрлігі құрылды. Сол министрліктің мемлекет және қоғам құрылысына, экономика салаларына, ауыл шаруашылығына, әлеуметтік дамуға, қоршаған-ортаны қорғау және табиғаттан пайдалану жүйесіне инновацияларды енгізу және озық технологиялар енгізуде бастаушы болу, үйлестіру және ынталандыру саласындағы негізгі міндеттері белгілеп берілді.

Өткен жылдар ішінде академиктердің саны екі еседен көпке қысқарды және 2017 жылы академияның небәрі 63 шынайы мүшесі қалды. Ўзбекистон Республикасы Президентінің 2017 жылы 29 желтоқсандағы «Ўзбекистон Республикасы Ғылымдар академиясының негізгі мүшелерін бекіту туралы» тарихи жарлығымен 22 жылдық ұзақ үзілістен соң Ғылымдар академиясының 32 жаңа негізгі мүшелері бекітілді. Бүгінгі күні ғылыми зерттеумен айналысатын 400 мекеме тіркеуге алынған, ғылым саласында 36 мың маман, атап айтқанда, 2 мыңнан астам ғылым докторы мен 9 мыңнан көп ғылым үміткері қызмет етеді.



Ой жүгіртіп көр!

Бүгінгі күнде тарих ғылымы саласында 4 академик – Ахмадәлі Асқаров, Эдвард Ртвеладзе, Анатолий Сағдуллаев және Диларам Юсупова қызмет атқарып жүр.



Терминдер түсінігі:

Инновация – (ағыл.— енгізілген жаңалық, ойлап табу) озат технология, басқару және басқа салалардағы жаңалықтар мен олардың түрлі салаларда қолдануы.

Имунология – (грек. — түсінік, оқу) ағзаның химиялық қасиеттері, оның иммунитеті жайындағы ғылым.

Интеграция – (лат. — қалыптастыру, толтыру) кейбір бөліктердің, элементтерді қосып бірлестіруді көрсететін ұғым. Ғылымдардың жақындасуы және өзара байланыс үдерісі.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында ұйымдастырылған Жоғары аттестация комиссиясының міндеттері нелерден құралған еді?
2. Ғылымдар академиясының қызметі жайында нелерді біліп алдың?
3. Ғылыми дәрежеге (ғылым кандидаты, ғылым докторы) ие болудың бір басқышты жүйесінен екі басқышты жүйеге өтуге нелер себеп болды?
4. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің ғылым-пәнді дамыту тұрғысындағы бастамалары нелерден көрінді?
5. Бүгінгі күнде Өзбекстанда қанша академик қызмет етіп жатыр? Қосымша әдебиеттерден пайдаланып олардың кейбіреулерінің атын санап бер.

13-тақырып. Өзбекстан Республикасында дене тәрбиесі мен спорттың дамуы

Дене тәрбиесі мен спортты қолдаушы жүйенің жасалуы. Өзбекстанда мемлекет тәуелсіздігі қолға алынған соң, мәдениет, білім беру, ғылым-пәнмен бірге дене тәрбиесі мен спорт жұмыстарына да баса назар аударылды. Мемлекет бюджетінен бөлінетін қаржының үнемі артып баруы да мемлекетте дене тәрбиесі мен спорт саласы мемлекет саясатының маңызды бағыттарынан бірі ретінде мән беріліп, салаға үлкен назар аударудың көрсеткіші болып табылады. Шынында, беделді халықаралық жарыстарда мемлекетіміз спортшыларының сәтті қатысу-

ларының ең негізгі себептерінен бірі де сол саланы үкіметтің тұрақты түрде қолдап жатқандығынан болып отыр.

1992 жылы Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің ІХ сессиясында «Дене тәрбиесі мен спорт туралы» Заң қабылдануы және оған өзгеріс пен қосымшалар енгізіліп, 2015 жылда жаңа баспасы бекітілуі спорт саласының дами түсуіне қызмет етті.

Республикада жоғары білікті спортшыларды даярлауға мамандандырылған 536 балалар-өспірімдер спорт мектептері, 5 олимпия қорлары коллеждері, 8 республика жоғары спорт шебері мектептері қызмет атқарып жатыр. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жыл 10 тамызда «Өзбекстан мемлекеттік дене тәрбиесі институты қызметін жетілдіре түсу іс-шаралары туралы» қаулы қабылдады. Оған сәйкес, Өзбекстан мемлекеттік дене тәрбие институтын Ташкент облысы Шыршық қаласына көшірілді. Өзбекстан мемлекеттік дене тәрбие институтында 2017–2018 оқу жылынан бастап оқудың сыртқы бөлімі ашылды.

Елімізде дене тәрбиесі мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту бойынша көптеген жұмыстар іске асырылды. Атап өтсек, Ташкент, Наманган, Жызақ, Ферғана, Бұхара, Хорезм, Әндіжан, Самарқант, Гүлстан және басқа қалаларда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін көптеген спорт кешендері құрылды. Ташкент қаласындағы «Юнусабад», «Жар», «Бунёдкор», Наманган қаласында «Пахлавон», Жызақ қаласындағы Олимпия қорлары колледжі спорт кешендері және басқалар солардың қатарынан табылады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылы наурыздағы жарлығы бойынша, Өзбекстан Республикасы Дене тәрбиесі мен спорт мемлекеттік комитеті құрылды.



Үш басқышты спорт ойындары.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекетте дене тәрбие мен спортты жаппайластыруда ерекше дәуір болды. Бұл тұрғыда Балалар спортын дамыту республика қорының құрылуы, 2000 жылдан бастап жоғары оқу орындары студенттері арасында «Универсиада», орта арнаулы кәсіптік-техникалық колледждері студенттері арасында «Баркамол авлод», жалпыбілім беретін

мектептер оқушылары арасында «Умид нихоллари» спорт жарыстарының өткізілуі маңызды мәнге ие шаралардың бірі болып табылады. Үш басқышты спорт турнирлерін өткізуден негізгі мақсат жастар арасында дұрыс тұрмыс салтын насихаттау және халықаралық жарыстар үшін мемлекет құрама ұжымына үміткерлерді даярлаудан құралған еді.

Соңғы жылдарда мемлекетіміз әйел-қыздар спортын дамытуға шындап кірісіп, әсіресе, спорттың көркем гимнастика және синхронды жүзу түрлері дамытылып отыр. Мұны дене тәрбие және спортпен айналысушы әйел-қыздар санының үнемі артып баруы да дәлелдейді. Шынында, тәуелсіздік жылдарында спорт мектептері мен түрлі ұжымдарда жергілікті ұлт қыздарының қызығып, белсене шұғылдануы көбейді.

Тәуелсіздік жылдарында тек спорттың халық арасындағы бұқаралығын қамсыздандыру ғана емес, сондай-ақ кейбір спорт түрлерін дамытуға үлкен мән берілді. Атап айтқанда, өзбекше күрес, теннис, шахмат, бокс бойынша Өзбекстан спорты Дүние жүзі деңгейінде өз орнына ие болды. Теннис бойынша Ирода Тулаганованың, бокс бойынша Руслан Чагаевтың, Артур Григорьянның және Мухаммадкадыр Абдуллаевтың дүние спорт аренадаларындағы жетістіктері Өзбекстан спортшыларының бастапқы нәтижелері еді.

Күрес. Тәуелсіздік шарапатымен ұлттық спорт түрлерінің қайта қалыптасуы мен олардың спорт түрі ретінде халықаралық деңгейде тән алынуына мүмкіндіктер жасалды. 1992 жылдың өзінде Терміз және Шахрисабз қалаларында ұлттық күрес бойынша тұңғыш халықаралық жарыс өткізілді. 1992 жылы Өзбекстанда күрес федерациясы, 2001 жылы белбеулі күрес федерациясы түзілді. Президенттің арнаулы жарлығымен 1998 жылы қыркүйек айында Ташкентте Азия, Африка және Еуропа құрлығынан келген 28 мемлекет өкілдері қатысуымен Халықаралық күрес Ассоциациясы түзілді.

Ал 2000 жылда Түркияның Анкара қаласында күрес бойынша 2-дүниежүзілік чемпионаты болды. Өзбек күресі Дүние жүзіне танылуымен халықаралық ерекшелікке ие болды.



Күрес бойынша халықаралық турнир.



Есінде сақта!

2003 жылы Азия Олимпия кеңесінің Кувейтте болған XXII Бас самблеясында өзбек күресі Азия ойындары бағдарламасына енгізілді.

2016 жылы, Халықаралық күрес Ассоциациясының Дүние жүзінің барлық құрлықтарында 120-дан астам күрес федерациялары ұйымдастырылды. Ұлттық спорттымыздың халықаралық алаңда кең тән алынуы да мемлекетіміз халықаралық байланыстарының кеңейе түсуіне, оның қалыптасуына себеп болады.

Олимпиада. 1993 жылы қыркүйекте Халықаралық Олимпия Комитетінің 101-сессиясында Өзбекстан Республикасы Ұлттық Олимпия Комитеті толық тән алынды. Комитет халықаралық спорт және Олимпия қозғалысының дамуына көмек беріп жатыр. Ол Өзбекстанда Олимпия идеяларын насихаттау, Олимпия ойындарында республика өкілдері қатысуын қамтамасыз ету, Дүние жүзі спортшыларымен достық байланыстар орнату және дамыту міндеттерімен айналысады.

1996 жылы қаңтарда Халықаралық Олимпия Комитетінің қаулысына сәйкес, Дүние жүзі спортын дамытудағы қызметтері және олимпия идеяларына адалдығы үшін Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті И.Каримов Олимпия Алтын орденімен марапатталды.

Ташкентте 1996 жылы тамызда Олимпия абырой-даңқы мұражайы құрылды. 2000–2016 жылдар аралығындағы жазғы Олимпия және Азия ойындарында мемлекетіміз спортшылары табысты қатысты. А.Таймазов, М.Ибрагимов (еркін күрес), А.Доктораевичи (грек-рим күресі), Р.Сабилов (дзюдо), У.Хайдаров, А.Атоев, В.Султанов (бокс), А.Фокин (спорт гимнастикасы), Ека-терина Хилко (гимнастика) сияқты спортшыларымыз отандық спорт даңқының халықаралық алаңда арта түсуіне өз үлестерін



2016 жылғы Олимпиада жүлдегерлері.

қосты. Атап айтқанда, еркін күресші Артур Таймазов бірнеше дүркін Олимпия чемпионы атағына ие болған бірегей спортшы болды.

2016 жылғы Рио-де-Жанейро қаласында (Бразилия) болған XXXI жазғы Олимпиада мемлекетіміз тарихындағы ең өнімді жарыс болды. Сол

Олимпиадада ең көп медальды боксшыларымыз қолға енгізді. Былғары қолғап шеберлеріміздің 7-еуіне Риодан медальмен қайтудың сәті түсті. Олар: Хасанбай Дузматов, Шахобиддин Заиров, Фазлиддин Ғайыпназаров (алтын), Шахрам Ғиясов, Бектемір Меликузиев (күміс), Рустам Тулаганов (қола), Мураджан Ахмадалиев (қола). Бұл нәтиже Олимпиададағы бокс жарыстарындағы ең жоғары нәтиже болып табылады. Спорттың бұл түрінде медаль жинау бойынша олар Куба, Қазақстан және Ресейден келген қарсыластарын артта қалдырып, осы спорт түрінде біріншілікке ие болды. Ауыр атлетикашымыз Руслан Нуриддинов Олимпиада рекордын жасап, алтын медаль иегері болды.

Футбол. Тәуелсіздік жылдарында спорттың ең бұқаралық түрі – футболға мән беру мемлекет саясаты дәрежесіне көтерілді. Министрлер Кабинеті Өзбекстанда бұқаралық және кәсіптік футболды дамыта түсу, оның материалдық базасын нығайту, футболшылардың жаңа ұрпағын даярлау және тәрбиелеу, Отанымыз футболының халықаралық беделін арттыру мақсатында 1993 жылы «Өзбекстан Республикасы футболды дамыта түсу іс-шаралары туралы», 1996 жылы «Өзбекстанда футболды дамытудың ұйымдастырушылық негіздері және қағидаларын түбегейлі жетілдіру іс-шаралары туралы», 2006 жылы «Өзбекстанда футболды дамытуға тиісті қосымша іс-шаралар туралы» Өзбекстан Республикасы Президентінің қаулысы маңызды мәнге ие болды.

Әлемге Өзбекстан спортшыларының қабілеті мен құдіретін көрсетіп жатқан өзбек төрешісі Равшан Эрматов Өзбекстан футбол федерациясының халықаралық санаттағы төрешісі, 2003 жылдан ФИФА төрешісі мәрте-



Футбол бойынша халықаралық төреші Р.Эрматов.



Есіңде сақта!

Өзбекстан футбол құрама ұжымы халықаралық турнирлерде үш дүркін басты сыйлықты қолға енгізді. Біріншісі, 1994 жылғы Азия ойындарында Олимпия құрама ұжымы, 2012 жылы 17 жасқа дейінгі өспірімдер Азия чемпионаты жеңімпазы, 2018 жылы 23 жасқа дейінгі Олимпия құрама ұжымы Азия чемпионаты атағына ие болды.



Азия чемпиондары. 2018 ж.

бесін алған. 2008, 2009, 2010, 2011 және 2014 жылдарда бес рет Азияның ең жақсы төрешісі, ал. Халықаралық футбол бірлестіктері федерациясы 2011 жылда «Дүниенің ең жақсы төрешісі» ретінде таныған. Ол өз қызметі барысында футбол бойынша Дүние жүзі чемпионаттары финал басқышында ең көп – 9 кездесуді басқарып (2014 жылға дейін), дүние рекордын орнатты.

Равшан Эрматов Президент жарлықтарымен 2010 жылы «Өзбекстан мақтанышы» абыройлы атағы, 2014 жылда «Ел-жұрт құрметі» ордені, 2015 жылда «Жоғары қызметтері үшін» ордені және «Малибу» автомобилімен сыйланды.

2018 жылы Қытайда 23 жасқа дейінгілер арасында өткізілген Азия чемпионатында Өзбекстан құрама ұжымы жеңімпаз болды. Президент Шавкат Мирзияевтің тапсырмасымен Азия чемпионатында жеңіске жеткен Өзбекстан Олимпия құрама ұжымы мүшелерін салтанатты марапаттау дәстүрі болып өтті. Құрлық чемпиондарының әрқайсысына Президент сыйлығы – біреуден жаңа Шевролет Малибу автомобилі тапсырылды.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында спорт саласында қандай шаралар жүзеге асырылды?
2. Үш басқышты спорт ойындары өткізілуден мақсат не?
3. Олимпиада ойындарындағы жеңімпаздарды атап бер.
4. Өзбекстан футбол құрама ұжымдарының жеңіске жеткендерімен байланысты жарыстарды еске түсір! Олар қай жылдарда болған?
5. Төмендегі кестеде спорт түрлеріндегі қол жеткен мәліметтерді толтыр.

Бокс	Футбол	Күрес

14-тақырып. Өзбекстанда жастар саясаты

Жастар ұйымы. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке жеткен соң мемлекет жастарын бірлестіру үшін «Жастар Одағы» ұйымы түзілді. Ұйым жастарды өз Пленумы және конференциялары қаулыларын орындауға жұмылдыруға тырысуы, қаулыларда жастардың мүдделері және талаптары толық көрсетілмегендігі нәтижесінде 1996 жылы

«Жастар Одағы» ұйымы жоққа шығарылып, Өзбекстан Республикасы жастарының «Камолот» қоры түзілді. «Камолот» қорының міндеті жастардың мүдде және талаптарын зерттеу, оларды қанағаттандыру бойынша бағдарламалар түзу және мемлекет көмегінде өмірге қолданудан құралған еді. Бірақ «Камолот» жастар қоры мұндай міндеттерді орындай алмады, жастардың шын мәндегі жетекшісіне айнала алмады, деп табылды.

2001 жылы Ташкентте болған жастар құрылтайында өзін өзі басқаратын беймемлекет, бейсауда ұйым – Өзбекстан Республикасы «Камолот» жастар әлеуметтік әрекеті түзілді. «Камолот» жастар әлеуметтік әрекетінің негізгі мақсаты жастарды бірлестіру, қоғамда лайықты орын табуға көмектесу, олардың мүдделерін қорғау, жас жігіт-қыздардың өз ақыл-қабілеті, күш-қайратын толық көрсетуі үшін қажет жағдай жасап беру, жас ұрпақтың тірегі мен сүйеніші болудан тұрады. Әрекеттің Қарақалпақстан Республикасы, облыстар, Ташкент қаласы, аудан мен қала бөлімдері, оқу орындары, әскери бөлімдер, құқық-тәртіп мекемелерінде бастауыш ұйымдары түзілді. Олар 14 жастан 28 жасқа дейінгі Өзбекстан азаматтары – жастарды өз қатарында ерікті түрде бірлестіріп қызмет көрсетті.

2017 жылы 30 маусымда Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев қатысуында «Камолот» Жастар әлеуметтік әрекеті (ЖаӘӘ) құрылтайы болды. Бұл құрылтайда «Камолот» ЖаӘӘ ұйымы жойылғаны және «Өзбекстан Жастар Одағы» ұйымдастырылғаны жарияланды. Жастардың ділгірліктері мен бастамалары Өзбекстан Президентінің тікелей назарында болуын қамсыздандыру мақсатында «Өзбекстан жастар Одағы» төрағасы бір мезеттің өзінде Президенттің Мемлекет кеңесшісі лауазымында болуы да белгілеп қойылды.

Жастарды мемлекеттің қолдауы. Ұлт келешегі әрі мағына жағынан, әрі тәні мықты жастар қолында. Өзбекстан халқының 60 пайыз-



Есінде сақта!

1996 жылы «Камолот» жастар қоры түзілді. 2001 жылы бұл қор «Камолот» жастар әлеуметтік әрекетіне айналдырылды. 2017 жылы бұл әрекет қызметі жойылып, «Өзбекстан жастар Одағы» ұйымдастырылды.

30 июнь күні «Жастар күні» ретінде атап өтілетін болды.

дан артығын 30 жасқа дейінгі жастар құрайды. Республикамыз тәуелсіздікке жеткен бастапқы дәуірдің өзінде жас ұрпақтың оқу-тәрбиесіне, салауаттылығына үлкен мән беріп келеді. Бұл көкейтесті мәселе мемлекет саясатының ең маңызды негізгі міндеттерінен бірі болып саналады. Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы, білім беру саласындағы Дүние жүзі үлгілеріне сай қайта құрулар, халық салауаттылығын сақтауға бағытталған шексіз жұмыстардың негізінде де сол сияқты ортақ мақсаттар жинақталған. 1991 жыл қарашада «Өзбекстан Республикасында жастарға тиісті мемлекет саясатының негіздері туралы» заң қабылданды. 1997 жыл Өзбекстан Республикасы Президентінің қабілетті жастардың шет елдерде оқуын қолдау бойынша «Умид» қорын құру туралы жарлығы жарияланды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2014 жылдағы «Өзбекстан Республикасында жастарға тиісті мемлекет саясатын іске асыруға арналған қосымша іс-шаралар туралы» қаулысының қабылдануы мемлекетімізде жоғары руханиятты, дербес және еркін ойлайтын, заманалық ғылым-пән жетістіктерін тиянақты меңгерген жан-жақты жетілген және кемелденген ұрпақты балағатқа жеткізу тұрғысындағы жұмыстардың қисынды жалғасы болды. Сол қаулыда ғылым-пәнді дамыта түсу, зерек және қабілетті жастардың, оның ішінде, қыздардың ой қабілетін жүзеге шығару үшін кеңірек жағдайлар жасауға бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында жас қабілетті қыздардың әдебиет, мәдениет, өнер, ғылым және білім беру бағыттарында өз қабілетін, зеректігі мен қабілеттілігін көрсетуге мүмкіндік жасап берген Өзбекстан Республикасы Президентінің 1999 жылда қабылданған «Зулфия атындағы мемлекеттік сыйлықты енгізу бойынша ұсыныстарды қолдау туралы» жарлығы қоғам өмірінде жетік мамандар, жетекші және қабілетті қыздардың қалыптасуына негіз жасады.

80-ге жуық әйел-қыздардың классикалық әншілік, академиялық орындау, эстрада, опера, балет, аспапта орындаушылығы, дәстүрлі орындаушылық, би бағыттарында «Нихол» сыйлығымен марапатталғаны оларға көрсетілген жоғары ілтипат пен қамқорлықтың айқын көрінісі болып табылады.



Есінде сақта!

2017 жылы 14 жастан 22 жасқа дейінгі қыздардан «Зулфия» сыйлығы жүлдегерлерінің саны 200-ден асты.

Әскери қызметтің жастар үшін берік өміршең қағидалар, әскери қызметті аяқтаған жастарды ынталандырудың маңызын, олардың оқуды жалғастыруы және мемлекеттік жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін жеңілдік пен жағдайлар жасауды ескеріп, 2005 жылы Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметін өтеп жатқан әскери қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер жүйесін жетілдіре түсу іс-шаралары туралы» қаулысы жарияланды. Сол қаулы бойынша, Өзбекстан Республикасы Қарулы күштері қатарында мерзімді әскери қызметті өтеп болған азаматтар үшін республика жоғары оқу орындарына оқуға түсуде тест сынақтарында жинаған ең көп баллдың 25 пайыз мөлшерінде қосымша түріндегі жеңілдік беру белгіленді.

Тәуелсіздік жылдарында жастардың жан-жақты жетік, кемелденген балағатқа жету үшін нығайтылған заңшылық базасы жасалды. Атап өтсек, 23 заң және 100-ден астам мөлшерлі-құқықтық құжаттар қабылданып, өмірде жүйелі қолданып жатыр. Бұдан тыс, жылдарға ат беруде де жастардың мүдделері арнайы ескерілді. Атап айтсақ, 2000 жыл «Салауатты ұрпақ жылы», 2001 жыл «Аналар мен балалар жылы», 2008 жыл «Жастар жылы», 2010 жыл «Кемелденген ұрпақ жылы», 2014 жыл «Салауатты бала жылы», 2016 жыл «Дені сау ана мен бала жылы», деп жарияланып, бірыңғай іс-шаралар бағдарламалары іске асырылғаны пікіріміздің дәлелі.

Жастарға көңіл бөлудің күшеюі. 2016 жыл «Жастарға тиісті мемлекет саясаты туралы» Өзбекстан Республикасы заңы қабылданды. Оған сәйкес, 30 жасқа дейінгі барлық санаттағы тұлғалар жастар екендігі аталған. «Жастарға тиісті мемлекет саясаты туралы» заңның қабылдануы мемлекетімізде жастардың құқықтары мен заңдық мүдделерін нығайтуға, жастарға тиісті мемлекет саясатын жүзеге шығаруда мемлекет мекемелері мен басқа ұйымдар жауапкерлігін күшейтуге, сол салада салауатты, кемелденген ұрпақты



Темірбектер мектебі

тәрбиелеуге арналған іс-шаралар тиімділігін арттыра түсуге қызмет етеді.

Президентіміздің 2017 жыл шілдедегі «Жастарға тиісті мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру және Өзбекстан Жастар Одағы қызметін қолдау туралы» жарлығына сәйкес, мемлекетіміздегі барлық әскери академиялық лицейлерге «Темірбектер мектебі» аты берілді. Жастарды ынталандыра түсу мақсатында «Ержүрек бала» сыйлығы жасалды. Сол жылы қыркүйекте оқушылардың анық пәндердің биік шыңдарын игеруге көмектесу, ақпарат-қатынас жолдары технологиялары саласындағы қабілеттерін анықтау және зеректіктерін жүзеге шығару үшін қажет жағдайлар жасау мақсатында Өзбекстан Республикасы Ақпарат технологиялогиялары мен қатынас жолдарыларын дамыту министрлігі қарамағындағы Мухаммад әл-Хорезми атындағы ақпарат қатынас жолдары технологиялары бағытына тиісті ғылымдарды тереңдете оқытуға мамандандырылған мектеп (Әл-Хорезми мектебі) құрылды. Сол мектепке оқушылар 5-сыныптан бастап жазба және ауызша сынақ нәтижелеріне қарай бақылау негізінде қабылданады.



Ой жүгірту!

«Бүгінгі дүние жастары – сан жағынан бүкіл адамзат тарихындағы ең ірі ұрпақ болып табылады, өйткені, олар 2 миллиард адамнан құралған. Ғаламшарымыздың ертеңі, әл-ауқаты, перзенттеріміз қандай адам болып кәмілетке жетуіне байланысты. Біздің негізгі міндетіміз – жастардың өз қабілетін көрсетуі үшін қажет жағдайлар жасау, зорлықшылдық идеясы «вирусы» жайылуының алдын алу болып табылады. Бұл үшін жас ұрпақты әлеуметтік қолдау, оның құқық пен мүдделерін қорғау тұрғысындағы көп қырлы ынтымақтастықты дамыту керек, деп есептейміз. Соған қатысты Өзбекстан жаһандану және ақпарат-коммуникация технологиялары жедел дамыған бүгінгі жағдайда жастарға тиісті саясатты қалыптастыру және жүзеге асыруға бағытталған жалпыландырылған халықаралық құқықтық құжат – БҰҰ-ның Жастар құқықтары туралы халықаралық конвенциясын жасауды ұсынады».

*Шавкат Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясының
72-сессиясында сөйлеген сөзінен.*



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Өзбекстанда жастар жалпы халықтың қаншасын құрайды? Біз кімдерді жастар деп атаймыз ?

2. Lex.uz сайтынан 2016 жылдағы «Жастарға тиісті мемлекет саясаты туралы» заңды тауып, мән-мазмұнын айтып бер.
3. Бүгінгі күнде жастарға берілген жеңілдіктер жайында нелерді білесің?
4. Бір ұйымның үш түрлі қызмет мен өкілеттік дәуірі бойынша кестені толтыр.

«Камолот» қоры	«Камолот» ЖӨӨ	«Өзбекстан жастар Одағы»

VII БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ӨЗБЕКСТАНДА РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨРКЕНДЕУ

15-тақырып. Өзбекстанда рухани және тарихи мұраның қалыптасуы

Тарихи ескерткіштің қалыптасуы. Өзбекстан суверен мемлекет ретінде әлеуметтік-саяси тіршілікте рухани жаңару үдерісін іске асырмай тәуелсіздікті жан-жақты нығайтып болмайтындығын өмірдің өзі көрсетті. Сол үшін мемлекет басшылығы тәуелсіздіктің бастапқы кезінен бастап бұл тұрғыда маңызды шаралар көрді.

1991 жылы Әлішер Науаи туғанына 550 жыл толуы кең атап өтілді. Әлішер Науаи атында Мемлекет сыйлығы жасалды. Әдебиет институтына Әлішер Науаи аты берілді. Науаи ескерткіші Ташкенттің Комсомол көлі деп аталған демалыс бағына орнатылды және бұл бақ Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық бағы деп аталатын болды.

1994 жылдың үкімет қаулысымен Ұлықбек жылы, деп жариялануы, оның 600 жылдығын Өзбекстанда және Дүние жүзі деңгейінде, атап айтқанда, ЮНЕСКО тұрағы Парижде кең атап өтілуі де ұлы ғұламалар қалдырған мұра жалпыадамзаттық құндылыққа айналғандығының белгісі болып табылады. 1996 жылы Әмір Темір туғанының 660 жылдығы да кең деңгейде атап өтілді. Ислам Каримов «1996 жылды Әмір Темір жылы» деп атау туралы жарлық қабылдады. «Темур тузуклари» бірнеше тілде басылды. Сол дәуір тарихи мәдени ескерткіштерін қалыптастырып, жазба әдебиеттер ғылыми айналымға енгізілді. Өте қысқа мұрсатта, Ташкентте бабамыздың әлемдік абыройы мен даңқына сай келетін Әмір Темір мен темірілер дәуірі тарихи мұражайы құрылды.

Үкіметтің арнаулы қаулысы бойынша, 1999 жылы желтоқсанда Хорезмде Мухаммад Риза Ерниязбекұлы Огахий туғанының 190



Самарқант, Өмір Темір ескерткіші.



Шахрисабз, Өмір Темір ескерткіші.



Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы.

жылдығы, Нөкісте Әжинияз Қазыбайұлы туғанының 175 жылдығы, ал 1998 жылы қазанда Ферғанада Ахмад әл-Ферғани туғанының 1200 жылдығы кең атап өтілді. Ислам әлемінің ірі ғұламалары Имам Исмаил Бухаридің 1225 жылдығы, Имам Әбу Иса Термизидің 1200 жылдығы, Махмуд Замахшаридің 920 жылдығы, Нажмиддин Куброның 850 жылдығы, Бахауиддин Нақшбандидің 675 жылдығы, Қожа Ахрар Валидің 600 жыл-дығы және басқа ғұламалардың мерейтойлары кең атап өтілді.



Есінде сақта!

1993 жыл Ташкентте, 1996 жылы Самарқант және Шахрисабзда Өмір Темір ескерткіші ашылды. Сол жылы Самарқант және Шахрисабз қалалары «Өмір-Темір» орденімен сыйланды.



Зулфия мен Хамид
Әлімжан

Адам жады мәңгілік. Мемлекетіміз Президент Шавкат Мирзияевтің бастамасымен ел-жұртқа еңбегі сіңген адамдардың құрметін өз орнына қою дәстүрі жалғасын тауып отыр. 2017-2018 жылдарда бұл тұрғыда үлкен жұмыстар атқарылды. Ташкент, Самарқантта және Қаршыда Ислам Каримов, Наманган облысында Исхоқхан Ибрат, Хорезм облысында Камилжан Атаниязов, Қарақалпақстанда Ибрайым Юсупов, Ферғанада Эркин Вахидов, Қашқадарияда Абдулла Арипов, Әндіжанда Мухаммад Юсуф есімдерін мәңгілік есте сақталу бойынша үлкен шаралар өткізілді. Олар-

дың атымен аталатын орталықтар, шығармашылық мектептері ұйымдастырылды. Жызақ қаласында Хамид Әлімжан және Зулфия естелігіне арнап орнатылған ескерткіш кешені ашылды.

Еліміздің даму жолында аянбай еңбек еткен, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміз дамуына үлкен үлес қосқан атақты мемлекет қайраткері, танымалды жазушы Шараф Рашидов туғанының 100 жылдығы атап өтілуі халқымызды қуанышқа бөледі.

Өзбекстан Президентінің 2017 жылы 27 наурыздағы «Атақты мемлекет қайраткері және жазушы Шараф Рашидов туғанының 100 жылдығын атап өту туралы» қаулысы негізінде 2017 жыл 6 қараша – Шараф Рашидов туған күні Жызақта салтанатты шаралар өткізілді. Жызақ қаласындағы жиында Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев қатысып, сөз сөйледі.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 25 қаңтардағы «Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Абдуғаниевич Каримовтың есімін мәңгілік ету туралы» қаулысы бойынша, Ислам Каримов ескерткіштері Өзбекстан астанасы Ташкент қаласына, Ислам Каримов туылып өскен Самарқант қаласына және Ислам Каримов алғаш басшы



Ш.Рашидов ескерткіші.
Жызақ.



И.Каримов кесенесі.



Есінде сақта!

Республика басшылығына Ислам Каримов келген соң, Шараф Рашидов жеке басына барлық жала мен қысымдар тоқтады. Оның пәк есімі ақталды. 1992 жылы Шараф Рашидов туғанының 75 жылдығы кең атап өтілді. 2016 жылы Президент Шавкат Мирзияев бастама-сымен Жызақ ауданына Шараф Рашидов есімі берілді.



И.Каримов ескерткіші.
Ақсарай.

болып жұмыс істеген Қашқадария облысының Қаршы қаласына орнатылды. Бұдан тыс, 2018 жылда Самарқандт қаласында, Ислам Каримов жерленген аумақта ескерткіш кешені орнатылды. Ислам Каримов көп жылдар барысында қызмет жүргізген Ташкент қаласындағы Ақсарай ордасында Ислам Каримов атындағы ғылыми-ағарту ескерткіш кешені ұйымдастырылды. Сондай-ақ, бірнеше көшелер мен ірі объекттерге Ислам Каримов есімі берілді. Президент жарлығымен 2018 жыл 30 қаңтарда Ислам Каримов туға-нының 80 жылдығы кең атап өтілді, Ал 24 наурызда Самарқандтта халықаралық конференция өткізілді.

Ұлттық әдет-ғұрыптар, құндылықтар және дәстүрлердің қайта қалыптасуы. Егемендіктің арқасында халқымыздың ұлттық-рухани мұрасын қалпына келтіру әрі жанарту және халқымыз санасына жеткізу және тұрмысына сіңдіру маңызды міндеттерден бірі ретінде күн тәртібіне көлденең қойылды.



Есінде сақта!

Өзбекстанда ресми 3 еске алу күні бар: 1) 1999 жылдан бастап 9 мамыр – «Еске алу және қадірлеу күні»; 2) 2001 жылдан бастап 31 тамыз – «Репрессия құрбандарын еске алу күні»; 3) 2017 жылдан бастап 2 қыркүйек – Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовты еске алу күні.



Өзінді сына!

Арғы ата-бабалар ескерткіші – бұл ... Ислам Каримов – бұл ...
Шараф Рашидов – бұл ... 2017 жылғы рухани қайта қалыптасу – ...

Халқымыздың ежелгі құндылығы, сүйікті мерекесі есептелетін «Наурыз» мейрамын халқымызға қайтарып берілуі мемлекет тарихында үлкен оқиға болды. 1991 жылдан бастап мемлекетте Президент жарлығы бойынша, 21 наурыз – Наурыз жалпыхалықтық мереке ретінде атап өтілетін болды.



«Наурыз» мерекесі.

Көне халық мерекесі – Наурыздың қайта қалыптасуын республикамыздың бүкіл халқы қуанышпен мақұлдап, көтеріңкі рухта қарсы алды және қазір де қадірлі мереке ретінде атап өтіліп жатыр.

Өзбекстан бұрынғы кеңес қарамағында тұрған ауыр күндерде Ислам Каримов халықтың талап-тілегіне құлақ салып, ұмытымас тарихи құжат қабылдады. 1990 жыл 2 маусым күні «Мұсылмандардың Саудия Арабстанына қаж етуі туралы» жарлығын жариялады.



Есінде сақта!

2016 жыл өзбек палауы ЮНЕСКО-ның бейматериалдық мәдени мұра тізіміне енгізілді.

Мемлекетте Ислам діні күшінен өнімді пайдалану, рухани және мәдени құндылық ретіндегі мүмкіндіктерін кеңейту шаралары қарастырылды.

1992 жыл 27 наурызда Өзбекстан Президентінің «Ораза айтын демалыс күні, деп жариялау туралы» жарлығы бойынша, айт күндер – Құрбан және Рамазан айт күндерін тұрақты түрде мерекелеу және оларды демалыс күндері, деп жариялануы халқымыз көңіліндегі іс болды.

Тәуелсіздік шарапатымен «Ислам сәулесі» апталығы, «Хидоят» журналы дүниеге келді, көптеген діни-құлықтық әдебиеттер басылып шыға бастады. Атап айтқанда, Имам Бұхаридің төрт томнан тұратын, Имам Термизидің бір томды хадис кітаптары, басқа ғұламалардың көптеген шығармалары жүз мыңдаған даналарда басылды. Құран Кәрім сегіз рет, жалпы бір миллион данада басылды. Бұл қасиетті кітапты елімізде алғаш рет



Құранның өзбекше аударма көшірмесі.

1992 жылы Алауиддин Мансур өзбек тіліне аударды және үш рет, жалпы 300 мың данада баспадан шығарылды.



Есінде сақта!

Президент Шавкат Мирзияев бастамасымен халық санының және соңғы жылдарда қаж зияратына бару тілегін білдіргендер санының артып бара жатқаны ескеріліп, 2017 жылдан өзбекстандық азаматтар үшін қаж квотасы саны 5200-ден 7200-ге артты.

Ал 2004 жылы Ташкент Ислам университетінде Құран Кәрімнің шайх Абдулазиз Мансур аудармасында түсіндірілген нұсқасы шығарылды.

Өзбекстан мұсылмандары еркіндік пен мүмкіндіктерге ие болды. Оларға тікелей үкімет көмегімен әр жылы қасиетті қаж және умра амалдарын орындау мүмкіндігі жасалды. Егер кеңес дәуірінде мемлекетіміз азаматтарынан 3–4 адам ғана қаж сапарын орындаған болса, 2016 жылға дейін әр жылы 5000-нан астам азаматтарымыз қажы болып қайтты.

Бізге белгілі, рухани-ақлақтық пәктену, құндылықтардың қайта қалыптасуы бір күнде болмайды, ол бізден тұрақты түрде жүйелілікпен жұмыс жүргізуімізді талап етеді. «Имам Әбу Мансур әл-Матуриди туғанының 1130 жылдығын атап өту туралы», «Бурханиддин әл-Марғинони туғанының *хижри жыл* бойынша 910 жылдығын атап өту туралы» Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары пікіріміздің айқын дәлелі болып табылады. Ал 2003 жылы Абдухалық Ғыждуани туғанының 900 жылдығы кең атап өтілді.

Мұны оқы!

- 1997 жылы Хиуа мен Бұхара қалаларының 2500 жылдығы атап өтілді.
- 2002 жылы – Терміз қаласының 2500 жылдық мерейтойы атап өтілді.
- 2002 жылы – Шахрисабз қаласының 2700 жылдығы атап өтілді.
- 2003 жылы – Нөкіс қаласының 70 жылдығы атап өтілді және қала «Достық» орденімен марапатталды.
- 2006 жылы – Қаршы қаласының 2700 жылдығы атап өтілді.
- 2006 жылы – Хорезм Маъмун академиясының 1000 жылдығы атап өтілді.
- 2007 жылы – Самарқанд қаласының 2750 жылдық мерейтойы өткізілді.
- 2007 жылы – Марғилон қаласының 2000 жылдық мерейтойы өткізілді.
- 2009 жылы – Өзбекстан Республикасы астанасы Ташкент қаласының 2200 жылдығына арналған салтанатты дәстүр өткізілді.

Руханият насихаты. Мемлекеттің рухани тұрмысын жақсарту мақсатында 1994 жылы Президент қаулысымен құрылған “Руханият және ағарту” жұртшылық Орталығы маңызды орынға ие болды. Мемлекетімізде ұлттық идея насихаты мен руханият-ағарту жұмыстарының тиімділігін, олардың өміршеңдігі мен ықпалын арттыру мақсатында Өзбекстан Республикасы Президентінің 2006 жылы 25 августағы қаулысымен Республикалық Руханият және ағарту Кеңесі құрамында екі орталық – Республикалық Руханият насихаттау орталығы және Ұлттық идея мен идеология ғылыми-қолданбалы орталығы ұйымдастырылды. Бас Министр Кеңес төрағасы, әкімдер облыс аумақтық кеңестері төрағасы етіп белгіленді. Рухани-ағарту жұмыстар жүйесі заман мен жағдай талабына қарай жетілдірілді. Бүгінгі күнде дүниедегі күрделі және қауіпті жағдай салада іске асырылған жұмыстарды сыншылдықпен бағалап, оның қызметін заман талаптары негізінде жетілдіруді талап етеді. Сол себепті Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 28 июльдегі “Руханият-ағарту жұмыстарының тиімділігін арттыру және саланы дамытуды жаңа сатыға көтеру туралы” қаулысы қабылданды. Оған сәйкес, Республикалық Руханият және ағарту кеңесінің Республикалық Руханият насихат орталығы және Ұлттық идея мен идеология ғылыми-қолданбалы орталығын біріктіру жолымен олардың негізінде Республикалық Руханият және ағарту орталығы қайта қалыптастырылды. Өзбекстан Республикасы Президенті Республикалық Руханият және ағарту кеңесіне төрағалық ету белгіленді.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тарихи еске алу ұғымын түсіндір.
2. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында қайсы ғұламалардың мерейтойлары атап өтілді?
3. Өзбек халқының құндылықтары мен дәстүрлерін қайта қалыптастыру бойынша қандай қаулылар қабылданды?
4. 2007 жыл Ташкентті Ислам мәдениеті астанасы деп аталу себептерін атап беруге әрекет жаса.
5. Төмендегі кестені толтыр. Тарихи тұлғаларға бүгінгі мән беру бойынша мәлімет жина.

Әмір Темір	Әлішер Науаи	Шараф Рашидов	Ислам Каримов

16-тақырып. Өзбекстанда мәдениет және өнер

Руханият орындары. Театр. Тәуелсіздік жылдарында мәдени өмірде де түбегейлі өзгерістер болып жатты. Бұл ең алдымен театр өнері дамуында айқын сезіле бастады, жаңа театр сарайлары құрып іске қосылды. 1991 жылда Ферғана, 1993 жылы Хорезмде мемлекеттік қуыршақ театрлары жұмыс бастады, 1994 жылы Қашқадария және Наманган облыс театрлары қасында қуыршақ топтары, 2001 жылы Сұрхандария облыс қуыршақ театры ашылды.



Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан мемлекеттік академиялық үлкен театры.



Симпозиумдар сарайы және Өзбекстан Ұлттық кітапханасы

Өзбек мемлекеттік академиялық драма (2001 жыл), Өзбекстан академиялық орыс драма театрлары (1999 жыл) сияқты астана және облыс театр ұжымдарына жаңа ғимараттар құрылды, жөнделді. 2015 жылы қазанда қайта қалыптастырылған Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан мемлекеттік академиялық үлкен театрының ашылу салтанаты болды.

1993 жылы қыркүйекте «Түркістан» сарайы жұмыс бастады. 2009 жылы «Өзбекстан» халықаралық форумдар сарайы, 2011 жылы Симпозиумдар сарайы және Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасынан құралған Ағарту орталығы кешені, 2014 жылы Ферғана облысында Театр-концерт сарайы сияқты мәдениет сарайлары ашылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан театр өнерін дамыту туралы» (1998 жыл) жарлығына сәйкес рухани-ағарту реформаларда театр қайраткерлерінің белсенді қатысуын қамсыздандыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеуші көркем кемеліне жеткен сахна шығармаларын жасау сияқты мақсаттарда «Өзбектеатр» шығармашылық-жасап шығару бірлестігі ұйымдасты-

рылды. 2017 жылы қызметі сынға ұшырап, «Өзбек-театр» бірлестігі жойылып, Мәдениет министрлігіне өткізілді.

2001 жылы Өзбек мемлекеттік академиялық драма театрына Президент жарлығымен «Ұлттық театр» мәртебесі берілді. 2014 жылы Президент «Өзбек ұлттық академиялық драма театрының 100 жылдығын атап өту туралы» қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес театр жөнделді және мерейтой атап өтілді.

Астанадағы республика театрлары қатарында облыс ұжымдары да халықаралық мәдени қатынастарда қатынасып келеді. Бұл тұрғыда Өзбекстан Жастар театры, Илхам театры және Қашқадариядағы «Ескі мешіт» театр-студиясы белсенділік танытты. 2018 жылы Өзбекстан Қорғаныс министрлігі құзырында алғаш рет әскери театр-студия – «Тұран» ұйымдастырылды. Сол театр тек әскерилер мен олардың отбасылары үшін ғана емес, сондай-ақ барша үшін қызмет көрсетеді.

Басқа салаларда болғаны сияқты, 2017 жылы театр өнері саласында да кең реформалар басталды. Ең алдымен, 2017–2021 жылдарға болжамданған Іс-қимылдар стратегиясында театр мен тамаша орындарын, мәдени-ағарту ұйымдарының қызметін дамыту әрі жетілдіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту белгілеп қойылды. Мәдениет мекемелерінің қызметін ұйымдастыру, мәдениет пен өнердің қоғам тіршілігіндегі орнын арттыру, жас ұрпақты ұлттық және жалпыадамзаттық рухында тәрбиелеу мақсатында Өзбекстан Республикасы Президентінің “Мәдениет және өнер саласын дамыта түсу мен жетілдіруге тиісті іс-шаралар туралы” қаулысы қабылданды. Бүгінгі күнде мемлекетіміздегі бар 37 театр қызметін қамсыздандыру үшін 2017 жылдың өзінде мемлекет бюджетінен 81 миллиард сумнан астам қаржы бөлінді. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жыл 14 мамырдағы “Мемлекеттік мәдениет мекемелері мен мемлекеттік архивтерінің қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің жетілдірілген жүйесін енгізу және оларды материалдық ынталандыруды күшейту туралы” қаулысына қарай, мемлекеттік мәдениет мекемелерінің әртістері, әкімшілік-басқару, көркемдік-жетекші, шығармашылық және басқа қызметкерлерінің еңбекақы мөлшерлері орташа 45 пайызға арттырылды.



Өзбек ұлттық академиялық драма театры құрылымы.

Музыка және би өнері. Тәуелсіздік жылдарында музыка өнерінде түбегейлі бұрылыс қалпына қайту, дәстүрлі әуендерден нәр алу және әсерленуде көрінді. Бұл үшін ең алдымен, халыққа жақындасу, ел арасында жүру, ең құнды халық дарындарын іздеп табу қажет еді.

Сол мақсатта 1992 жылы бірталай байқау-іріктеулер өткізілді. Атап айтқанда, Ташкент қаласында наурыз айында ұлттық саз орындаушыларының «Ғасырларға теңдес әуендер», сәуір айында танымалды өнерпаздар шығармалары орындаушыларының «Мәңгілік дауыстар», Хорезм облысында мамыр айында фольклор ұжымдарының, маусым айында Қоқан қаласында аския, қызықшы және масқарапаздардың, ал тамыз айында Ташкент қаласында лапар, ялла орындаушыларының байқау-іріктеулері ұйымдастырылды. Олар бірнеше ондаған дарындыларды жарыққа шығарды. Бұл сияқты шаралар, фестивальдардың өткізілуі дәстүрге айналып, халықаралық деңгейде бейматериалдық мәдени мұраны сақтау бойынша жүргізілетін әрекеттермен үйлесіп кетті.

Тәуелсіздік дәуірінде кәсіптік музыка және биді дамыту жұмыстарына да назар аударылды. 1996 жыл «Өзбекнаво» гастроль-концерт бірлестігі ұйымдастырылды. Өзбекстан Республикасы Президенті жарлығымен 1997 жылы Муккарама Тұрғынбаева атындағы «Өзбекби» ұлттық би бірлестігі және Ташкент мемлекеттік ұлттық би және хореография жоғары мектебі түзілді. Президенттің 2001 жылы «Өзбекнаво» эстрада бірлестігі, Ұлттық эстрада өнерін дамыту және үйлестіру Кеңесі жұмыс бастады.

Тәуелсіздік дәуірінде жаңа байқаулар, фестивальдар жүзеге келді. 1995 жылы Министрлер Кабинеті «Өзбекстан – Отаным менің» тақырыбында байқау-іріктеулер бойынша қаулы қабылдады. 1996 жылы наурыздан бастап өткізілген «Өзбекстан – Отаным менің»



«Шығыс күйлері» халықаралық музыка фестивалінің ашылу рәсімі.

тақырыбындағы байқаулар тәуелсіздікті, Отанды сезіну, мадақтау жолындағы маңызды адым болды. Сол үшін де 1996 жылы 27 тамыз күні арнаулы жарлық қабылданды. Онда әр жылы тамыз айының үшінші жексенбісі, «Өзбекстан – Отаным менің» ән мерекесі күні деп жарияланды. Бұл тәуелсіздікті жырлайтын жүздеген әндер шығуына түрткі болды.

Министрлер Кабинетінің 1997 жылдағы қаулысымен екі жылда бір рет Самарқант қаласында «Шығыс күйлері» халықаралық музыка фестивалі өткізіледі. Бірінші фестивалда дүниенің 31 мемлекетінен өкілдер қатысты. Фестивальдің аумақ қамтуы да барған сайын кеңейіп барады. 2015 жылы X фестивалда 66 мемлекеттен өкілдер қатысты.



Есінде сақта!

ЮНЕСКО жүргізетін адамзаттың бейматериалдық мәдени мұрасы репрезентативтік тізімінен Шығыс мақамы (2008), Байсын мәдени ортасы (2008), Наурыз (2009), Үлкен өлең (2009), Аския (2014) орын алды. 2017 жылы Президент қаулысымен Өзбек ұлттық мақам өнері орталығы ұйымдастырылды. 2018 жылдан бастап Шахрисабз қаласында екі жылда бір рет наурызда Халықаралық мақам өнері фестивалін өткізу белгіленді.

1998 жылы мемлекетімізде алғаш рет симфониялық музыка фестивалі өткізілді. Сол фестивалда дүниенің 20-ға жуық мемлекеттерінен орындаушылар қатысты. Тәуелсіздік жылдары музыка өнерін академиялық, дәстүрлі және заманалық бағыттарда дамуына қажетті жағдайлар жасау қатарында білім беруге де назар аударылды. 2002 жылы Ташкент Мемлекеттік консерваториясы Өзбекстан мемлекеттік консерваториясына айналдырылып, оның жаңа ғимараты құрылды.

Президенттің қаулысымен қабылданған Балалар музыка және өнер мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және олардың белсенділігін арттыра түсу мемлекеттік бағдарламасы да маңызды орынға ие болып, оның шеңберінде 2009–2014 жылдарда аумақтарда 278 музыка және өнер мектебі пайдалануға тапсырылды. «Нихол», «Зулфия» атындағы мемлекеттік сыйлықтарының жасалуы, «Камалак юлдузлари» республикалық балалар шығармашылығы фестивалі, «Созлар навоси» жас музыка орындаушылар және басқа байқау-іріктеулер өткізіліп жатқаны жаңа дарындарды жүзеге шығару және колдау мақсаттарына қызмет етеді.



Өзіңді сына!

Консерватория – бұл ... Бейматериалдық мәдени мұра – бұл ..
Музыка фестивалдары – бұл ... Руханият сарайлары – бұл ...

Бейнелеу өнері. Бейнелеу өнері үшін тәуелсіздік кең мүмкіндіктер туғызды. Ең алдымен, 1997 жылы Өзбекстанда бірінші рет Көркем академия ұйымдастырылды. 2002 жылы Ташкент сурет үйі, 2004 жылы

Ўзбекистан бейнелеу өнері галереясы, 2005 жылы Ўзбек киімдері галереясы, 2006 жылы Мәдениет және өнер көрмесі жұмыс бастады.

Мемлекет Президентінің 1997 жылы «Халық көркем қолөнершілері және қолданбалы өнерін дамыта түсуді мемлекет жолымен қолдау іс-шаралары туралы» жарлығында қолданбалы безендіру өнерінің маңызын арттыру, қолмен жасалатын көркем бұйымдарды даярлау мемлекеттік қолдау шаралары белгіленді. Атап айтқанда, «Ўзбекистан Республикасы халық шебері» атағы жасалды, «Хунарманд» бірлестігі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қолөнершілер табыс салығынан азат етілді.

Кино. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық кино өнерін дамытуға ерекше мән берілді. Бастапқы дәуірдегі қаржылай қолдаулар 2004 жылы «Ўзбеккино» ұлттық агенттігі ұйымдастырылғаннан кейін жаңа басқышқа көтерілді.

2017 жылы кино өнері үшін де маңызды жыл болды. Тек сол жылдың өзінде “Ўзбеккино” ұлттық агенттігіне мемлекет бюджетінен 12 миллиард 400 миллион сум бөлінді. Ўзбекистан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жылы 29 желтоқсан күні ұлттық кино өнері қызметкерлері және тағайындалған тұлғалармен кездесті. Онда кино өнерінің материалдық техникалық базасын нығайту, мәдениет пен өнер бағытындағы жоғары білім беру мекемелері, тәжірибе мен біліктерін арттыруды ұйымдастыру, аумақтарда кинотеатрлар құру, олардың қызметін қолға алу мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, кинематорграфия саласын дамыту тұрғыда қабылданған қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету, шет елдік киностудиялар және киношығарушылармен байланыстарды нығайту, олармен ынтымақтастықта фильмдер шығаруды іске асыру атап өтілді.

Көркем әдебиет. Тәуелсіздік жылдарында көркем әдебиетте ұлттық, мың жылдық тарихи шығармашылық дәстүрлер, жалпыадамзаттық құндылықтар, еркін пікірлеу қағидалары қайта қалыптасты.

Көркем әдебиетте тәуелсіздікті қорғап-сақтау, азат және көркейген Отан құру, кемеліне жеткен адамды тәрбиелеу, ұлттық өзіндікті сезіну сияқты мәселелер басты тақырып болып қалды. Абдулла Арипов, Әділ Якубов, Пірімқұл Қадиров, Хуршид Даврон сияқты қаламгерлердің тарихи роман, пьеса және шағын әңгімелерінде ұлы бабаларымыз Әмір Темір, Мырза Ұлықбек, Бабыр және басқалардың бейнелері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға сай түрде жаңаша ұғыммен ашып берілді.

Тәуелсіздік дәуірі әдебиетінің ту көтерушілері Өзбекстан қаһармандары Саид Ахмад, Абдулла Арипов, Эркин Вахидов, Өзбекстан халық ақыны Мухаммад Юсуфтардың шығармашылығын бүкіл халқымыз мақтан етеді.

Тәуелсіздік дәуіріндегі өзбек әдебиеттанушылығы алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуде О.Шарофиддинов, Б.Қасимов, Х.Каримовтардың шығармалары ерекше орын алады. Мухамед Әли және Т.Маликтің романдары, У.Азим, Е.Ағзам, С.Сайид, Х.Худайбердиева, Х.Ахмедова, Ж.Ергашева, Х.Дустмухамед, Ш.Салимова сияқты ақын мен жазушылардың көркем шыңдалған, идеялық жетік шығармалары үлкен үлес болып қосылды. Жалпы, әдебиетке назар аудару мәдениеттің маңызды бағыты болып қалды. Жазушыларды қолдау тұрғысында 2010 жыл Өзбекстан Жазушылар одағы құзырында «Ижод» қоры ұйымдастырылып, 2011 жылдан жас шығармашылардың кітаптары мемлекет есебінен басылды.

Әдебиетке мән беру 2017–2018 жылдарда күшейе түсті. 2017 жылы 12-қаңтарда Өзбекстан Республикасы Президентінің “Кітап өнімдерін басып шығару және тарату жүйесін дамыту, кітап оқу мен оқырман мәдениетін арттыру әрі насихаттау бойынша комиссия түзу туралы” қаулысы қабылданды. Сол жылдан 10 жастан 30 жасқа дейінгі кітап-сүйермендер арасында “Жас оқырман” республикалық іріктеу байқауы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Өзбекстан Президенті Ш. Мирзияевтің 2017 жыл 3 тамызда шығармашы зиялылармен өткізген кездесуінде бірнеше мекемелерге демеуші ұйымдар белгілеп берілді. Сол бағытта Халық банкі мен Жазушылар одағының “Достар клубы” құрылды. “Достар клубының” құрылуы жазушы және ақындардың әлеуметтік тұрмысындағы орны мен беделін арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге шығару, материалдық және рухани ынталандыру, лайықты жұмыс пен тұрмыс жағдайын жасап беру үшін кең мүмкіндіктер туғызып отыр.

Мұражай. Ұлтымыздың өзіне тәндігін тануда ұлттық, тарихи құндылықтарымызды қайта қалыптастыруда мұражайлар ерекше орын алады. Мұражайлар – тарихи ескерткіштер орны, әдебиет, өнер, әдет-ғұрыптары, айнасы. Мұражайлар арқылы өткенді, тарихты көру, еске алу, сезу, зерттеу мүмкін. Сондықтан тәуелсіздік жылдарында бар мұражайларды жөндеу, оларды жаңа экспонаттармен байыту, жаңа мұражайлар орнатуға арнайы назар аударылды. 1996 жылы Ташкентте Темурилер дәуірі тарихы, Олимпия абырой-даңқы, 2002 жылы Репрессия құрбандарын еске алу, Сұрхандария облысының орталығы – Термізде Археология мұражайы жұмыс бастады.




Есінде сақта!

1991–1994 жылдарда 73 мұражай бар болса, 2017 жылы 450-ге жуық мұражай қызмет жүргізіп жатыр.

Өзбекстан Президентінің 1998 жылдағы «Мұражайлар қызметін түбегейлі жақсарту және жетілдіру туралы» жарлығы мемлекетімізде мұражай жұмысын дамыту болашақтарын белгілеп берді. Мұражайлар мемлекет қорғауына алынды, оларды жөндеу, мұражай экспонаттарын байыту мемлекет бюджеті есебінен қаржылану жағынан қолдау жасалды. Мұражайлар қызметін үйлестіру, ғылыми-тәсілдік көмек көрсету, материалдық жағынан қолдау мақсатында 1998 жылы «Өзбекмұражай» Республикалық қоры түзілді. Халықтың мұражайтанушылық мәдениетін өркендетуге көмектесетін «Мозийдан садо» журналы шығарылды және ол 1999 жылдан бастап өзбек, орыс және ағылшын тілдерінде басылды. Жастар руханиятында Мұражайлардың маңызы есепке алынып 2014 жылы Министрлер Кабинетінің қаулысымен аптаның сейсенбі және жұма күндері балалар және олардың ата-аналарына тегін қызмет көрсету, әр жылы 2–8 қыркүйек күндері «Мұражайлар апталығын» өткізу белгіленді.

Сөйтіп, мемлекет мәдени тіршілігінің көп қырлы қасиетін сақтаған күйде дамуына қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлініп жатыр. Сондай-ақ, мәдениет Өзбекстан халқының негізгі бөлігін құрайтын жастарға бағытталуымен маңызды болып табылады.



Терминдер түсінігі!

Симпозиум – (музыка, өлең оқумен өтетін жиын) бір ғылыми мәселе бойынша өткізілетін халықаралық ғылыми Кеңес; ғылыми жиналыс.

Фестиваль – (*итал.* – мерекелік, шат, көңілділік) өнердің музыка, кино, театр және басқа салаларында қол жеткізілген ең жақсы жетістіктер бойынша өткізілетін іріктеу, байқаудан құралған бұқаралық мереке, салтанат, серуен.

Галерея – (*фр.* – пешайвон) ғимараттың екі бөлігін біріктіріуші үсті жабық ұзын жол; тамаша залында ең жоғарғы ярус.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында неліктен мәдениет және өнерге баса назар аударылды?

2. Бүгінгі күнде Өзбекстанда қандай бағыттағы мұражайлар бар?
3. Музыка фестивальдарын өткізуден қандай мақсаттар көзделген?
4. Кино өнеріндегі жетістіктер және кемшіліктерді атап бер.
5. Тәуелсіздік жылдарында театрлар қызметінде қандай өзгерістер болды?

VIII БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕКІ ЖАҚТАМА ҚАТЫНАСТАРЫ

17-тақырып. Өзбекстан Республикасы Сыртқы саяси қызметінің қалыптасуы және оның негізгі бағыттары

Өзбекстанның геосаяси жағдайы. Өзбекстан Республикасы өзіне тән географиялық түзілісімен Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер арасында ерекше өзгешеленеді. Мұндай географиялық орналасудың қолайлы және қолайсыз жақтары бар, олар республиканың геосаяси жағдайы мен геостратегиялық мүдделері, оның ішкі және сыртқы саясатын таңдау және белгілеуде маңызды мәнге ие болады.

Тәуелсіз Өзбекстанның қолайлы геосаяси мүмкіндіктері төмендегіше: алыс тарихтан Шығыс пен Батыс арасындағы ежелгі сауда, мәдени-ғылыми және дипломатиялық байланыстар жолы болған Ұлы Жібек жолы Өзбекстан аумағынан өткен. Қазірде де Еуропа және Таяу Шығыстан Азия–Тынық мұхиты аймағына алып баратын жолдар Орталық Азиядан, оның орталығында орналасқан Өзбекстаннан өтеді; Орталық Азияның орталығында орналасқан Өзбекстан өзінің географиялық жағдайынан туындап, осы аймақта күштер қатынасы және тепе-теңдігін сақтау, экономикалық интеграция үдерісін дамыту, тұрақтылықты қамтасыз ету, ынтымақтастықты нығайту мүмкіндігіне ие. Өзбекстан бүгінгі күнде көрші мемлекеттер – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Ауғанстан арасында байланыстырушы шеңбер міндетін атқарып келеді. Өзбекстан өзінің орналасуына қарай Орталық Азияның көлік, энергетика, қатынас жолдары, су жүйесі орталығында орналасқан. Табиғи климат жағдайы қолайлы, үлкен минералды-шикізат қорлары және стратегиялық материалдарға ие, диқаншылық мәдениеті дамыған, азық-түлікпен өзін қамтамасыз етуге қабілетті. Өзін мұнай, газ, түсті металдармен қамтамасыз етіп қана қалмай, оларды экспорт жасау



Орталық Азияның саяси картасы

мүмкіндігіне ие. Өзбекстан Республикасының жер астында іс жүзіндегі Менделеев периодтық жүйесінің барлық элементтері бар.

Осы мүмкіндіктер арқылы Өзбекстан геосаяси орналасуын қолайсыздықтардан шығаруға болмайды. Сол жағынан Өзбекстан Республикасына қиыншылықтар туғызатын төмендегі шаралар да бар: Өзбекстан Парсы шығанағы, Каспий теңізі бассейні және Тарим бассейнінің мұнай және газға өте бай кендері орналасқан жарты шеңбердің стратегиялық орталығында орналасқан. Сондықтан бұл аумақта бүкіл дүниеде энергия жетіспеушілігі жағдайында көптеген мемлекеттердің бір-біріне сай келмейтін мүдделері өзара қақтығысып жүр. Дүниедегі күшті мемлекеттер осы аймақта өз мүдделерін іздеп жатыр. Сонымен бірге Өзбекстан аймағындағы этникалық ымырасыздық, наркобизнес және әр түрлі сыртқы күштер ынталандырылып келіп жатқан, ішкі келіспеушіліктер әлі де аяқталмаған. Ауғанстан сияқты мемлекетпен шекаралас болып табылады. Өзбекстан тікелей теңізге шыға алмайтын, оның үстіне теңіз порттарынан ең алыста орналасқан мемлекет болып есептеледі. Қара теңіз, Балтық теңізі, Жапон теңізі және Солтүстік теңіздерге алып шығатын ең қысқа темір жол дерлік 3 мың километрді құрайды. Тәуелсіз Өзбекстанның жалпы барлық өзендері және республика аумағын кесіп өтетін, ұзындығы 150 және одан да көп километрлі өзендер 50-ден астам болуына қарамай, оның су қорлары шектелген және

экологиялық ділгірліктері де бар. Арал қайғысы да мемлекетіміз үшін қолайсыздық шарасы болып табылады.

Өзбекстан Республикасының тәуелсіз сыртқы саясаты негіздерінің жасалуы. Қазір халықаралық қоғамдастық тәуелсіз Өзбекстан дипломатиясының бастапқы адымдары, Орталық Азиядағы беделі, аймақ қауіпсіздігін қамсыздандырудағы орны ерекше екенін тән алып отыр. Өзбекстан сыртқы саясатының рухани бағыты, адамсүйгіштік, жариялылық, қадірқұны өз мүмкіндіктеріне сүйену және адамзаттың бірегей жанұясында өз даму жолына ие болу болып табылады. Сондықтан тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз 133 мемлекетпен ресми дипломатиялық қатынастар орнатқан, Ташкентте 45 шет мемлекеттің елшіліктері, 9 құрметті консулхана, 11 халықаралық ұйымдардың өкілеттіктері қызмет жүргізіп жатыр.



Ой жүгірту!

Өзбекстан Президенті 2018 жылы қаңтарда мемлекет тарихында тұңғыш рет Өзбекстанның шет мемлекеттердегі елшілерімен ашық пікірлесу түріндегі жиылысын өткізді. Қалай ойлайсың, мұның қажеттілігі неде?

Тәуелсіздікті нығайту, мемлекетіміздің қауіпсіздігі, тұрақтылығы және дамуы өз кезегінде шет мемлекеттермен дипломатиялық байланыстардың реттелуімен байланысты еді. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясат жүйесі Өзбекстан Республикасының Конституциясы, Министрлер Кабинетінің 1992 жылы мамыр айындағы «Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы» қаулысы және 1994 жылы наурыз айында қабылданған «Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қызметін жетілдіру туралы» қаулылары негізінде қалыптастырылды. 1996 жылы «Өзбекстан Республикасы сыртқы саяси қызметінің негізгі принциптері туралы» заң қабылданды.

2012 жылы қыркүйекте Өзбекстан Республикасының «Сыртқы саяси қызметі концепция» жарияланды. Өзбекстан Республикасының Сыртқы саяси қызметі концепция – бұл мемлекет сыртқы саясатының принциптері және стратегиялық негізгі бағыттарын, халықаралық алаңдағы мақсат және міндеттерін, болашақта Өзбекстан ұлттық мүдделерін алға қою механизмдерін белгілеп беретін танымдардың тұтас жүйесі болып табылады.



Есінде сақта!

“Өзбекстан Республикасы халықаралық қатынастардың толық құқықты субъекті болып табылады. Оның сыртқы саясаты мемлекеттердің суверенді теңдігі, күш жұмсамаушылық немесе қауіп төндірмеушілік, шекаралардың мызғымастығы, келіспеушіліктерді тыныш жолмен шешу, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау және халықаралық құқықтың жалпы тән алынған басқа ережелері мен мөлшерлеріне негізделеді”.

Өзбекстан Республикасы Конституциясы.17-бап.

Сол Концепцияда Орталық Азия аймағына арнайы назар аударылған және «Өзбекстанның өмір үшін маңызды мүдделері сол аймақпен байланысты» екендігі ресми тән алынған. Онда Орталық Азия өзінің маңызды геосаяси орналасуы мен минералдық шикізат қорлары үлкен қорларға ие екендігінен Дүние жүзі деңгейінде күшті назар объектіне, ірі мемлекеттердің стратегиялық мүдделері қақтығысатын аумаққа айналғаны атап өтілген. Сондай-ақ, дүниенің ірі мемлекеттері аймақта жүргізіп жатқан өзара бәсеке ескеріліп, «Орталық Азия ділгірліктері сыртқы күштердің араласуынсыз, аймақтағы мемлекеттердің өздері шешуі керек», деген пікір айтылған. Концепцияда Өзбекстанның тыныштықсүйгіш саясат жүргізуі, әскери-саяси блоктарда қатынаспауы, кез келген мемлекеттераралық түзілістер әскери-саяси блокқа айналған шақта, олардан шығу құқықын сақтап қалуы аталды.



Есінде сақта!

Концепцияда төмендегі ережелер бекітіліп қойылды: “Өзбекстан өзін көрші мемлекеттердегі қарулы қайшылықтарға тартылуының алдын алу мақсатында тиісті шараларды көреді; өз аумағында шет мемлекеттердің әскери базалары мен объектілері орналасуына жол бермейді; Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері шет елдегі тыныштықсүйгіштік операцияларында қатынаспайды”.

Сыртқы саясат принциптері. Өзбекстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принциптері төмендегілерді қамтиды: идеологиялық көзқарастарына қарамай ынтымақтастық үшін жариялылық, жалпыадамзаттық құндылықтарға, тыныштық және қауіпсіздікті сақтауға адалдық; мемлекеттердің суверендік теңдігі және шекаралар мызғымастығын құрмет ету; басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау; келіспеушіліктерді

тыныш жолмен шешу; күш жұмсамау және күшпен қауіп төндірмеу; адам құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу; ішкі ұлттық заңдар мен құқықтық мөлшерлерден халықаралық құқықтың жалпы тән алынған ережелері мен мөлшерлерінің сақталуы; мемлекеттің, халықтың жоғары мүдделері, әлауқаттылығы және қауіпсіздігін қамсыздандыру мақсатында Одақтар түзу, достастықтарға кіру және олардан бөлініп шығу; басқыншы әскери блоктар мен бірлестіктерге кірмеу; мемлекеттераралық байланыстарда тең құқықтылық және өзара мүдделілік, мемлекеттік ұлттық мүдделерінің үстемділігі; сыртқы байланыстарды әрі екі жақты, әрі көп жақты келісімдер негізінде дамыту, бір мемлекетпен жақындасу есебіне басқасынан алыстамау сияқтылар негізгі бағыт ретінде белгілеп алынды.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Төмендегі кестені толтыр. Өзбекстанның геосаяси жағдайы туралы, қолайлы және қолайсыз себептерін көрсет.

Қолайлы	Қолайсыз

2. Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, 2018 жылы қаңтарда Президент Шавкат Мирзияевтің Өзбекстанның шет мемлекеттердегі елшілерімен кездесуі және онда белгіленген міндеттер бойынша мәлімет жина.
3. Өзбекстан сыртқы саясатының принциптерін атап бер.
4. Өзбекстан Республикасының «Сыртқы саяси қызметі концепция»-сында Орталық Азия аймағы мәселесінде не дейілген?

18-тақырып. Өзбекстанның Орталық Азия мемлекеттерімен өзара ынтымақтастығы

Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықтың реттелуі. Өзбекстан сыртқы саясатының жетекші бағыттарынан бірі Орталық Азиядағы тәуелсіз мемлекеттер – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстанмен достық, ынтымақтастық қатынастарын нығайтуға бағытталған. Аймақтағы бес мемлекет арасында ұқсас жақтар көп. Тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз, дініміздің бірлігі, тамырларымыздың ұштасып кеткендігі мемлекеттер халықтарының жақындаса түсуінің негізі.

Жаңа тарихи жағдайларда жүзеге келіп жатқан әлеуметтік-саяси үдерістер Орталық Азия мемлекеттері халықтарының келіп шығуы, олардың тарихы өзіне тән тұрмыс сипаттары мен жақын көршілік қатынастарына әдеттегіден өзгешелеу қарауды өмір талап ете бастады. 1993 жылы қаңтарда Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов бастамасымен Орталық Азия Мемлекеттері басшыларының Ташкент кездесуі ұйымдастырылды. Жоғары дәрежедегі бұл кездесуде Орталық Азия Ынтымақтастығына негіз салынды. Бес мемлекет – Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан басшылары Достастық жайындағы бітімге қол қойды. Мұны аймақ халықтары өте қуанышпен қарсы алды және қолдады.

Орталық Азия мемлекет басшылары 1993 жылы Қазақстан Республикасы Қызылорда қаласында, 1994 жыл Нөкіс қаласында, 1995 жылы Түрікменстан Республикасының Ташауз қаласында, 1995 жылы тағы да Нөкіс қаласында Арал теңізі ділгірлігіне арналған кездесулер өткізді және бұл тұрғыда іс жүзіндік жұмыстар жүргізді. 1999 жылы Түрікменстанның Ашхабад қаласында Аралды құтқару Халықаралық қорының жиналысы болды. Жиналыста экологиялық апат аймағындағы жағдайды тұрақтандыру тұрғысында ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Мемлекет басшылары өзара ынтымақтастық, аймақтық қауіпсіздік және халықаралық деңгейдегі мәселелер бойынша да пікір алмасты.

2017 жылы Өзбекстан Президенті Ш.Мирзияев бастамасымен Өзбекстанның көрші мемлекеттермен қатынасында жаңа дәуір басталды. Сол жылдың өзінде Қазақстан, Түрікменстан және Қырғызстан мемлекеттеріне Өзбекстан Президентінің ресми сапарлары жүзеге асырылды. Ал 2018 жылы наурыз айында Тәжікстанда жоғары дәрежедегі кездесу іске асырылды. Бұдан тыс, 2017 жылы Самарқантта БҰҰ демеуімен «Орталық Азия: бірегей тарих және ортақ келешек, тұрақты даму және даму жолындағы ынтымақтастық» тақырыбында жиын болды. Онда 500 шет елдік қатысушылар қатынасты.

Өзбекстан – Қазақстан. Өзбекстанның Қазақстанмен екі жақты қатынастары 1992 жылы маусымда Түркістан қаласында Өзбекстан Президентінің Қазақстанға ресми мемлекет сапары кезінде Н.Назарбаев пен И.Каримов қол қойған Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында достық және ынтымақтастық туралы шарт

негізінде нығайтыла түсті. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 1994 жылы қаңтарда ресми мемлекет сапарымен Өзбекстанда болды. Екі Президент Өзбекстан мен Қазақстан арасында тауарлар, қызметтер, қаржылар және жұмысшы күштердің еркін өтіп тұруын көздейтін және өзара келісілген несие, есеп-қысап, бюджет, салық, баға, баж және валюта саясатын қамсыздандыру туралы шарт жасасты. 1998 жылы қазанда Өзбекстан мен Қазақстан арасында мәңгілік достық шарты түзілді. Өзбекстан және Қазақстан Президенттерінің Ташкентте 2000 жылғы кездесуінде екі мемлекет шекараларын анық белгілеп алуға арналған кездесу болды. Келісімдер соңында «Өзбекстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Президентінің біріккен мәлімдемесі» жасалды.

2001 жылы Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті И.Каримов ресми сапармен Қазақстанда болды. Екі мемлекет Президенттері Өзбекстан – Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Келісім-шарт жасады. 2440 км қашықтықтағы Өзбекстанның Қазақстанмен шекарасының 96%-ы белгілеп алынды. Қалған бөлігін келісім негізінде делимитация жасауға келісілді. 2002 жылы Өзбекстан Президенті Астана қаласына барды. «Өзбекстан – Қазақстан Мемлекет шекараларының арнайы учаскалары туралы бітім» жасалды және екі мемлекет арасындағы шекараға тиісті көкейтесті мәселелер құқықтық жағынан өз шешімін тапты. Қазақстан Өзбекстан үшін Орталық Азиядағы маңызды ынтымақтастардан бірі болып есептеледі. 2013 жылы жасалған Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында Стратегиялық серіктік туралы Келісімшарт та өте маңызды құжаттар санатына кіреді. 2014 жылы Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов ресми сапармен Қазақстан Республикасында болды. 2017 жылы маусымда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Астана саммиті қатысу үшін, Президент Шавкат Мирзияев Қазақстанда болды. 2017 жылы қыркүйекте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапармен Өзбекстанға келді. Өзбекстан мен Қазақстан Президенттері кездесу қорытындылары бойынша көптеген құжаттар жасады. Шавкат Мирзияев Нұрсұлтан Назарбаевты «Ел-жұрт құрметі» орденімен марапатталды.



Есінде сақта!

Қазіргі күнде Қазақстанда 550 мыңға жуық өзбек ұлтына тиісті, ал Өзбекстанда бір миллионға жуық қазақ ұлтына тиісті халық жасайды. 2017 жылы Қазақстан Президентінің Өзбекстанға келген кезінде 2018 жылы Қазақстанда Өзбекстан жылы және 2019 жылы Өзбекстанда Қазақстан жылы өткізілуі белгіленді.

Өзбекстан – Қырғызстан. Өзбекстанның Қырғызстанмен екі жақты ынтымақтастығы Өзбекстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасында достық, ынтымақтастық пен өзара көмек жайында келісімшарт негізінде жолға қойылды және дамыды. Бұл келіссөз Ташкентте 1992 жылы Қырғызстан Президенті Асқар Ақаевтың Өзбекстанға ресми мемлекеттік келуі шағында түзілген еді. Мемлекетіміз Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың 1993 жылы Қырғызстанға жасаған ресми мемлекеттік сапарында Ош қаласында Өзбекстан және Қырғызстан арасында 1994–2000 жылдарға арналған экономикалық интеграцияны дамыту туралы Мәлімдеме түзілді. Бұл құжат екі республикада түзілген ұлттық бағдарламаларды сәйкестендіруге, шикізат пен жұмысшы күшінен, ғылыми қабілетінен өнімді пайдалануға бағытталған еді. 1994 жылы қаңтарда Өзбекстан Президенті Қырғызстанда болды. Ресми сапар соңында екі мемлекет Президенттері тауарлар, қызметтер, қаржы, жұмысшы күштерінің еркін жүруін, өзара келісілген несие есеп-қысап, бюджет, салық, баға, кеден және валюта саясатын белгілейтін шарт жасасты.

2010 жылы шілдеде Қырғызстанда экстремистік күштер ұйымдас-тырған ұлтаралық қанды оқиғалар жағдайында Өзбекстан 100 мыңнан астам қашқындарды Өзбекстан аумағында қабылдады.

2017 жылы Өзбекстан және Қырғызстан қатынастарында жаңа бет ашылды. Сол жылы қыркүйек айында Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаевтың шақыруы бойынша Президент Шавкат Мирзияев Бішкекте болды. Өзбекстан және Қырғызстан Президенттері өз құрамына 85 пайыз қашықтықты қамтыған шекара туралы бітім жасасты. Соған байланысты, халықтың барыс-келісі үшін екі мемлекет арасындағы 7 жыл барысында жауып қойылған шекара постары ашылды. 2017 жылы декабрьде Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің шақыруы бойынша Қырғызстан Республикасының жаңа сайланған

Президенті Сооронбай Жеенбеков ресми сапармен мемлекетімізге келді. Экономикалық, мәдени және әлеуметтік салаларда ынтымақтастыққа тиісті бірталай құжаттар қабылданды.

Өзбекстан-Тәжікстан. Тәжікстанда 1992–1997 жылдарда биродар-қушлик соғысы Тәжікстанның экономикалық дамуына кері әсер етті, оның көрші мемлекеттер, оның ішінде, Өзбекстанмен ынтымақтас-тығына кері әсерін тигізді.

1997 жылы Мәскеуде Тәжікстанның ресми үкіметі мен кертарпа күштер арасында түзілген ымыраласу туралы шартқа қол жеткізген соң, Тәжікстанның көрші мемлекеттермен байланыстары қайта қалыптасты.



Араб-мұсылман мемлекеттері және АҚШ саммиті. 2017. Ар-Рияд.

Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың шақыруымен 1998 жылы қаңтарда Тәжікстан Президенті Имамали Рахман Өзбекстанға қызмет сапарымен келді. Екі мемлекет басшылары сапар қорытындылары бойынша құрама ақпарат жасады. Екі мемлекет үкіметтері арасында жүк тасу және газ жеткізіп беру, Тәжікстанның қарызы бойынша өзара есеп-қысап туралы бітімдер де жасалды. Өзбекстан Тәжікстан аумағынан өткен көлік қатынас жолдарынан пайдаланып жатыр. Өзбекстан мен Тәжікстан арасында тауар айырбастау көлемі де барған сайын артып отыр.

2017 жыл Өзбекстан мен Тәжікстан қатынастарында да жаңа бет ашылды. Сол жылы мамыр айында Өзбекстан Президенті Шавкат

Мирзияев Саудия Арабстаны астанасы Ар-Рияд қаласында болған АҚШ және араб-мұсылман мемлекеттері саммитінде қатысу шеңберінде Тәжікстан Президенті Имамали Рахманмен алғаш рет кездесті. Кездесу барысында көптеген мүдделі келісімдер жасалды. 2017 жылы сәуірде 25 жылдық үзілістен соң Душанбе және Ташкент арасындағы әуеқатынау қайта қалыптасты.



Есінде сақта!

2017 жыл сәуірде Душанбеде екі жақты қатынастар тарихында алғаш рет Өзбекстанда өндірілген өнімдердің кең аумақты көрмесі болды. Ал мамыр айының басында тәжік-өзбек қатынастары тарихында алғаш рет Тәжікстанда Өзбекстан мәдениеті күндері өткізілді.

Өзбекстан – Түрікменстан. 1991 жылы Өзбекстан және Түрікменстан Президенттері кездесуінде Өзбекстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасы арасында достық және ынтымақтастық жайлы шарт жасалды. Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов 1996 жылы қаңтарда қызмет сапарымен Түрікменстанда болды. Чаржау қаласында С.Ниязов пен И.Каримов арасында және екі мемлекет делегациялары арасында келіссөздер болды. Президенттер Өзбекстан мен Түрікменстан арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөніндегі шартты, Өзбекстан мен Түрікменстан арасында мемлекеттік шекарасын қорғауда ынтымақтастық жасау туралы және су қожалығы мәселелері бойынша бірнеше бітімдер жасады. 1991 жылдан 2016 жылға дейін екі мемлекет басшыларының 11 рет жоғары дәрежедегі сапарлары іске асырылды. Өзбекстан мен Түрікменстан арасындағы кең аумақты ынтымақтастыққа тиісті көкейтесті бағыттарды қамтыған мемлекеттераралық, үкіметтераралық және кеңселераралық дәрежеде жасалған 150-ден астам халықаралық шарттар екі мемлекет қатынастарының нығайған құқықтық негізі болып қызмет етіп келеді.

Елімізде 2001 жылы ұйымдастырылған Республика түрікмен мәдениет орталығы қызмет атқарып келеді. Бүгінгі күнде Өзбекстанның түрлі облыстарында түрікмен ұлтына жататын дерлік 170 мың халық жасап, 44 мектепте түрікмен тілі оқытылып жатыр. Түрікменстан Президенті Гурбангули Бердімухамедовтың 2014 жылы мамырда мемлекетімізге


ресми сапары шағында Өзбекстан – Түрікменстан ынтымақтастығын дамыта түсу мәселесінде бірнеше екі жақты құжаттарға қол қойылды.

2017 жылы Шавкат Мирзияев Түрікменстан Президенті Гурбангули Бердімухамедовтың шақыруымен екі рет (наурыз, мамыр) Түрікменстанға барды. Сапар шағында бірнеше келісімдер жасалды. 2017 жылы наурыз айындағы келіссөздер соңында президенттер Өзбекстан мен Түрікменстан арасында стратегиялық серіктік туралы келісім жасады. Екі мемлекет министрлік және мекемелері арасында экономика, ауыл шаруашылығы және химия өнеркәсібі, темір жол көлігі, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты, аумақтараралық байланыстарды дамытуға тиісті көптеген құжаттарға қол қойылды.



Есінде сақта!

2017 жылы 6–7 наурыз күндері Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев ресми сапармен Түрікменстанда болды. Бұл Шавкат Мирзияевтің Президент ретінде шет мемлекеттерге алғашқы ресми сапары болып саналады



Терминдер түсінігі!

Делимитация – (лат. – шекаралау, ажырату) мемлекет шекараларын түзілген келісімшартқа сәйкес сипаттау және картасын түзу негізінде белгілеу; белгіленген шекараларды қайта тексеру.

Саммит – (ағыл. – төбе, жоғары, шың; жоғары дәреже) екі немесе бірнеше мемлекет бастықтарының маңызды халықаралық мәселелер бойынша кездесуі; жоғары дәрежедегі Кеңес.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында неліктен Өзбекстан ең алдымен, Орталық Азия мемлекеттерімен достық, ынтымақтастық байланыстарын нығайтуға назар аударды?
2. 2017 жылы Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықта қандай түбегейлі өзгерістер болды?
3. Қосымша әдебиеттерден пайдаланып, Нұрсұлтан Назарбаевқа «Елжұрт құрметі» ордені берілуінің себептерін түсіндір.
4. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің шет мемлекеттердегі алғашқы сапары қайсы дәуірде болды?
5. «Түркістан – ортақ үйіміз» ұранын түсіндір.

19-тақырып. Өзбекстан Республикасының Ресей, Қытай және АҚШ-пен өзара қатынастары

Өзбекстан–Ресей. Өзбекстан Ресей Федерациямен өзара ынтымақтастық мәселелеріне ерекше мән берді. Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттераралық қатынастар және ынтымақтастық 1992 жылы жасалған Мемлекеттераралық қатынастар, Достық негіздері туралы келісімшарт, 1998 жылы жасалған 1998–2007 жылдар үшін экономикалық ынтымақтастықты тереңдету туралы шарттар негізінде дамып отырды.

Кейінгі жылдарда Өзбекстан – Ресей қатынастары жаңа басқышқа көтерілуінде 2004 жылда жасалған Өзбекстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы келісім маңызға ие болды. 2005 жылы Мәскеуде жасалған Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Одақтық қатынастары туралы келісім, сондай-ақ, 2012 жылы Ташкентте болған кездесу қорытындысына қарай қабылданған «Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында стратегиялық серіктестікті тереңдету туралы декларация» екі мемлекет өзара қатынастарында ерекше оқиға болды. Екі мемлекет өзара қатынастары және ынтымақтастықтың дами түсуі және тереңдеуіне 2013 жыл сәуірде Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті И.А.Каримов және Ресей Президенті В.В.Путин арасындағы Мәскеу кездесуі жаңа түрткі болды. Сол кездесу шағында мемлекеттердің кең қамтылған өзара қатынастарындағы ынтымақтастықты дамыту жағдайы мен болашағы талқыланды. Екі мемлекет тәуелсіздікке жеткеннен кейінгі дәуір Өзбекстан мен Ресей арасында 160-тан астам халықаралық келісім және 40-тан артық басқа құжаттар түзілді.

2017 жылы сәуірде Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев ресми сапармен Ресейде болды. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің Ресей Федерациясына мемлекеттік сапарының қорытындылары бойынша саяси, сауда-экономикалық, қаржылық, әскери-техникалық, миграция салалары, сондай-ақ, аймақтараралық ынтымақтастық, туризм және денсаулықты сақтауға тиісті жалпы мәні 16 миллиард доллар болған 55 құжат жасалды.

Өзбекстан–Қытай. Қытай Халық Республикасы Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігін 1991 жылы 27 желтоқсанда тән алған. 1992 жылы қантарда дипломатиялық қатынастар орнатылды. Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасында дәстүрлі Достық қатынастары орнатылған. Бұлар екі мемлекетке екі жақты қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша өзара мүдделі және тиімді ынтымақтастық жүргізу мүмкіндігін береді. Қытай Халық Республикасы Төрағасының 2010 жылдағы Өзбекстанға және Өзбекстан Республикасы Президентінің 2012 жылы маусымда Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары тарихи маңызға ие болды. Кездесулер барысында ынтымақтастықтың болашақтары белгіленді. Мұның айқын дәлелі ретінде Өзбекстан басшысының Қытайға сапары шағында мемлекет басшылары «Стратегиялық серіктестік қатынастарын орнату туралы біріккен мәлімдеме» жасағанын көрсету мүмкін.

Өзара мүдделі ынтымақтастықтың құқықтық базасын 2005 жылы жасалған Достық, ынтымақтастық және серіктестік қатынастары туралы келісім, 2010 жылдағы достық, ынтымақтастық және серіктестік қатынастарын жан-жақты тереңдету және дамыту туралы біріккен декларация, 2012 жылдағы Стратегиялық серіктестік орнату туралы Біріккен декларация, 2013 жылдағы екі жақтама стратегиялық ынтымақтастықты тереңдете түсу және дамыту жөніндегі Біріккен декларация, 2014–2018 жылдарға арналған Стратегиялық серіктестік қатынастарын дамыту бағдарламасы және 2016 жылда жасалған Біріккен мәлімдеме құрайды. Сол құжаттардың қабылдануы ұзақ мерзімді болашақта мемлекеттеріміз арасындағы қатынастарды дамыта түседі.

2017 жылы 11–13 мамыр күндері Президент Шавкат Мирзияевтің Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары Өзбекстан – Қытай қатынастарын жаңа басқышқа көтерді. Келіссөздер нәтижесінде Шавкат Мирзияев және Си Цзинпин Өзбекстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Біріккен мәлімдемеге қол қойды. Шавкат Мирзияев Қытайға болған сапары барысында жалпы мәні 23 млрд. доллар болған 105 екі жақты құжаттарға қол қойды.



Есінде сақта!

2017 жылдың өзінде шет мемлекеттермен 60 млрд. долларлық келісімшарттар жасалған болса, соның 35 пайызы, яғни 23 млрд. доллары Қытай үлесіне тура келеді.

Өзбекстан–АҚШ. Өзбекстан мен Америка Құрама Штаттары арасында мемлекеттераралық байланыстар тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында-ақ жолға қойылды. 1992 жылы ақпанда АҚШ мемлекеттік хатшысы Өзбекстанға ресми сапар шекті және екі мемлекет арасында дипломатиялық байланыстар орнатылды. 1992 жылы наурызда Ташкентте бірінші болып АҚШ-тың елшілігі ашылды. Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың 1996 жылы маусымда АҚШ-та болуы Өзбекстан мен Америка қатынастарын жаңа сатыға көтерді. Ислам Каримов АҚШ Президенті Билл Клинтонмен кездесті. Екі мемлекет арасындағы қатынастарды тереңдету, екі жақ мүддесіне тиісті болған саяси, экономикалық, қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Билл Клинтон АҚШ әкімшілігі Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігі, тұрақтылығы, дамуынан мүдделі екенін, Өзбекстанмен қалың қатынастар орнатуды тілейтінін, Өзбекстанның тезірек дүние қоғамдастығына интеграциялануы жолында көмек беретінін атап өтті.

1996 жылы Өзбекстанның АҚШ-тағы елшілігі ашылды. Өзбекстан мемлекет делегациясының АҚШ-та болуы шет ел қаржысы үшін Республикада жасалған жағдайлар туралы ақпарат жетіспеушілігін жойды.



Есте сақта!

2002 жылы наурызда Өзбекстан Республикасы Тұңғыш Президенті Ислам Каримов бастаған мемлекеттік делегация ресми мемлекеттік сапармен АҚШ-та болды. АҚШ-ты өтпелі кезеңдерде қолдағаны үшін 2002 жылы Ислам Каримовты Америка жұртшылығы “Халықаралық деңгейдегі лидер” сыйлығымен марапаттады.

2002 жылы наурыз айында Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов бастаған мемлекеттік делегация ресми мемлекет сапарымен АҚШ-та болды. АҚШ-ты сынақты кезеңдерде қолдағаны үшін 2002 жылы Ислам Каримовты Америка жұртшылығы «Халықаралық деңгейдегі лидер» сыйлығымен марапаттады.

2017 жылы май айында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев Саудия Арабстан астанасы Ар-Рияд қаласында болған АҚШ және араб-мұсылман мемлекеттері саммитінде қатысты. Саммит шеңберінде Шавкат Мирзияев және АҚШ Президенті Дональд Трамп алғаш рет

кездесті. Дональд Трамп мемлекетіміз басшысымен кездескенде Өзбекстанда жүргізіліп жатқан қайта құрулар үдерісін жоғары бағалады. Сол жылы қыркүйекте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев БҰҰ-ның 72-сессиясына байланысты Америка Құрама Штаттарында болды және ол жерде жасайтын бір топ өзбекстандықтармен кездесті.

Президентіміздің Америка Құрама Штаттарына баруы түрлі тарихи оқиғалар мен кездесулерге орасан бай болды. Президентіміз 19 сентябрь күні БҰҰ-ның Нью-Йорк қаласындағы Бас сарайында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесті. БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясы шеңберінде мемлекетіміз, халқымыз үшін тағы да бір маңызға ие оқиға болып өтті. Біріккен Ұлттар Ұйымы ғимаратында ұлы регистан алаңының макеті орнатылды. 19 сентябрь күні Нью-Йоркте Америка Құрама Штаттары Президенті Дональд Трамп Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 72-сессиясына барған мемлекет және үкімет басшыларының құрметіне ресми қабылдау дәстүрін өткізді. Жиында Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев жұбайымен қатысты. Мемлекетіміз басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары бойынша Жоғары комиссары Зайд Раад әл-Хусейн, Халықаралық валюта қоры жарлық беруші директоры Кристин Лагард, Болгария Республикасы Президенті Румен Рудев, Грузияның Бас министрі Георгий Квирикашвилимен кездесті. Халықаралық валюта қоры жарлық беруші директоры Кристин Лагардтың мемлекетімізде іске асырып жатқан кең аумақты реформалар туралы тоқталып, оларға Өзбекстан ренессансы, жаңа ояну дәуірінің басталуы ретінде баға бергені аса көңіл аударарлық. Өзбекстан Президенті, сондай-ақ, Әлем банкі Президенті Жим Йенг Киммен кездесті. Мемлекетіміз басшысы сапар барысында Америка Құрама Штаттарында жасайтын бір топ отандастарымызбен де кездесіп, шын көңілден әңгімелесті. Президентіміз Шавкат Мирзияев Өзбекстан және АҚШ іскерлік шеңберлері өкілдері қатысуымен қабылдау дәстүрінде қатысты.

Отандастар ғылым-пән, оқу, технология, инвестиция және басқа салаларды дамыту, Өзбекстан және АҚШ мекемелері арасындағы байланыстарды нығайту бойынша өз ой-пікірлерін мәлімдеді. Шавкат Мирзияев оларға үндеу тастай отырып, Өзбекстанда іске асырылып жатқан кең реформаларға тиісті болу, заманалық білім мен

тәжірибелерін мемлекеттің дамуына бағыттауға шақырды. Бүгінгі күнде Өзбекстан мен АҚШ стратегиялық ынтымақтас және серіктес мемлекеттер болып табылады.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Өзбекстан қайсы мемлекеттермен стратегиялық серіктестік туралы келісімшарт жасаған?
2. Өзбекстан–Ресей арасында қандай шарттар жасалған?
3. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің 2017 жылы Ресей, Қытай және АҚШ-тағы сапарларының мәні туралы айт Ресей, Қытай және АҚШ-тағы сапарларының маңызы туралы айтып бер?
4. Ресей және Қытай мемлекет басшыларының Өзбекстанға сапары және Өзбекстан Президенттерінің жоғарыда аттары аталған мемлекеттерге сапары туралы айтып бер.
5. Өзбекстанның стратегиялық серіктестері болып табылатын мемлекеттерді есіңе түсір! Стратегиялық серік ұғымын түсіндір.
6. Төмендегі мемлекеттердің Өзбекстанмен байланыстарына тиісті мәліметтер жина.

Мемлекеттер	Ресей	АҚШ	Қытай
Айы, күні жылы			
Келісімшарттар			

20-тақырып. Өзбекстанның Жапония, Үндістан және Корея Республикасымен екі жақты байланыстарының дамуы

Өзбекстан – Жапония. Өзбекстан өзінің шығыстық бағыттағы сыртқы саясатында Азия құрлығының Жапония, Үндістан және Корея Республикасы сияқты мемлекеттерімен мемлекеттераралық қатынастар және мүдделі ынтымақтастық байланыстарын нығайтуға баса назар аударды.

1992 жылы қаңтарда орнатылған дипломатиялық қатынастар, 1994 жылы мамыр, 2002 жылы шілде және 2011 жылы ақпанда Жапонияда және 2006 жылы тамызда Өзбекстанда болған мемлекет басшылары арасындағы жоғары дәрежедегі кездесулер екі мемлекет арасындағы мүдделі және достық байланыстарға жаңаша мән-мазмұн берді. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам

Каримовтың 2002 жылы Жапонияға сапары шеңберінде Бас министрі Жунитиро Коидзумимен кездесуінде өзара достық, стратегиялық серіктік және ынтымақтастық туралы біріккен мәлімдеме жасалды. Осы мәлімдеме жақтардың қазіргі заман халықаралық қатынастардағы көптеген ділгірліктер бойынша көзқарастары мен қатынастары ұқсастығы, сондай-ақ, олардың екі мемлекет көп қырлы ынтымақтастығын кеңейте түсуге ұмтылуын дәлелдеуші ресми құжат болып қалды. 2004 жылы Токиодағы Сока университеті аумағында ұлы өзбек ойшылы Әлішер Науаиға ескерткіш орнатылды.

Өзбекстан Президентінің 2011 жылы ақпанда Жапонияға жасаған кезектегі ресми сапары барысында жоғары технологиялар саласында маманданған ірі компаниялармен жапон технологиялары және инвестицияларын Өзбекстанның мұнайгаз, химия, энергетика, машина жасау және тоқымашылық өнеркәсібі сияқты тез дамып жатқан салаларына жұмылдыруға қаратылған көптеген бітімдер түзілді.

2015 жылы қазанда Жапония Бас министрі Синдзо Абеннің Өзбекстанға сапары шеңберінде Өзбекстан және Жапония жалпы құны 8,5 млрд. доллардан көбірегін қамтитын құрама жобаларды іске асыруға келісілді.

Өзбекстан – Үндістан. Үндістан Өзбекстанның ірі стратегиялық ынтымақтасы. 1992 жылы наурызда Ташкентте Өзбекстан мен Үндістан арасында дипломатиялық қатынастардың орнатылуы туралы мәлімдеме жасалды. 2016 жылға дейін Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов Үндістанға бес рет сапар шеккен және бірінші ресми сапар 1991 жылдың тамызында іске асырған еді. 1993 жылы мамырда Үндістан Бас министрі Нарасимха Рао мемлекеттік сапармен Өзбекстанда болды. Сапар күндерінде «Өзбекстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасында мемлекеттераралық қатынастар және ынтымақтастық принциптері туралы» келісімшарт және сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, тағы басқа бітімдер жасалды. Өзбекстан Республикасы Тұңғыш Президенті И.Каримовтың 1993 жылғы Үндістанға ресми сапары шағында екі мемлекет арасында экономикалық, сауда және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы көптеген бітімдерге қол қойылды. 2006 жылы Үндістан Бас министрі М.Сингхтың Өзбекстанға ресми сапары, Өзбекстан Республикасы

Президентінің 2011 жылы мамыр айында Үндістанға жасаған мемлекеттік сапары және 2015 жылы маусымда Үндістан Бас министрі Нарендра Модидің Өзбекстанға ресми сапары ынтымақтастық қатынастарын жоғары басқышқа көтере түсті. Өзбекстан және Үндістан арасында өзара мүдделі байланыстарға қызмет ететін 40-қа жуық құжаттар қабылданған, олардың арасында ең маңыздысы – екі мемлекет қатынастарын сапа жағынан жаңа дәрежеге көтеруге қаратылған Стратегиялық серіктестік туралы Біріккен мәлімдемесі. Қазіргі таңда Өзбекстан аумағында Үндістан капиталы қатысуында құрылған 60-тан астам кәсіпорын қызмет жүргізіп жатыр.

Өзбекстан – Корея Республикасы. Өзбекстан Республикасы және Корея Республикасы арасында ынтымақтастық қатынастарының дамуына 1991 жылы желтоқсанда Өзбекстан тәуелсіздігі тән алынған және олардың арасында 1992 жыл қаңтарда дипломатиялық қатынастар



Есінде сақта!

Дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бері өткен дәуір ішінде Өзбекстан Республикасы және Корея Республикасы арасында 12 рет жоғары дәрежедегі кездесулер болды.

орнатылған күнде негіз салынған еді. Бұл тарихи күндер екі мемлекет өзара қатынастарында белсенді саяси пікірлер жүргізу және жан-жақты өзара мүдделі ынтымақтастықтың қалыптасуы үшін жол ашты.

Өзбек-кәріс өзара мүдделі ынтымақтастық қатынастары дамуына Өзбекстан басшысының Корея Республикасына 2012 жылы қыркүйектегі сапары жаңа түрткі болды. Кездесу нәтижелері бойынша, Біріккен мәлімдеме қабылданып, онда екі жақтың көп жақты ынтымақтастық қалпына баға берілді және жан-жақты қатынастардың болашақтағы негізгі бағыттары белгіленді. 2014 жылы маусымда Корея Республикасының Президенті Парк Геунхенің Өзбекстанға ресми сапары шағында екі мемлекет арасында Стратегиялық серіктестікті дамыта түсу және



Есінде сақта!

2017 жылы Корея Республикасында Шавкат Мирзияевтің Өзбекстан Республикасы Президенті лауазымындағы қызметінің бірінші жылы жайында кәріс тілінде “Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев” атты кітап басып шықты.

тереңдету туралы біріккен декларация және қаржы, инвестиция, баламалы энергетика мен мәдениет салаларында өзбек-кәріс ынтымақтастықтығын тереңдете түсу мақсатында бірқатар құжаттар түзілді. Өзбекстанда Корея инвестициясы қатысуымен 400-ден астам кәсіпорын қызмет жүргізіп жатыр.

1992 жылдан бері Ташкентте Корея білім беру орталығы қызмет атқарып жатыр. Өзбекстан мемлекеттік дүние жүзі тілдері университеті және Самарқант мемлекеттік дүние жүзі тілдері институтында Кәріс тілі және мәдениеті орталықтары жұмыс жүргізіп жатыр.


Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев Корея Республикасы Президенті Мун Чие Иннің шақыруы бойынша, 2017 жылы қарашада Корея Республикасына ресми сапармен барды. Бұл Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің Корея Республикасына тарихи бұрылыс жасаушы мемлекет сапары болды. Жоғары дәрежедегі келісулерде өзара ынтымақтастықтың кең аумақты мәселелері, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және басқа салалардағы мемлекеттераралық байланыстарды дамыта түсу болашақтары, аймақтық және халықаралық ділгірліктер бойынша бітімдер жасалды.

Өзбекстанның заманалық сыртқы саясаты белсенді, бастаушы және прагматикалық сыртқы саяси курс жүргізуді, сондай-ақ жүзеге келіп отырған қауіп-қатерлерге дер кезінде және адекваттық жауап шаралары арқылы шешуді талап ететін ХХІ ғасырдың өте қарқындылықпен өзгеріп бара жатқан халықаралық-саяси ақиқаттықтарды ескерген күйде құрылып жатыр. Бұлар Өзбекстанның дүние жүзі қоғамдастығымен тығыз байланыста болғандығынан, жан-жақты мүдделі ынтымақтастықты тереңдете түсіп отырғандығын білдіреді. Халықаралық ынтымақтастықтар шеңберінде қабылданған құжат пен келісімдерді дер кезінде толық орындау мақсатында 40 дана “жол картасы” жасалды және шет елдік ынтымақтастармен бірге іске асырылып жатыр.

Өзбекстанның сыртқы саясатында жаңа индустриалдық дамып жатқан мемлекеттермен жақын қатынастар және ынтымақтастық орнату және дамытуға да үлкен мән берілді. Мұндай мемлекеттер санатына толық мағынада Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерін енгізу мүмкін. Оңтүстік-шығыс Азияның Өзбекстан Республикасы сыртқы саясатындағы

өзіне тән орнының белгіленуі, бұл аймақ он дамыған мемлекетті өз ішіне қамтиды. Олардың ішінде әлеуметтік-экономикалық тұрмыс дәрежесі және даму қарқындары бойынша Индонезия, Малайзия, Сингапур және Таиланд сияқты мемлекеттер ерекшеленіп тұрады. Олардың отарлық бағыныштылықтан құтылған соң жинаған саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар тұрғысындағы тәжірибесі жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін пайдалы болуы мүмкін.

Өткен дәуір ішінде мемлекет және үкімет басшылары арасында болған ресми кездесулер нәтижесінде, өзара түсінісу, достық және ынтымақтастық туралы келісім және бітімдерге қол жеткізіліп, олар мемлекеттераралық қатынастарға мықты іргетас жасады. Бұлардың барлығы Өзбекстан Республикасы және Оңтүстік-шығыстық Азия мемлекеттері арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық сәтті дамуына қызмет етті.



Терминдер түсінігі!

Екі жақты байланыстар – халықаралық қатынастарда екі тәуелсіз субъектінің – екі мемлекет немесе екі халықаралық ұйымның өзара қатынасы. **Индустриалдық даму** – ауыр және жеңіл өнеркәсіп, сондай-ақ, қоғамның экономикалық жетілдірілуінде шешуші ықпал ететін маңызды бағыттардың дамуы.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Өзбекстан және Жапония ынтымақтастық байланыстарының бағыттары нелерден құралады?
2. Азияның жаңа индустриалдық дамыған мемлекеттеріне қайсы мемлекеттер кіреді? Олармен байланыстардың маңыздылығы неде?
3. Өзбекстанның шет мемлекеттермен байланысына тиісті кестені толтыр.

Мемлекеттер	Жапония	Үндістан	Корея
Сапар жылдары			
Нәтижелер			

4. 2017 жылы Корея және Өзбекстан қатынастарында қандай үдерістер бақыланды?
5. Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті алғашқы ресми сапарын қайсы мемлекетке ұйымдастырған еді? Аталмыш мемлекетпен байланыстардың даму болашақтары нелерде көрініс тапты?

IX БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨП ЖАҚТЫ ЫНТЫМАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

21-тақырып. Өзбекстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі қызметі және тыныштықсүйгіш сыртқы саясаты

Өзбекстан және БҰҰ. Өзбекстан Республикасы 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ға қабылданды, мемлекетіміз дүние жүзі қауымдастығының тең құқықты мүшесі болды. Өзбекстанның бұрынғы мемлекет басшысы Ислам Каримов БҰҰ мінбесінде алға қойған ұсыныстар бүкіл дүниеде тыныштықты және тұрақтылықты нығайту, әлеуметтік-экономикалық дамуға көмектесу, ядро қаруы таралуының алдын алу жолында дүние жүзі қауымдастығын біріктіруге ұмтылатын БҰҰ және кең дүние жүзі қоғамқоғамдастығы қызу қолдады. Атап өтсек, 1993 жылы 28 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 48 сессиясында Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Ислам Каримов алғаш рет баяндама жасады. Онда Орталық Азияны ядросыз зона деп жариялау, Арал ділгірлігі бойынша БҰҰ-ның арнаулы комиссиясын түзу сияқты бірқатар маңызды ұсыныстар алға қойылды. 1993 жылы қазанда Ташкентте БҰҰ-ның өкілеттігі жұмысын бастады. Өзбекстанның бастамасымен және БҰҰ басшылығында 1995 жылы қыркүйекте Орталық Азияда қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелеріне арналған Ташкент кеңес-семинары ұйымдастырылды. 1995 жылы 24 қазанда Нью-Йоркте БҰҰ-ның 50 жылдығына байланысты Ислам Каримов сөз сөйлеп, Ауғанстандағы шиеленістің шешу кілті ең алдымен сыртқы күштердің араласуын тоқтату болып табылады, деген ұсынысты енгізді. 2000 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-сессиясы «Мың жылдық саммит»інде Ислам Каримов БҰҰ мінбесінен БҰҰ-ның аймақтық және жаһандасқан ділгірліктерді шешудегі орны мен маңызын арттыру бойынша іс-шаралар бағдарламасы қабылдануы қажеттілігін атап өтіп, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері құрамына Германия



Біріккен Ұлттар Ұйымының
Жалауы.



Антониу Гутерриш
Самарқантта.

мен Жапонияны кіргізуді, жаһандану және аймақтық қауіптерге қатынас білдіруде шұғылдықты асыру үшін Бас Хатшы өкілдігін кеңейту қажеттігін атап өтті. Өзбекстан Президенті бастамасымен 2001 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің терроризмге қарсы күрес бойынша арнаулы комитеті түзілді. 2010 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 65-сессиясындағы Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Ислам Каримов өз сөзінде дүние жүзі мемлекеттері назарын тағы да Орталық Азиядағы күрделі ділгірліктерді шешу жолдарына қаратты. 2002 жылдың қазанында

БҰҰ Бас хатшысы Кофе Ананның, 2010 жылы сәуір айында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның Өзбекстанға сапарлары да мемлекетіміздің халықаралық қауымдастықтағы орны нығайып, абырой беделі артып бара жатқандығының дәлелі болып табылады. 2017 жылы маусымда БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Өзбекстанға келді. Самарқантта ол Президент Шавкат Мирзияевпен кездесті. Гутерриш Ислам Каримов қабірін зиярат етіп, кейін Арал жағалауы аумағындағы жағдаймен танысты.

Өзбекстан БҰҰ-ның көптеген мамандандырылған мекемелері, атап айтқанда, Әлем банкі, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Дүние жүзі сауда ұйымы (ДСҰ), БҰҰ-ның Еуропа бойынша экономикалық комиссиясы (ЕЭК), БҰҰ сауда және даму бойынша конференциясы тобы сияқтылармен кең аумақты ынтымақтастық байланыстарын жолға қойды. Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасы БҰҰ шеңберіндегі маманданған мекемелер – Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық



Есінде сақта!

Ислам Каримовтың БҰҰ Бас Ассамблеясындағы тұңғыш баяндамасы 1993 жылы қыркүйекте, 48-сессияда болған болса, Шавкат Мирзияевтің тұңғыш баяндамасы 2017 жылы қыркүйекте, 72-сессияда болды.

еңбек ұйымы, Халықаралық балалар қоры (YUNISEF), Халықаралық Олимпия комитеті, Халықаралық автомобильшілер одағы және басқа ұйымдардың да мүшесі болып есептеледі.

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев 2017 жылы 19 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 72-сессиясында сөз сөйледі. Онда бірқатар мәселелер, атап айтқанда, БҰҰ-ның Жастар құқықтары туралы халықаралық конвенциясын жасау және Бас Ассамблеяның «Ағарту және діни кеңпейілділік» деп аталған арнаулы резолюциясын қабылдау, Орталық Азияда су қорларынан тиімді пайдалану, Арал теңізінің құрғау ділгірлігі, көрші мемлекеттермен жақсы көршілік қатынастарын нығайту мәселелері, Ауғанстанда тыныштыққа қол жеткізудің ағарту жолдары мәселелеріне ерекше тоқталды.

Өзбекстан және ЮНЕСКО. Өзбекстанның БҰҰ демеуіндегі білім беру, ғылым және мәдениетпен айналысатын халықаралық ұйым – ЮНЕСКО мен байланыстары барған сайын нығайып барады. 1993 жылы 29 қазанда ЮНЕСКО-ның Париждегі ордасында Өзбекстанды ЮНЕСКО-ға мүшелікке қабылдау рәсімі болды. Сол күні Мырза Ұлықбектің туғанына 600 жылдығын атап өту ЮНЕСКО бағдарламасына енгізілді. 1994 жылы қазанда Парижде Мырза Ұлықбек апталығы



Ш.Мирзияев БҰҰ мінбесінен Арал теңізі картасын көрсетіп тұр.



ЮНЕСКО жалауы.



Есінде сақта!

2017 жылы Өзбекстан Президенті Ш.Мирзияев халықаралық ынтымақтастық шеңберінде 21 жоғары дәрежедегі сапар, 60 мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен кездесуі, 400-тан астам келісім және 60 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі келісімдерге қол жеткізді.

салтанатты өтті. Хиуа және Бұхара ЮНЕСКО-ның дүние жүзі мәдени құндылықтар тізіміне енгізілді. Бұл тізімде Өзбекстаннан 411 объект бар. ЮНЕСКО қаулысы бойынша Самарқантта Орталық Азия зерттеулері халықаралық институты ұйымдастырылды. ЮНЕСКО Бас директоры Федерико Майордың Өзбекстандағы ресми сапары шағында, 1995 жылы шілде айында сол институт ашылды. ЮНЕСКО ұлы бабамыз Әмір Темір туғанына 660 жылдығын халықаралық деңгейде атап өту туралы қаулы қабылдап, 1996 жылы қазанда Парижде Әмір Темірге арналған бір апталық халықаралық жиын болды. Әмір Темір туылған Шахрисабз қаласы ЮНЕСКО-ның мәдени құндылықтар тізіміне енгізілді. 1997 жылы дүние жүзі мәдениетінің асылдарынан болып есептелген Бұхара мен Хиуа қалаларының 2500 жылдық құтты күндері Парижде кең атап өтілді, халықаралық жиын және көрмелер өткізілді. Кейінгі жылдарда бұл ынтымақтастық шеңбері кеңейе түсті. Атап өтсек, ЮНЕСКО халқымыздың Шашмақом, Катта Ашула, Наурыз сияқты көптеген мың жылдық құндылықтарын сақтап қалу және насихаттауда кең көлемді жұмыс атқарып келеді.

Ауғанстанда тыныштық және тұрақтылық орнату мәселесі. 1997 жылы Президент Ислам Каримов Ауғанстанмен көрші алты мемлекет – Иран, Қытай, Пәкістан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, сондай-ақ, АҚШ пен Ресей мемлекеттерінің қатысуымен БҰҰ жетекшілігінде ауған ділгірлігін келісімдер жолымен шешуге бағытталған «6+2» пікірлесу тобын түзу бастамасымен шықты. Сол бастаманы амалға асыру үшін көптеген саяси-дипломатиялық іс-шаралар жасалды.

Мұны оқы!

“Ауғанстан мәселесі жаһандану деңгейдегі мәселелер орталығында болуы тиіс. Халықаралық қауымдастықтың іс-әрекеттері, бірінші кезекте, Ауғанстандағы өткір әлеуметтік-экономикалық ділгірліктерді шешуге бағытталуы керек. Белгілі, Ауғанстанда тыныштыққа жетудің бірегей жолы – Орталық үкімет пен мемлекет ішіндегі негізгі саяси күштер арасында алдыннан ешқандай шарт қоймай, тікелей пікір жүргізу. Келісімдер ауғанстандықтардың өздері шешуші орын алатын жағдайда, Ауғанстан аумағында және БҰҰ қолдауында өтуі қажет. Данышпан ауған халқы өз тағдырын өзі шешуге ақысы бар”.

Ш.Мирзияевтің БҰҰ Бас Ассамблеясы 72-сессиясындағы сөзінен.

Өзбекстан, АҚШ және Ауғанстанда сол мемлекетте жалғасып жатқан қарулы қақтығыстардың қатысушыларымен арнаулы келісімдер жүргізілді және 1999 жылы Өзбекстанда БҰҰ жетекшілігінде «6+2» пікірлесу тобының Ауғанстан ділгірлігі шешіміне арналған халықаралық жиыны өткізілді. Ташкент қаласында болған сол шарада бірінші рет Ауғанстанда өзара қарсыласып жатқан күштер әкілдерін жалпы келісімдер ортасына жинаудың сәті түсті. Бұл өзбек дипломатиясының маңызды жетістіктерінің бірі еді.

Ең маңыздысы, Өзбекстан өзінің ұсыныс пен идеяларын амалдағы істерімен нығайта түсті. Атап айтқанда, мемлекетіміз Ауғанстанда автомобиль және темір жолдар, көпірлер құрылысында белсенді қатысты. Ауғанстан тарихында ең бірінші темір жолды сол Өзбекстан «Терміз – Хайратон – Мазари Шариф» бағытында құрып бітірді де 2010 жылы іске қосылды. Көрші мемлекет астанасы – Қабул қаласын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ете бастаған мемлекеттерден бірі де осы Өзбекстан болды.

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің шақыруы бойынша Ауғанстан Ислам Республикасы Президенті Мухаммад Ашраф Ғани 2017 жылы 4 желтоқсан күні ресми сапармен мемлекетімізге келді. Мемлекеттер арасында түрлі салалардағы ынтымақтастық нығая түсуге қаратылған 16 құжатқа қол қойылды.



Есінде сақта!

Өзбекстан және Ауғанстан арасында дипломатиялық байланыстар 1992 жылы 13 қазанда орнатылған. Екі жақты ынтымақтастық 2016 жылы бірізділікпен дами бастады. 2017 жылы қаңтарда Өзбекстан Республикасы Президентінің Ауғанстан бойынша арнаулы өкілі тағайындалғаны мемлекетіміздің екі жақты қатынастарында ерекше маңызды болды.

Экологиялық ділгірліктер. Трансшекаралық өзендер. 1990 жылдардан бастап Арал апатын бастан кешіріп жатқан барлық мемлекеттер БҰҰ, сондай-ақ басқа халықаралық және аймақтық халықаралық және аймақтық ұйым мінбелерінен дүние жүзі қоғамдастығының назарын сол ділгірлікке, оны аймақтық және жаһандасқан қауіпсіздікпен тығыз байланысты екендігіне аударып отыр. Арал қайғысы және оны жою


шараларын іздеу Өзбекстан сыртқы саясатының негізгі бағыттарынан бірі болып табылады. Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов 1993 жыл қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 48-сессиясында және 1995 жылы қазандағы 50-сессияларында сөйлеген сөздерінде дүние жүзі қауымдастығын Орталық Азия аймағындағы экологиялық апат болған Арал және Арал жағалауын құтқаруда көмек беруге шақырды. Сол жаһандану ділгірлікті БҰҰ қолдауында халықаралық қаржылық түзілістер, дамыған мемлекеттер көмегінсіз амалға асыру мүмкін еместігіне БҰҰ-ның назарын аударды. 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан қатысуымен Аралды құтқару халықаралық қоры (АҚХҚ) ұйымдастырылды. 2010 жылы «Орта Азияның трансшекаралық экологиялық ділгірліктері: оларды шешуде халықаралық құқық механизмдерін қолдану» тақырыбында өткізілген халықаралық конференцияда Ислам Каримов трансшекаралық өзендер және олардан пайдалануда әділдік қағидасын сақтау керектігі, кері жағдайда аймақтың эко әлеміне үлкен апаттарды туғызуы мүмкіндігі жайында тағы бір рет бұқараға мәлімдеді.

2013 жылы Арал жағасы үшін Әмудария дельтасындағы кіші су қоймаларын ұйымдастыру, тұзсыздандыратын құрылғыға ие су шығару құрылымдарын құру, қорғаушы ормандар орнату сияқты жоба мен шараларды қаржыландыруға қаражаттар бөлу жоспары бекітілген. 2013 жылы Өзбекстан Республикасы және АҚХҚ-ның сол кездегі Президенті И.А.Каримов бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 68-сессиясының ресми құжаты ретінде «Аралдың құрғауының салдардарына тойтарыс беру және Арал жағалауы экожүйесі апатының алдын алу шаралары Бағдарламасы» алға қойылды.

Жаһандасқан деңгейде және аймағымызда экологиялық жағдайдың нашарлауы және тұщы су жетіспеушілігі жағдайында Орталық Азияда су қорларынан тиімді пайдалануды қамсыздандыру көкейтесті мәселе болып келе жатыр. Белгілі, Орталық Азияның екі негізгі трансшекаралық өзендері – Әмудария және Сырдария тарихтан аймақ халықтарының ортақ байлығы және тіршілік көзі болып келген. Сол өзендердің құйылуы есебіне Арал теңізі су алабы сумен қамсызданған. Соларды есепке алып, Өзбекстан Республикасы Тәжікстан және Қырғызстан Республикалары жағынан дүние жүзі деңгейінде ірі үлгідегі бөгендер, Әмудария

жоғары бөлігінде биіктігі 350 метрді құрайтын Роғун және Сырдария жоғары бөлігінде Қамбарата ГЭС-терін құру бойынша жүргізіп жатқан әрекеттеріне немқұрайды қарап тұра алмады. Өзбекстан Әмудария мен Сырдарияның табиғи ағысына, қоршаған-ортаға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне қалай әсер етуі мүмкіндігін анықтау үшін БҰҰ қолдауымен бөлек халықаралық тексеруден өткізілуі керек, деп есептеді.

Тәжікстан мен Өзбекстан арасындағы екі жақты қатынастар трансшекаралық өзендерді басқару саласындағы ынтымақтастықтың жоқтығынан әлі де күрделі болып отыр. Өзбекстан И. Каримов Президенттік дәуірінде Роғун ГЭС-тің құрылысына қатты қарсы шыққан. Мемлекет сол ГЭС-тің құрылысымен өзендер суы кемейіп кетуін мәлімдеген, сондай-ақ, ГЭС бөгені бұзылатын болса, экологиялық апат қаупімен ескертілген. Шавкат Мирзияев Президент лауазымына кіріскен соң, Өзбекстанның Роғунға қатысты позициясы біраз өзгерді. 2017 жылы жазда Өзбекстан Роғун ГЭС-құрылысына қарсы еместігі, тек бұл үдерісте Өзбекстан ұлттық мүдделері де есепке алынуы тиістілігін мәлімдеді.



Терминдер түсінігі:

Трансшекаралық – шекараларалық, бірнеше мемлекет аумағынан өтуші. Өзендер мен жолдарға қарағанда қолданылады.

Шафе – (жағын жақтаушы, демеуші; делдалшы) біреуге болысушы, демеулік жасаушы; демеуші.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. Арал ділгірлігін жою бойынша қандай шаралар іске асырылды?
2. Өзбекстан БҰҰ-ға мүше болуының маңыздары туралы айт.
3. Орталық Азия картасынан трансшекаралық өзендерді тап және шолу жаса.
4. Алдыңғы сабақтарда алған білімдеріңе сүйеніп, ЮНЕСКО демеулігімен мерейтойы атап өтілген қалаларды санап бер.

22-тақырып. Өзбекстанның аймақтық ұйымдар шеңберінде көпжақты ынтымақтастығы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. Өзбекстан сыртқы саясатының назарында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі мемлекеттермен өзара тең мүдделі байланыстарды нығайту болды. Өйткені кеңес дәуірінде үстемдік еткен басқарудың орталықтандырған әкімшілдік-әміршілдік тәсілі, үстемдік саясаты бұрынғы одақ құрамына енген мемлекеттерді экономикалық жағынан бір-біріне байланыстырып қойғаны соншалық, нәтижеде олар өзара бағыныштылық тереңіне түсіп қалған еді. Сондықтан бұрынғы одақ құрамынан бөлініп шыққан жас тәуелсіз мемлекеттер мұны терең сезінетін де болып тұрған қиыншылықтар мен экономикалық дағдарыстан шығудың, үстемдік саясат ықпалынан құтылудың бірегей жолы – бір жағадан бас шығарып, әрекет ету еді. Сол тұрғыдан Өзбекстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы идеясын қолдады.

1991 жылы 8 желтоқсанда Белорус, Ресей және Украина басшылары Минскіде бас қосып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына негіз салды. 1991 жылы 21 желтоқсанда Әзербайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдовия, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Украина мемлекеттері басшылары Алматыда кездесіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше болды. Сол түрде ХХ ғасырдың маңызды оқиғалардан бірі – ТМД ерікті экономикалық бірлестік жүзеге келді. Содан бері ТМД-ның бірнеше жиындары өткізілді, көп құжаттар қабылданды. Олардың бәрі ұзақ жылдар бір мемлекет болып келген мемлекеттераралық экономикалық, мәдени, әскери және басқа байланыстарды жаңа жағдайларда – Тәуелсіз Мемлекеттераралық қатынастар сипатында жалғастыруға бағытталды.

1993 жылы қаңтарда Минскіде ТМД Мемлекеттері басшыларының кезектегі Кеңесінде ТМД-ның Ережесі қабылданды. 1993 жылы желтоқсанда Ашхабад қаласында ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі болып, онда Грузия ТМД-ға мүше етіп қабылданды. Соған байланысты ТМД-ның құрамы 12 мемлекетке жетті. 1994 жылы қазанда Мәскеуде өткізілген ТМД мемлекет басшыларының Кеңесінде Мемлекеттераралық экономикалық комитет (МЭК) түзілді. МЭК-тің штаб-пәтері Мәскеу қаласы деп белгіленді. 1996 жылы ТМД-ның жалауы қабылданды. ТМД-ның төрағасы лауазымы кезекпен бір

мемлекет басшысынан кейінгі мемлекет басшысына өтеді. ТМД-ның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін Достастық мемлекеттері өзара қатынастарында мемлекет суверенитетін өзара тән алу және құрмет ету, тең құқықтылық пен бір-бірлерінің ішкі істеріне араласпау, экономикалық күш немесе басқа қысым тәсілдерін қолданудан бас тарту сияқты ережелерді сақтау міндеттерін алған. 2004 жылы қыркүйек айында Қазақстан астанасы Астанада болған ТМД-ның саммитінде терроризмге қарсы күрес бойынша ТМД-ның «Қауіпсіздік Кеңесін» түзуге қаулы етті. 2005 жылы тамызда Түрікменстан ТМД-ның ресми мүшесі дәрежесінен шығып, Достастықтың ұйымдастырушылық мүшесі – бақылаушы мәртебесін алады. 2008 жылы тамыз айында Грузия Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығынан шығу туралы тілегін білдірді және 2009 жылы тамыз айынан Грузияның ТМД-ға мүшелік мәртебесін тоқтату туралы қаулы қабылданды. Бүгінгі күнде ТМД-ның құрамына 10 мүше мемлекет: Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Армения, Молдавия және бір бақылаушы Түрікменстан кіреді.



Есінде сақта!

Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримов тәуелсіздіктің бастапқы кездерінен-ақ, өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, тәжік, түрікмен және аймақта жасайтын барлық халықтар арасындағы сол ежелгі байланыстарды жаңа жағдайда нығайтуды көздеп, “Түркістан – ортақ үйіміз” деген идеяны алға қойған еді.

Халықаралық қаржылық ұйымдармен қатынас. Халықаралық қаржылық институттармен ынтымақтастық байланыстардың кеңеюі кез келген мемлекеттің экономикалық дамуының негізі болып есептеледі. Өзбекстан дамудың жаңа дәуірін бастаған бүгінгі жағдайда халықаралық қаржылық ұйымдармен ынтымақтастық байланыстарын тереңдете түсіп және жаңа сатыларға көтеру бастамасымен шығып отыр. Тыныштық және тұрақтылық толық кепілденген, үлкен өндіріс қабілетіне, шексіз жер асты мен жер үсті байлықтарына ие болған Өзбекстан секілді мемлекеттермен халықаралық қаржылық мекемелердің ынтымақтастығы екі жақ үшін де мүдделі екендігі баршаға аян. Өзбекстан бай шикізат базасы мен үлкен жер асты байлықтары қорына ие. Ең маңыздысы, жоғары интеллектуалдық қабілетке, орнату-шылық пен жасампаздыққа ие

болған кеңпейілді халқы игілік пен жақсылық, адам тіршілігінің игілікті болашағы жолында жалпыадамзаттық мүдделерге сай келетін тұрмыс салтын құруға қабілетті. Сондықтан да, Өзбекстан басшысы Әлем банкі, Халықаралық валюта қоры және басқа беделді қаржылық мекемелермен тікелей пікірлесуді және өзара мүдделі ынтымақтастықты ретке салу іс-шараларын қарастырып отыр.



ШЫҰ елтаңбасы.

Өзбекстанның Шанхай Ынтымақтастық Ұйымымен байланыстары.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы – субаймақтық халықаралық ұйым, ол ЕуроАзия аумағының 61%-ын игереді. ШЫҰ-ның ресми тілі орыс және қытай тілдері, ал рәмізі ақ жалау, оның ортасында ұйымның елтаңбасы қойылған. Ұйымның штаб-пәтері Пекинде орналасқан. 1996 жылы Шанхайда Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекет басшыларының саммитінде шекара аумақтары бойынша әскери салада өзара сенімді нығайтумен

байланысты келісім (1996 жылы 26 сәуір) жасалуы нәтижесінде «Шанхай бестігі» пайда болған еді. 1997–1999 жылдары Мәскеу, Алматы, Бишкекте болған саммиттерде «Шанхай бестігі»нің жағдайы нығая түсіп, өзара сенім мен ынтымақтастық қатынастары жаңа басқышқа көтерілді. 2000 жыл Душанбеде Өзбекстан Республикасы бірінші рет бақылаушы ретінде қатысты. 2001 жылы Қытайда кезектегі Шанхай саммиті болды. Онда Өзбекстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ислам Каримов қатысып, Өзбекстанның «Шанхай форумы»на толық құқықты мүше болуы туралы» Мәлімдемеге қол қойды. Өзбекстанның «Шанхай форумы»на кіруіне байланысты оның аты «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы – ШЫҰ», деп өзгертірілді. Саммит нәтижесінде «ШЫҰ-ды түзу туралы» декларация және «Терроршылық, айырушылық және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы» жасалды. 2002 жылы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезектегі Санкт-Петербург саммитінде үш құжат: ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының декларациясы, ШЫҰ Хартиясы (ескі құжаттары), ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасында Аймақтық антитеррор түзілімі (ААТТ) туралы Бітім жасалған. 2003 жылы Мәскеуде болған саммитте ШЫҰ

ШЫҰ-ның жоғары мекемелері:

- «Мемлекет басшылары Кеңесі»;
- «Үкімет басшылары Кеңесі (Бас министрлер)»;
- «Сыртқы істер министрлер Кеңесі» (2002 жылы бірінші жиналысы болған
- «Ұлттық үйлестірушілер Кеңесі»;
- «Министрлер және (немесе) кеңселер басшылары Жиналысы» (2000 жылы бірінші кездесуі іске асырылған);
- 2002 жылы түзілген «Аймақтық Антитеррор түзілімі (ААТТ)»;
- 2004 жыл қаңтар айынан жұмыс бастаған Хатшылық және басқалар.



ШЫҰ картасы.



Есінде сақта!

2007 жылы 1 қаңтардан ШЫҰ-ның бас хатшысы лауазымы енгізілді және бұл лауазымды Қазақстан Республикасы өкілі Болат Нұрғалиев иеледі. Бұл лауазымда 2016 жылдан Тәжікстан өкілі Рашид Алимов қызмет атқарып келеді.



ШЫҰ-ға мүше мемлекет басшылары. 2017 жыл.

жоғары мекемелері жайлы Ере-желер бекітілді және ұйымның елтаңбасы, жалауы қабылданды. 2003 жылы ШЫҰ-ның Пекин саммитінде «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің 20 жылға болжамданған сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдар-ламасы» қабылданды. 2004 жылы ШЫҰ-ның Ташкент саммитінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. 2005 жылы мемлекет басшылары кеңесіп, үш Азия мемлекетіне бақылаушы мәртебесі берілуі туралы қаулы қабылданды – Үндістан, Иран және Пәкістан. Ұйым географиялық жағынан кеңейді және бұл ШЫҰ-ның халықаралық беделін көтере түсті. Бұдан тыс, Ауғанстан мен Моңғолия мемлекеттері де бақылаушы мәртебесіне ие болып, Түркия пікірлесу бойынша серіктестікке айналды.

Ұйымның 2016 жылғы Ташкент саммитінде Үндістан және Пәкістанның ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін алу жолындағы міндеттері жөніндегі меморандумдар жасалды да 2017 жылы Астанадағы саммит-те Үндістан мен Пәкістан ұйымға мүше ретінде қабылданды.

2017 жылдың маусым айында ұйымға мүше мемлекет басшыларының Астанада болған саммитінде Өзбекстан Президенті Ш.Мирзияев сөз сөйлеп, онда саммит қатысушыларының назарын Ауғанстандағы жағдай-ды жақсарту, жастарды әр түрлі жат идеялардан сақтау, олардың зама-налық тәлім-тәрбие алуы, жетілген адам болып кәметке жетуін мемлекеттераралық ынтымақтастыққа қаратты. Реті бойынша, Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық Қытай Халық Республикасына өтті.



Сұрақ және тапсырмалар:

1. ТМД-ның мақсаттары және Өзбекстан үшін маңызды жақтарын айтып бер.
2. Қосымша әдебиеттер негізінде ТМД жалауындағы рәмізді түсіндір.
3. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының мақсат пен міндеттерін атап бер.
4. «ШЫҰ картасы» суретіне қарап, жасыл, қызғыш және күлрең түсте берілген мемлекеттер атын айт. Реңдердің мазмұнын түсіндір.
5. ШЫҰ-да Өзбекстанның қатысуын хронологиялық тәртіпте түсіндір.
6. ШЫҰ-дағы мекемелер және түзілістерді сана. Олардың қызметі мен өкілдігі нелерден құралған?

МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ3

I БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

1-тақырып. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің қолға енгізілуі 5
2-тақырып. Өзбекстан Республикасы ұлттық мемлекетшілігінің қалыптасуы
және дамуы 11

II БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

3-тақырып. Азаматтық қоғамы идеясының даму тарихы 22
4-тақырып. Өзбекстанда азаматтық қоғам дамуының негізгі
басқыштары және алдағы қызметі 30

III БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

5-тақырып. Өзбек моделінің жасалуы. Экономикалық реформалардың басталуы ..35
6-тақырып. Мемлекет өндіру қабілетінің арттырылуы және дүние жүзі
экономикалық жүйесіне интеграциялануы.....46
7-тақырып. Әлеуметтік саясат және оның іске асырылу басқыштары 52

IV БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯЛАРАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

8-тақырып. Өзбекстанда ұлтаралық қатынастар және кеңпейілділік 60
9-тақырып. Өзбекстанда конфессиялараралық қатынастар 65

V БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ

10-тақырып. Жалпы орта арнаулы білім беру жүйесі 71
11-тақырып. Жоғары білім беру және одан кейінгі білімнің жетілдірілуі 75

VI БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҒЫЛЫМ-ПӘН ЖӘНЕ СПОРТТЫҢ ДАМУЫ

12-тақырып. Өзбекстанда ғылым-пән	81
13-тақырып. Өзбекстан Республикасында дене тәрбиесі мен спорттың дамуы	85
14-тақырып. Өзбекстанда жастар саясаты	90

VII БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ӨЗБЕКСТАНДА РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨРКЕНДЕУ

15-тақырып. Өзбекстанда рухани және тарихи мұраның қалыптасуы	95
16-тақырып. Өзбекстанда мәдениет және өнер	102

VIII БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕКІ ЖАҚТАМА ҚАТЫНАСТАРЫ

17-тақырып. Өзбекстан Республикасы Сыртқы саяси қызметінің қалыптасуы және оның негізгі бағыттары	109
18-тақырып. Өзбекстанның Орталық Азия мемлекеттерімен өзара ынтымақтастығы	113
19-тақырып. Өзбекстан Республикасының Ресей, Қытай және АҚШ-пен өзара қатынастары	120
20-тақырып. Өзбекстанның Жапония, Үндістанмен және Корея Республикасы екі жақты байланыстарының дамуы	124

IX БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨП ЖАҚТЫ ЫНТЫМАСТЫҚ БАЙЛАПНЫСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

21-тақырып. Өзбекстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі қызметі және тыныштықсүйгіш сыртқы саясаты	129
22-тақырып. Өзбекстанның аймақтық ұйымдар шеңберінде көпжақты ынтымақтастығы	136

Narzulla Jo‘rayev, Akbar Zamonov

O‘zbekiston tarixi

(Mustaqillik davri)

*O‘rta ta‘lim muassasalarining 11-sinfi va o‘rta maxsus,
kasb-hunar ta‘limi muassasalarining o‘quvchilari uchun darsl*

(Qozoq tilida)

1-nashri

G‘afur G‘ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi
Toshkent – 2018

Аудармашы *Қарлығаш Мамбетова*
Редактор *Ғалымжан Рахимбаев*
Көркемдеуші редактор *Шухрат Мирфаязов*
Техникалық редактор *Дилмурад Жалилов*
Компьютерде беттеген *Хилола Шарипова*

Баспа лицензия нөмірі АІ № 290. 04.11.2016
2018 жыл 04 августда басуға рұқсат етілді. Пішімі 70x90 ¹/₁₆.
Timesn New Roman гарнитурасы. Офсеттік баспа әдісінде басылды.
10,53 шартты баспа табағы. 9,7 баспа табағы.
Тиражы 5190 дана. 18-286 нөмірлі тапсырыс

Оригинал-макет Өзбекстан Баспа және ақпарат агенттігінің
Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйінде даярланды.
100128. Ташкент. Лабзак, 86.
Телефондар: (371) 241-25-24, 241-48-62, 241-83-29
Факс: (371) 241-82-69
www.gglit.uz, info@gglit.uz

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O‘zbekiston» атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30-үй.

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояптасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.